

378:39(574) (075)

Б 74

**БӨЛЕЕВ ҚАЛДЫБЕК,  
БӨЛЕЕВА ЛӘЗЗАТ**

**МУҒАЛИМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ**

(075)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ  
ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТИ

Қ. БӨЛЕЕВ, Л.Қ. БӨЛЕЕВА

# МҰҒАЛІМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

АЛМАТЫ 2000  
“НҰРЛЫ ӘЛЕМ”

БӨЛЕЕВ К., БӨЛЕЕВА Л. Қ.

Б 78 Мұғалім және ұлттық тәрбие: Оқу құралы.  
– Алматы: Нұрлы өлем, 2000. – 116 бет.

Оқу құралында жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдерін этнопедагогикалық дайындаудың мазмұны, формалары мен әдістері қарастырылады. Этнопедагогикалық дайындықтан өткен мұғалімдердің оқушыларға ұлттық тәрбие беру бойынша озық іс-тәжірибелері жинақталып, оларды пайдалану жолдары ұсынылады.

Оқу құралы мектеп мұғалімдеріне, жоғары педагогтік оқу орындарының оқытушыларына және студенттеріне арналған.

Пікір жазғандар: педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор К. Жарықбаев,  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор О. Сәлімбаев

Баспаға М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің педагогика факультетінің Кеңесі ұсынған.

ББК 74.26

Б 4306010000  
443(05)-00

ISBN 9965-403-55-4

© Бөлесев К., Бөлесева Л.Қ., 2000

## КІРІСПЕ

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың “Қазақстан – 2030” халыққа Жолдауының “Қазақстан мұраты” бөлімінде былай баяндалған: “Ол ұрпақ тәрбиесінде дана болады: оның саулығына, біліміне және дүниеге көзқарасына қамқорлық жасайды ... Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар ... күллі өлемге әйгілі, өрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады”.

Бұл міндеттер Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңында “Білім беру жүйесінің міндеттері: азаматтық пен елжандылықты, өз Отаны – Қазақ Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен республиканың басқа халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру”, - деп айрықша атап көрсетілген.

Егер Президенттің халыққа Жолдауын ұлттық білім берудің және ұлттық тәрбиені дамытудың перспективасы десек, онда “Білім туралы” заңда білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсібін шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау екендігі шығады. Ондай жағдайлар жасаудың ең бастысы жалпы білім беретін қазақ ұлттық мектебін жасау. Ондай мектептің қажеттігі – қазір елімізде орын алып отырған иммунопсихологиялық проблемалар: тастанды жетім балалар, “қиын” балалар, ана тілін, тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрлерін білмейтін жастар, қарттар үйлерінде жылап отырған әжелер мен аталар, ішкілік пен нашақорлыққа салынған жастар, қылмыстың қаулауы, төртінсіз жастар, жұмыссыздық, табиғат жағдайларының нашарлауы, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың ең басты жолы екендігі, сол мектептерде ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, иманжүзді, сұлу да сымбатты, ұлтжанды болып өсетіндігінде. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағының негізі.

Қазақстанда Кеңестік дәуірде қазақ ұлттық мектептері болған жоқ, мектептер қазақ орта мектебі деп аталғанымен ондағы оқу-тәрбие жұмысының бағдарламалары, оқу құралдары, әдістемелік

## ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУГЕ ДАЯРЛЫҒЫНЫҢ ЖАЙЫ

нұсқаулар ұлттық тәрбиенің ерекшеліктерімен санаспаған орыс тіліндегі аудармасы арқылы жүзеге асырылды. Ал педагогтік жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдер ұлттық тәрбие беруге дайындалмады, оларды коммунистік тәрбие беруге даярлады. Міне содан келіп қазіргі мектеп мұғалімдері ұлттық тәрбиенің әдіснамалық, теориялық және практикалық мәселелерімен қаруланбады. Сондықтан қазақ мектептерінде оқушыларға ұлттық тәрбие беру жайы өте төменгі деңгейде.

Қазақстан Республикасының Білім Министрлігінің “Төлім-тәрбие тұжырымдамасында”: “Үздіксіз тәрбиенің негізі – ұлттық төлім-тәрбие, ал оны жүзеге асыру үшін педагог кадрларды облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында ұлттық төлім-тәрбие курстарынан жүйелі өткізу керек”, - екені ерекше атап көрсетілген.

Жалпы білім беретін қазақ мектептерінің мұғалімдерін ұлттық тәрбиеге дайындауда басты орынды “Қазақ этнопедагогикасы” ғылымдары алады. Өйткені олар жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізі.

“Қазақ этнопедагогикасы” педагогика ғылымының саласы ретінде өз статусын алды. Оның құрылымы мен мазмұнын жасауға қазақ ағартушы-педагогтары: А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов және ғалым-педагогтары: Т. Тәжібаев, М. Ғабдуллин, Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, С. Ұзақбаева, М. Балтабаев, А. Көбесов, К. Құнантаева, К. Әмірғазин, К. Ералин, З. Әбілова, Ә. Табылдиев, Е. Сағындықов, Қ. Бөлеев, К. Қожахметова, А. Ильясова, Ә. Озғанбай, Ж. Наурызбай, М. Төнікеев, т. б. өз зерттеулерімен үлкен үлестерін қосты. Сондай-ақ соңғы мәліметтер бойынша қазақ этнопедагогикасынан 107 диссертация, оның 12 докторлық, 95 кандидаттық диссертациялар қорғалды; 8 монография, 7 оқу құралы, 90-нан аса оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқаулар, 1000-нан аса мақалалар жарық көрді.

Қорғалған диссертациялардың тақырыптары қоғамдық практиканың қажеттігін қамтамасыз етуге бағытталған көкейкесті проблемаларды қамтиды. Олар республиканың үздіксіз білім беру жүйесінің барлық тармақтарына қатысты: отбасы, мектепке дейінгі мекемелер, мектептер, орта арнаулы және жоғары оқу орындары. Ал мамандықты арттыру жүйесіне қатысты бірде-бір зерттеу жоқ, оның ішінде мұғалімдердің ұлттық төлім-тәрбиеге дайындау проблемасы жалпы зерттелмеген.

Сонымен, мемлекеттің, қоғамның қазақ ұлттық мектебіне мұқтаждығы, қазіргі қазақ мектептеріндегі ұлттық төлім-тәрбиенің жайы және оған мұғалімдердің даярлығы арасында қарама-қайшылық айқын көрінуде. Сондықтан, жалпы білім беретін қазақ мектептерінің мұғалімдерін этнопедагогикалық дайындаудың мазмұнын, формалары мен әдістерін айқындау үшін оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу қажеттігі ерекше туындап отыр.

### 1.1 Қазақтың ұлттық мектебін жасау қажеттігі және оқушыларға ұлттық тәрбие берудің жайы


Ұлттық тәрбие ұлттық мектептерде жүзеге асырылатыны дүниежүзілік алдыңғы қатарлы елдерде дәлелденген. Ал қазақтың ұлттық мектебі қандай болу керек, оның белгілері мен оған қойылатын талаптар нақты анықталмаған, олар зерттеуді қажет ететін арнайы проблема.

“Қазақтың ұлттық мектебі қандай болу керек, онда ұлттық тәрбие қалай жүргізілу керек?” - деген проблемаларға нақты жауапты қазақ халқының ұлы ағартушы-педагогтары А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов еңбектерінен табуға болады. Олар мұғалімдерге арнап психологиядан, педагогикадан және әдістемеден бірнеше төлтума оқулықтар мен оқу құралдарын жазды: А. Байтұрсынов ұлттық өліпше “Оқу құралы”, “Тіл құралы”, “Әдебиет танытқыш”; М. Жұмабаев “Педагогика”, “Бастауыш кластары ана тілі”, “Бастауыш мектепте ана тілін оқыту”, “Өліпше”, “Сауатты бол”; Х. Досмұхамедов “Қазақ халық әдебиеті”, “Тән жүйесін тану”, “Аламан”, “Адамның тән тірлігі”, “Сүйектілер туралы”, “Жануарлар”; Ж. Аймауытов “Психология”, “Жантану және өнер таңдау”, “Тәрбиеге жетекші”, “Комплексті оқыту жолдары” және көптеген мақалалар.

Осы еңбектерде қазақтың ұлттық мектебінің мақсаты, міндеттері, ұлттық мектепте білім беру мазмұны, ұлттық тәрбиенің нәтижесі, мұғалімге қойылатын талаптар анықталған. Мысалы, М. Дулатов қазақ ұлттық мектебінің мақсаты: “...жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру” [15], Ж. Аймауытов: “Тәрбиенің негізгі мақсаты мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу” [5], қазақтың ұлттық мектебінің міндеттерін М. Дулатов: “... балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухын сіңіріп, ана тілін үйретіп шығару” [15], қазақтың ұлттық мектебінде білім беру мазмұнын А. Байтұрсынов: “Оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыс” [13], Ж. Аймауытов “Әдебиетті, тарихты және географияны біріктіріп, яғни интеграциялап, “Біздің Отан” деген атпен оқыту қажет” [11], М.

Дулатов: “... оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғаттан жазылуы”, ұлттық тәрбиенің нәтижесін М. Дулатов: “... алған тәрбиенің әсерлі, күшті, сенімді болуы. Мұндай балалар мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды, ... қайда болса да тіршілігінде, қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады...” [15], ал мұғалімнің ұлтжанды және білімді болуы туралы М. Жұмабаев: “... әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті” [8], А. Байтұрсынов: “... ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім” [6], Ж. Аймауытов: “Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек” [11] деген.

Сонда қазақ ағартушы-педагогтарының еңбектеріне талдау жасау арқылы қазақтың қазіргі ұлттық мектебінің мынадай нобайын жасауға болады:



Сурет 1.

Сонымен, қазақтың ұлы ағартушы-педагогтары сонау ХХ ғасырдың басында өз халқының болашағын ойлай отырып, ұлттық мектеп жасау, онда жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, ол үшін білім беру мазмұнын халықтың ұлттық мәнімен, оның ұлттық рухымен байланыстыру қажеттігін дәлелдеп көрсеткен екен. Ендігі мақсат Қазақстанда ұлттық мектеп жасау, ол үшін онда олардың сол ұлттық идеяларын тікелей басшылыққа алу қажет, ол басты мәселе.

Кеңес дәуірінде қазақтың ұлттық мектебі болмады, мектептер қазақ мектебі деп аталғанмен, олар орыс мектебінің қолайсыз көшірмесі еді. Олардың қазақ халқы үшін пайдасы болғанымен, жас ұрпақ тәрбиесіне зияны қыруар болды.

Еліміз егеменділік алуымен қоғамның мектепке қатынасы өзгеріп, қазақтың ұлттық мектебін жасау туралы педагогикалық ақпарат беттерінде өте бағалы әр түрлі ой-пікірлер айтыла бастады. Мысалы, ғалым-педагогтарымыз Қ. Жарықбаев, А. Сейтешов, С.

Қалиев, С. Ұзақбаева, М. Балтабаев, Қ. Бөлеев, З. Әбілова, Ж. Наурызбаев, К. Қожахметова және т. б. қазақтың ұлттық мектебін жасау, онда ұлттық тәрбие беру проблемаларын жан-жақты зерттеп, қомақты-қомақты монографияларын, оқулықтарын, оқу және әдістемелік құралдарын жарыққа шығарды.

1991 жылдан осы уақытқа дейін қазақ этнопедагогикасынан және оның тарихынан Қ. Жарықбаев пен С. Қалиевтің “Қазақ төлім-тәрбиесі” [24], солар құрастырған “Қазақтың төлімдік ой-пікір антологиясы” [57] мен “Антология педагогической мысли Казахстана” [58], С. Қалиев, М. Оразаева, М. Смайлованың “Қазақ халқының салт-дәстүрлері” [33], С. Қалиевтің “Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы” [32], С. Ұзақбаеваның “Тамыры терең тәрбие” [35], М. Әлімбаевтың “Халық – ғажап төлімгер” [60], С. Ғаббасовтың “Ізгілік әліппесі” мен “Халық педагогикасының негіздері” [61], Ж. Наурызбаевтың “Ұлттық мектептің ұлы мұраты” [53], М. Тілеужановтың “Халық тағылымы” [62], М. Балтабаевтың “Казахская традиционная художественная культура в системе образования” [57], Ә. Табылдиевтің “Халық тағылымы” [64], К. Қожахметованың “Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі” [63], “Казахская этнопедагогика” [49], З. Әбілованың “Этнопедагогика” [41], Қ. Бөлеевтің “Болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау” [47], т. б. еңбектер мұғалімдер қолына тиді.

Қ. Жарықбаев пен С. Қалиевтің еңбектерінде қазақ этнопедагогикасы және оның тарихы, қазақ халқының салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәні, С. Ұзақбаеваның еңбектерінде қазақ халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие, М. Әлімбаевтың еңбектерінде қазақтың қара сөздері мен мақал-мәтелдерінің тәрбиелік мәні, С. Ғаббасовтың еңбектерінде халық педагогикасының негіздері, Ж. Наурызбаевтың еңбектерінде ұлттық мектептің мұраты – оқушыларға мәдени-этникалық білім беру, М. Тілеужановтың еңбегінде қазақ ауыз әдебиетіндегі халық тағылымы, М. Балтабаевтың еңбегінде жастарға қазақтың дәстүрлі көркем-мәдени шығармалары арқылы эстетикалық тәрбие беру, Ә. Табылдиев еңбектерінде қазақ халық педагогикасы – тәрбие негізі, К. Қожахметованың еңбектерінде қазақ мектептерінде ұлттық тәрбие жүйесі, қазақ этнопедагогикасының әдіснамасы, теориясы мен практикасы, З. Әбілова мен Қ. Бөлеевтің еңбектерінде болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Ұлттық мектеп жасауға, онда ұлттық тәрбие беруге мемлекет тарапынан бірнеше тұжырымдамалар мен құжаттар шығарылды. Олар: “Қазақстан Республикасы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы” [65], “Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін мектептерде білім мазмұнының тұжырымдамасы” [66], “Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие

тұжырымдамасы” [67], “Тәлім-тәрбие тұжырымдамасы” [3], “Қазақстан Республикасы білім туралы заңы” [2], “Қазақстан Республикасы жоғары білім туралы заңы” [2], “Қазақстан Республикасы тіл туралы заңы” [68], т. б.

Мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруді іске асыру үшін бірнеше авторлық бағдарламалармен қазақ мектептері жұмыс істеуде: М. Құрсабаевтың “Атамекен” [69], З. Ахметованың “Кәусар бұлақ” [70], Ә. Садуақасовтың “Дәстүр” және т. б. Ал республиканың педагогтік жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындау жұмысы да біршама жүргізілуде. Оларда “Қазақ этнопедагогикасы” (Авторлары: Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, З. Әбілова) [25], “Қазақ тәлім-тәрбие тарихы” (Авторлары: Қ. Жарықбаев пен С. Қалиев) [28], “Қазақ халқының этнопедагогикасы” (Авторы Қ. Бөлеев) [43] бағдарламалары бойынша болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындауда нақты іс-тәжірибелер мен ғылыми ізденістер өз нәтижелерін беруде.

Сонымен, жоғарыда айтылған ағартушы-педагогтардың, ғалым-педагогтардың ой-пікірлері мен көзқарастары, мемлекеттік құжаттар, озық іс-тәжірибелер бойынша мынадай қорытынды жасауға болады: “Қазақтың ұлттық мектебі” деп халқымыздың Ана тілін, Ата тарихын, Төл мәдениетін, Ұлттық салт-дәстүрлерін жүйелі оқытатын мектепті айтамыз, ал ол мектептің басты белгісі – қазақтың ұлттық рухы болуы шарт. Мұнымен қатар, ол мектептің оқулықтары мен оқу құралдары төлтума болуы тиіс. “Төлтума” деген сөздің мәні – оқулық және оқу құралдарының авторлары баланы сүйетін және мектепті жақсы білетін, тәжірибелі, шебер, ұлтжанды қазақ мұғалімдері мен ғалымдарының болуы.

Қорыта айтарымыз, қазақ елі егемендік алғаннан бастап, Қазақстанда шынайы ұлттық мектептің іргетасы қалана бастады, өлі нағыз қазақтың ұлттық мектебі жасалынған жоқ, ол келешектің ісі. “Ұлттық мектептің бүгінгі таңда қажеттігі айқын, ешбір күмән келтірмейді, себебі өз ана тілін, туған халқының салты мен дәстүрін білмеген адам өз ұлтынан алшақтайды, өз ұлтына өгей болып көрінеді. Бұл жағдайда иммунопсихологиялық тұрғыдағы проблемалар пайда болуы мүмкін: маскүнемдік, қылмыскерлік, азғындық, ... өз ұлтының тілін, мәдениетін білу жер бетінде өзіңе өзің сенімді болу үшін де қажет, себебі өзіңді нақты бір ұлтқа ұқсатсаң, өзіңді сенімді де байсалды ұстайсың. Сондықтан ұлттық мектептің негізін саларда осы жағдайды ескерген жөн. Ұлттың 10, 15, 30 жылда қандай даму деңгейіне көтерілетінін болжап, соған сәйкес оқушыларды дайындау қажет” деген Т.С. Саидбаевтың пікіріне толық қосылуға болады [63].

Қазіргі қазақ қоғамындағы қайғылы қасіреттер: тастанды жетім балалар, жанұя құрмағандар және ажырасқан жастар, қарттар үйлеріндегі көздерінен қанды жас ағып отырған әжелер мен аталар,

ішкілік пен нашақорлыққа салынған жастар, қаулаған қылмыс, сыбайлас жемқорлық, мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының нашарлауы, жөргенсіз қыздар мен ұлдар, ата-ананы құрметтемеу, ата-ананың бала тәрбиесімен айналыспауы, өз тілін, тарихын, әдебиетін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін білмейтін жастар, тұрмыс-тіршіліктің нашарлауы, экономиканың құлдырауы, жұмыссыздық, табиғат жағдайларының нашарлауы, т. б. ұлттық тәрбиенің болмауынан пайда болған құбылыстар деп санаймыз. Егер қазақ халқы отбасында және мектепте ұлттық тәрбие алған болса бұл қайғылы қасіреттер болмас еді. Ендігі мақсат еліміздегі тәрбиенің негізі – ұлттық тәрбие болуы тиіс. Сонда ғана жоғарыда аталған құбылыстарды болдырмауға және одан құтылуға болады.

Ұлттық тәлім-тәрбие халықтық педагогика негізінде беріліп, жүзеге асады. Ал ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, адамгершілікті, иманжүзді, сұлу да сымбатты, халқын, елін, туған жерін, оның табиғатын сүйетін ұлтжанды, ата-бабамыз армандаған “Сегіз қырлы, бір сырлы” азамат болып өседі. Сондықтан да халықтық педагогика – болашақтың педагогикасы, болашақ ізгілікті қоғамның педагогикасы деуге толық болады.

Қазақ ұлттық мектебіндегі тәрбиенің мақсаты – оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыру мен дамыту. Ұлттық сана Ана тілі, Ата тарихы және Төл мәдениетіміз арқылы ғана қалыптасып, дамиды. Сондықтан үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттық санасының сол негіздерін оқып үйренуді басты мәселе етіп жүрізу керек. Ол үшін мектебімізде ұлтымыздың ерекшелігіне, тарихына, мәдениетіне, өнеріне, салт-дәстүрлеріне, тұрмыс-тіршілігіне, отбасы тәрбиесіне сай қарастырылып шығарылған бағдарламалар, төлтума оқулықтар, көрнекіліктер, қосымша әдебиеттер, әсіресе мұғалімдерге қажетті әдістемелер кеңінен пайдаланылуы тиіс.

Қазақ этнопедагогикасы ғылымының жетістіктерін, мемлекеттік құжаттар мен бағдарламаларды қазақтың ұлттық мектептерін жасауда және оларда ұлттық тәрбие беруді іс жүзіне асыратын мектеп мұғалімдері. Өкінішке орай, олар ұлттық тәрбие беруге педагогтік жоғары оқу орындарында дайындықтан өтпеген, олар коммунистік тәрбие беруге даярланған. Осы себептен қазір қазақ мектептерінде оқушыларға ұлттық беру талапқа сай жүргізілмеуде.

Көптеген қазақ мектептері мен мұғалімдердің тәрбие жұмыстарының жоспарларын және тәжірибелерін талдау арқылы ұлттық тәрбиенің сапасы төмен екенін, ол істе қазақ этнопедагогикасының зор мүмкіншіліктері нашар пайдаланылатынын анықтадық. Мысалы, 1991 - 1992 оқу жылы бірнеше қазақ мектептерінің 8 - 10 сыныптары оқушыларына мынадай сұрақтарға жауап беруді ұсындық:

1. Ауыз әдебиетінің қандай жанрларын білесің ?
2. Оларды кімнен естідің, қайдан тыңдадың және оқыдың ?

3. Ауыз әдебиетінің қандай жанрларын сүйесін ?
4. Қандай халық мақал-мәтелдерін білесін ?
5. Қандай ертегілерді білесін ?

Оқушылардың 65% ауыз әдебиеті шығармалары мен олардың жанрлары туралы нашар хабардар, ал сүйіп оқитын жанрлары өте аз, 75% ғана ертегілерді біледі, онда да 2-3-тен артық емес. Әсіресе халық даналығы мақал-мәтелдерді бар болғаны 10 - 13 % ғана жатқа білетінін айтты. Ауыз әдебиетінің шығармалары туралы ата-әжелерінен және ауылдағы үлкен, жасы келген қариялардан естігені, ал ең өкініштісі, әкелері мен аналары аузынан және радиотелехабарлардан халық шығармаларын естімеуі болды.

Мектепте қазақтың ауыз әдебиеті тек 9 сыныпта ғана оқытылды, онда да оның мол жанрлары толық оқытылмады. Ал басқа сыныптарда ауыз әдебиеті туралы мәліметтер берілмеді. Және де қазақ тілін оқытуға да мән берілмеді, ал қазақ халқының шын тарихы жалпы оқытылмады, сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысы жоспарында халықтың тәрбиелік идеялары мен тәжірибесі туралы мәселелер қарастырылмады.

Қазақтың халықтық педагогикасының негізгі көзі халқымыздың салт-дәстүрлері. Өйткені олар халық мәдениетінің басты саласы. Халықтық салт-дәстүрлерде тәрбиенің басты факторлары: табиғат, еңбек, тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып, өнер, дін, үлгі, қарым-қатынас, іс-әрекет анық көрініс береді. Сондықтан ұлттық тәрбие беруде халықтың салт-дәстүрлерін тәрбие құралы ретінде мектепте пайдалану маңызды мәселе.

Біз 5 - 8 сынып оқушыларына халықтық салт-дәстүрлермен таныстырылу дәрежесін анықтау үшін оларға 1992 - 1993 оқу жылы мына төмендегідей сұрақтарға әңгімелесу өткіздік, жазбаша жауаптар алдық:

1. Құрсақ тойы, “Жарыс қазан”, шілдехана, сүйінші ұғымдарына түсінік беріңіздер.
2. Бесік тойы қалай жасалады ?
3. Тұсау кесер тойы қалай жасалады ?
4. Сүндет тойы қалай жасалады ?
5. Атқа мінгізу тойы қалай жасалады ?

Оқушылар алғашқы екі сұрақтардағы сүйінші, бесікке салу туралы қысқаша ғана біледі. Тұсау кесер және сүндет тойы туралы жалпы мәліметтері бар, ал атқа мінгізу тойы жасалмайды деп жауап берді. Сонымен, қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлері жүйелі жасалмайтынын анықтадық.

Қазақ мектептерінің 10 - 11 сынып оқушылары тарихи материалдар және ұлы ойшылдардың шығармаларымен қандай дәрежеде таныс екенін 1993 - 1994 оқу жылы мынадай анкета сұрақтары арқылы анықтадық:

1. Ертедегі ұлы ойшылдар мен ғұлама-ғалымдардың есімдерін атаңыздар.
2. Олардың қандай шығармаларын білесіздер ?
3. Қазақтың эпостық жырларын атаңыздар.
4. Сол жырларда қандай ізгілікті қасиеттер баяндалады ?
5. Қазақтың ел қорғаған ұлтжанды батырларын және шешен-билерін атаңыздар.
6. Олардың қандай адамдық қасиеттері сіздерге ұнайды ?
7. Қазақтың ақын-жырауларын атаңыздар.
8. Олар өз шығармаларында қандай мәселелерді жырлаған ?

Оқушылар алғашқы екі сұрауға жалпы жауап бере алмады, тек қана Әл-Фарабидің, Абайдың, Шоқанның аттарын ғана жазумен шектелді. 3-4 сұрауларға жауаптарында батырлар жырын атағанымен, батырлардың бойындағы ізгілікті қасиеттерін атай алмады. 5-6 сұрақтарға 3-4 батырларды атап, би-шешендер туралы ешқандай мәлімет жаза алмады. 7-8 сұрақтарға 5-6 ғана ақын-жыраулардың есімдерін атағанымен, олардың шығармалары туралы ешқандай мағлұмат бере алмады.

Қазақтың дәстүрлі көркемөнер мәдениеті бойынша 4-8 сынып оқушыларымен 1993 - 1994 оқу жылы мынадай сұрақтар арқылы әңгімелесу өткізілді:

1. Қазақтың халықтық ұлт аспаптарын атаңыздар.
2. Қазақтың халықтық ән-күйлерін атаңыздар.
3. Қазақтың халықтық би өнерін атаңыздар.
4. Қазақтың халықтық сөндік-қолданбалы өнерін атаңыздар.

Оқушылар бірінші сұраққа 4-5 қана ұлт аспаптарын атады; 2 сұраққа 7-8 ғана ән мен күйлерді атады; 3 сұраққа 3-4 ғана билерді атады; ал 4 сұраққа ешқандай жауап айта алмады, яғни олар ұлттық дәстүрлі көркемөнерден хабарлары нашар екендігін көрсетті.

Сонымен, қазақ мектептерінің 1991 - 1994 оқу жылдарында ұлттық тәлім-тәрбие деңгейінің нашар жағдайда екенін анықтадық. Бұл күрделі де, қиын мәселелені шешудің жолы, біздіңше, біріншіден – ұлттық мектеп жасау; екіншіден – онда төлтума оқулықтар, оқу құралдарын пайдалану; үшіншіден – қазақтың халықтық педагогикасының негіздері – ауыз әдебиеті шығармаларын, халықтық салт-дәстүрлерді, ұлттық мәдениет пен халықтық тарихын кеңінен оқыту. Ал сол игілікті істерді жүзеге асырушы мұғалімдер, олардың оған дайындығы жоқ, оларды арнайы этнопеддагогикалық даярлықтан өткізгенде ғана ұлттық тәрбие жақсарады және ұлттық санасы дамыған жас ұрпақты тәрбиелеу жүзеге асырылады.

## 1.2 Республиканың қазақ мектептері мұғалімдерін ұлттық тәрбиеге даярлаудың жайы және оны жақсарту жолдары

Қазақ мектептерінде оқушыларға ұлттық тәрбие берудің нашар жайын анықтаған соң, оны жақсартудың бірден-бір жолы мұғалімдерді этнопедагогикалық дайындықтан өткізу қажет екендігіне көзіміз жетті.

Мектептегі басты тұлға – мұғалім, сол ғана ұлтжанды ұл мен қыз тәрбиелейді. Ал ұлтжандылықты тәрбиелеудің негізі – халықтық педагогика. Өкінішке орай, көптеген мұғалімдер халықтық педагогиканы оқу-тәрбие ісінде пайдалана білмейді, өйткені олар жоғары педагогтік оқу орындарында арнайы этнопедагогикалық даярлықтан өтпеген, олар коммунистік тәрбие беруге даярланды. Қазақ мектептерінде оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелер дүниеге коммунистік көзқарасты қалыптастыру бағытында жасалды, олар орыс тілінен аударылып, пайдаланылды. Ал тәрбие жұмысын мұғалімдер орыс мектептеріне арналған “Оқушыларды тәрбиелеудің үлгі мазмұны” бағдарламасы бойынша жүргізді, ұлттық ерекшеліктер ескерілмеді, содан қазақ мектептерінде ұлттық тәрбие жүргізілмеді.

Қазақ елі егемендік алысымен мектептерде оқу-тәрбие жұмысы ұлттық тәрбие беру негізінде жүргізілуі тиіс болды. Ол үшін мұғалімдерді этнопедагогикалық даярлықтан өткізу қажеттігі туды. Ол жұмыс облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарына тапсырылды. Өкінішке орай, оларда мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге даярлау үшін не бағдарлама, не оқу құралдары, не мамандар болмады.

Бұл қиыншылықты шешуге республиканың ғалым-этнопедагогтары Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, С. Ұзақбаева, М. Балтабаев, Қ. Бөлеев, Ж. Наурызбаев, К. Қожахметова, т. б. көмек етті. Олар халықтық педагогика, этнопедагогика және этнопедагогика тарихы бойынша зерттеулер жүргізіп, мерзімді баспасөздер бетінде көптеген мақалалар, әдістемелік нұсқаулар, оқу құралдарын шығарды, бағдарламалар жасады, өздері дәрістер берді.

Мұғалімдер білімін жетілдіру институтының тыңдаушыларына арналған тұңғыш бағдарлама Республикада 1992 жылы Қ. Бөлеевтің құрастыруымен “Қазақ халқының этнопедагогикасы” деген атпен Жамбыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының ұсынысы бойынша шығарылды [43].

Бағдарлама үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде халықтың педагогика туралы түсінік, этнопедагогика – ғылым, қазақ халық педагогикасының негіздері мен асыл-арналары; екінші бөлімде қазақ этнопедагогикасындағы тәрбие түрлері; үшінші бөлімде қазақ халық дидактикасының мәселелері қарастырылады.

Бағдарлама Жамбыл педагогтік және мұғалімдер білімін жетілдіру институттарының педагогика және психология кафедраларында талқылаудан өткізілген. Соған соң автор оны 1992 жылы мамыр айының 19-20 жұлдыздарында Қазақстан Республикасы Білім Министрлігі мен Ы. Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдарының ғылыми-зерттеу институты бірігіп өткізген “Халық педагогикасы мен психологиясы дәстүрлерінің оқу-тәрбие ісінде қолданылуы” атты ғылыми-практикалық конференциясының “Мамандар даярлау жүйесінде халықтық педагогиканы оқыту мәселелері” атты секциясында “Қазақ халық педагогикасы – оқу пәні” деген тақырып бойынша хабарлама жасап, онда қазақ этнопедагогикасы оқу пәнінің бағдарламасының мазмұнын, оны мұғалімдер білімін жетілдіру институты мен педагогтік жоғары оқу орындарының оқу жоспарына ендіріп, арнаулы курс немесе оқу пәні ретінде оқыту туралы негіздеген. Секция тыңдаушылары өз сөздерінде бағдарламаны өте жоғары бағалап, оған бірінші орын беріп, оны оқу жоспарына ендіру туралы шешім қабылдады. Осы шешімнен соң 1992 жылы Жамбыл педагогтік институты мен облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының педагогика және психология кафедраларының ұсыныстары бойынша “Қазақ халқының этнопедагогикасы” атты оқу бағдарламасы 250 дана етіп шығарылып, Қазақстанның барлық мұғалімдер білімін жетілдіру институттары мен педагогтік оқу орындарына таратылды. Содан бері ол олардың оқу жоспарларына ендіріліп, оқу пәні немесе арнаулы курс ретінде оқытылуда. Бағдарлама сапасы туралы мерзімді баспасөз, жеке зерттеулер мен монографияларда жақсы пікірлер айтылуда [35, 49].

Республикалық орталық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында 1992 жылдан бері қазақтың халық педагогикасы мен этнопедагогикасының дәстүрлерін оқу-тәрбие үрдісіне ендіру мақсатында ғылыми-практикалық зертхана жұмыс істейді. Институттың базасында облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарының әдіскерлерін жылма-жыл этнопедагогикалық даярлықтан өткізуде. Институт ғалымдары К. Қожахметова “Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері”, “Класс жетекшісінің қызметінің мазмұны”, “Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі”, “Қазақ этнопедагогикасы”, К. Шаймерденова “Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын халық педагогикасы негізінде жүзгізу жұмысының бағыт-бағдарлары”, А. Көшербаева “Халқым қандай десен, салтыңнан сынап біл”, Ұ. Ботабаева “Халық педагогикасындағы бала тәрбиесіне арналған сөздер” атты әдістемелік құралдар, “Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы” шығарылған. Сондай-ақ институтта республика мектептерінің ұлттық педагогика негізінде жасаған тәрбие жүйесін зерттеу, жарық көрген бағдарламалар мен тұжырымдамаларға талдау жасалынады,

облыстық, республикалық конференциялар мен семинарлар ұйымдастырылады, озық тәжірибелер жинақталып, қорытылады.

Қазақстан Республикасының Білім Министрлігі 1993 жылы ұлттық тәлім-тәрбиені ұйымдастырып, іске асыруда басшылыққа алатын “Тәлім-тәрбие тұжырымдамасын” [3] ұсынды. Онда мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында ұлттық тәлім-тәрбие курстарын жүйелі түрде ұйымдастырып отыру және ұлт мәдениеті мен оқу-тәрбие жұмысының жетістіктерін үнемі насихаттауды қарастыру керек екені ерекше атап көрсетілген еді. Сол мақсатта мектептерде оқушыларға ұлттық тәрбие беру үшін бірнеше арнайы пәндер ендіру қажеттігі ұсынылды. Осы тұжырымдамадан соң барлық облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында мектеп мұғалімдерін ұлттық тәлім-тәрбиеге даярлау курстары ашылып, оларда тыңдаушыларды сапалары әртүрлі бағдарламалармен этнопедагогикалық даярлықтан өткізе бастады.

Мысалы, Талдықорған облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты 1993 жылы “Оқу-тәрбие ісін халық педагогикасы негізінде ұйымдастыру” курсының бағдарламасы және әдістемелік нұсқаулар” тақырыбына Р.К. Дүйсенбінова мен Д.Р. Пірімбекованың авторлығымен шығарылды. Курс бағдарламасында халық педагогикасы тұжырымдамасының қалыптасуы және ерекшеліктері, қазақтың халық өнері – халық педагогикасының ескерткіштері, қазақ халқының салт-дәстүрлері, республикада оқу-тәрбие ісін халық педагогикасының негізінде ұйымдастырудағы озық педагогикалық іс-тәжірибелердің мекен-жайлары, халық педагогикасы негізінде оқушыларға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру бойынша Талдықорған қаласы № 3 мектеп-интернатының іс-тәжірибесінен мәліметтер беріледі. Мұғалімдер этнопедагогикалық әдебиеттермен, озық тәжірибелі мектептер жұмыстарымен таныстырылады. Сонымен қатар институтта “Бірнеше тілде оқытатын мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының ерекшеліктері” деген арнайы курстың жұмыс бағдарламасы жасалып, онда ұлттық мәдениеттің рухани құндылықтарымен таныстыруға байланысты халықтың көпұлтты құрамы жағдайында ұлтаралық қатынас мәдениетіне тәрбиелеу мәселелері қарастырылады. Институт оқытушылары К. Әсембекова, Е. Мұстафина “Қазақ мектептерінің төрт-жылдық бастауыш кластарында мектеп өндерін сырнайдың сүйемелдеуімен үйрету”, Г. Бекованың құрастыруымен “Халық педагогикасы – асыл қазына”, Р.К. Дүйсенбінова мен Д.Р. Пірімбекованың “Оқу-тәрбие ісін халық педагогикасы негізінде ұйымдастыру” курсының бағдарламасы және оған әдістемелік нұсқаулар”, В. Мұстафинаның құрастыруымен “Эстетикалық бағытта тәрбие беру программасы” атты әдістемелік құралдары облыс мұғалімдеріне таратылыпты.

Облыстық Жаркент қаласындағы мұғалімдер білімін жетілдіру институтында ұйғыр тілінде оқытатын мектептердің бастауыш

сынып мұғалімдері этнопедагогикалық даярлықтан өткізілуде. Онда бастауыш сыныпта жүретін әртүрлі пәндерді оқытуда халықтық педагогиканы пайдалану әдістемесі беріледі.

Солтүстік Қазақстан облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында “Оқу-тәрбие жұмысында халық педагогикасының мұрасын пайдалану” тақырыбы бойынша арнайы курс өзіндік, институттың оқу-тәрбие үрдісіне ендірілген.

Семей облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында “Жалпы білім беретін орта мектептің оқу-тәрбие үрдісінде халық педагогикасының прогрессивті дәстүрлерін пайдалану” атты арнайы бағдарламамен оқытылуда. Курстың бағдарламасында мынадай мәселелер қарастырылады: халық педагогикасының мәні – әлеуметтік-педагогикалық құбылыс; халық педагогикасының прогрессивті дәстүрлері – жалпы адамзаттық мәдениеттің компоненті; мұғалімнің педагогикалық қызметінде халық педагогикасының прогрессивті дәстүрлерінің орны мен рөлі; оқу-тәрбие үрдісінде халық педагогикасының прогрессивті дәстүрлерін пайдаланудың психологиялық-педагогикалық негіздері; халық педагогикасының элементтерін пайдаланып, оқушылардың әртүрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыру әдістемесі.

Маңғыстау облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты “Халықтық педагогика негізінде тәрбие мен білім берудің бағдарламасы” бойынша балабақшадағы тәрбие, бастауыш сынып оқушылары арасындағы тәрбие, мектеп жанындағы музей арқылы тәрбиелеу, мәдениет саласындағы тәрбие, салт-дәстүрлер арқылы тәрбиелеу, “Аманат” – тәрбие ошағындағы тәрбие жұмысы мәселелері бағыттарында мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге даярлауда. Мұғалімдерге, тәрбиешілерге, ата-аналарға арнап “Жас ұрпақты халықтың педагогика тағылымдарында тәрбиелеу”, “Аталар сөзі – ақылдың көзі” тақырыптарына әдістемелік құралдар шығарған. Құралдарда облыс мектептріндегі оқушыларға ұлттық тәрбие берудің озық іс-тәжірибелері жинақталып, насихатталған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтында “Халық педагогика – тәрбие негізі” тақырыбы бойынша арнайы курс 1993 жылдан бастап өткізілуде. Курс бағдарламасында халық педагогикасы – ұлттық тәрбие берудің негізі; ұлттық тәрбиенің түрлері: ақыл-ой, парасат тәрбиесі, имандылық, адамгершілік, ізгілік тәрбиесі, халықтың салт-дәстүрлері негізінде тәрбиелеу, өсемділікке тәрбиелеу, еңбек тәрбиесі, экологиялық және экономикалық тәрбие, азаматтық, жауынгерлік пен құқық тәрбиесі, дене тәрбиесі, үй болу тәрбиесі, ұлтжандылық, өзге ұлтты құрметтеу тәрбиесі қарастырылады. Институт оқытушылары Е. Әбдразақов пен Е. Мамыраев мұғалімдер мен тәрбиешілерге арнап “Халық педагогикасы – тәрбие өзегі” атты әдістемелік құрал шығарып, облыс мектептеріне таратыпты.

Алматы облысының мұғалімдер білімін жетілдіру институтында облыс мұғалімдерін этнопедагогикалық даярлықтан өткізу арнайы “Халық педагогикасы” атты бағдарламамен жүргізіледі. Онда қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық, теориялық және практикалық мәселелері жан-жақты қарастырылады. Институт оқытушылары Х.А.Өтешова “Оқушыларды халық педагогикасы негізінде тәрбиелеу”, М.Л.Усиннің құрастыруымен “«Атамекен» бағдарламасына методикалық нұсқау”, Ә.Сәдуақасовтың “Халықтық педагогикасының бағыттары”; О. Қауғабаевтың “Қасиетті халық тәрбиесі” атты әдістемелік нұсқаулары шығарылып тараулыған.

Алматы қалалық мұғалімдер білімін көтеру және қайта даярлау институты мектеп мұғалімдеріне арнап “Кәусәр бұлақ” бағдарламасы, “«Атамекен» бағдарламасы бойынша тәрбие жұмыстары” атты жинақ, Б.М. Ысқақов пен А.Д. Болтаевтың “Қазақ халық педагогикасында жастарды тәрбиелеу мәселелері”, Ұ. Досаевтың “Аталар ұрпағымыз”, С. Құлахметованың “Өліппемен қоштасу”, Д. Болатбаеваның “Қонақ күту дәстүрі”, З. Мұздыбаеваның “Қазақстан – туған өлкем, табиғатың қандай көркем”, В. Садықовтың “Төрт түлік - төресі кім ?” тақырыптарына әдістемелік нұсқауларын қала мектептері мұғалімдеріне шығарып, озық ұстаздардың іс-тәжірибелерін ортаға салыпты.

Торғай облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында жас ұрпаққа ұлттың тәрбие берудің негізгі бағыттары: адамгершілікті, парасаттылықты, имандылықты, мейрімділікті, қарапайымдылықты тәрбиелеу мәселелеріне арналған мұғалімдер үшін төрт бөлімнен тұратын “Асыл мұра” атты көмекші құралдар шығарылып, облыс мұғалімдеріне нақты әдістемелік жәрдем берілген. Еңбектің авторлары С. Кенжеахметов, О. Дәулетова, Т. Мәжитова.

Орал облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының оқытушысы М.Ғ. Ахметов “Оқу-тәрбие процесін халықтық педагогика негізінде жүргізудің өзекті мәселелері” атты жинақ, ісбәлім меңгерушісі А. Сәлімова “Сабақта өлкетану материалдары мен халықтық педагогика негіздерін тиімді пайдалану” атты әдістемелік құрал шығарыпты.

Қызылорда облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты “Ұлттық тәлім-тәрбие” бағдарламасы бойынша облыс мұғалімдерін этнопедагогикалық даярлықтан жан-жақты өткізуде. Институт қалалық білім бөлімімен бірігіп Н. Шаймерденқызының “Шешендік өнер – ұлттық психологияның бастауы” тақырыбына факультативті сабақты өткізу тәжірибесінен”, Л. Әлмағанбетованың “Жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарында қыздарды еңбекке баулау “Қолөнер” бағдарламасы”, В. Қалназаровтың “Жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарында қолөнер кәсібі еңбекке баулау бағдарламасы және оны іске асыру проблемалары” атты жинақтар шығарып, жалпы ұстаздар қауымына ұсыныпты.

Ақмола облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында “Этнопедагогика – Қазақстан халықтарының тәрбиелік тәжірибесі” тақырыбына арнайы курс оқытылуда. Курстың негізгі міндеті гумандық салттар мен дәстүрлер негізінде халықтық тәрбиенің теориялық және практикалық аспектілерін анықтап, оларды сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне таныстыру. Бағдарламасында қазақтар мен орыстардың ұлттық ойындарын оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану әдістемесі жасалынған. Ұлттық салт-дәстүрлерді мектепте, отбасында және қоғамдық ұйымдарда пайдалануға әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Жамбыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының “Халықтық педагогика” зертханасы 1993 жылы “Ұлттық тәлім-тәрбие” атты дайындық курсының бағдарламасын баспадан шығарды. Бағдарлама авторлары: Р. Әбдіқасымов, Қ. Бөлеев және Л.Қ. Бөлеева [46].

Облыс мектептері мұғалімдерін ұлттық тәрбиеге дайындау алдында олардың халықтық педагогика және этнопедагогикадан алғашқы түсініктерін анықтау үшін 1992 жылы Жамбыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының 208 тыңдаушыларымен мынадай бес сұрақ төңірегінде өңгімелесу өткіздік.

1. “Халықтық педагогика” ұғымын қалай түсінесіз ?
2. Халықтық педагогиканың көздері мен асыл-арналарына нелер жатады ?
3. “Этнопедагогика” ұғымын қалай түсінесіз ?
4. Этнопедагогика бойынша қандай әдебиеттеріңіз бар ?
5. Мұғалімдерді этнопедагогикалық дайындықтан өткізу қажет деп санайсыздар ма ?

Тыңдаушылар бірде-бір сұраққа дұрыс жауап бере алмады, ал мұғалімдерді этнопедагогика бойынша арнайы даярлықтан өткізу, оны мектептің оқу-тәрбие жұмысында пайдалану әдістемесін үйрету керектігін барлығы мақұлдады. Әсіресе мұғалімдер этнопедагогика бойынша әдебиеттерді көптеп шығару қажеттігін баса айтты. Бірде-бір мұғалімде ондай әдебиеттер жоқтығы анықталды. Сонымен, этнопедагогиканың тәрбиелік және оқулық мүмкіндіктерін қазіргі мектептерде кеңінен пайдалану үшін мұғалімдерді жан-жақты этнопедагогикалық даярлықтан өткізу қажет екен деген қорытындыға келдік.

1993 жылы тыңдаушылармен – пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәрбиешілер – мынадай анкета сұрақтары бойынша дайындық деңгейлерін тексердік:

1. Арнайы ендірілген “Әдептілік әліппесі”, “Әдеп және өнер”, “Қазақ халқының салт-дәстүрлері”, “Ұлттық мәдениет тарихы”, “Әдеп және жантану” пәндерін оқыта аласыздар ма ?
2. «Атамекен» бағдарламасымен тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырып, өткізе аласыздар ма ?
3. Ұлттық әдеп және ұлттық өнерді қалай түсінесіздер ?

4. Әдет-ғұрып, салт және дәстүр ұғымдарына түсінік беріңіздер.
5. Ұлттық мәдениет салаларын атаңыздар ?
6. Қазақ халқының тәрбиелік дәстүрлерін қалай түсінесіз ?
7. Қазақ тәлім-тәрбиесі тарихымен таныссыздар ма ?
8. Жоғарыда аталған сұрақтар бойынша сіздерді дайындықтан өткізу қажет пе ?

Сұрақтарға жауаптар алып, оларды мынадай үш топқа бөлдік:

Кесте 1.

Сұрақтар реті	Тыңдаушылар саны	Жауаптары		
		дұрысы	орташа дұрысы	дұрыс емесі
1	105	-	-	105
2	105	-	35	70
3	105	-	50	55
4	105	-	17	88
5	105	-	44	61
6	105	-	37	68
7	105	-	19	86

Сонымен, кестеден сұрақтарға бірде-бір дұрыс жауап болмағаны, дұрыс емес жауаптар 50 - 100% арасында болғаны, ал орташа дұрысы 20 - 40% аралығында ғана екені көрініп тұр. Тыңдаушылардың сапалы жауаптарынан мысалдар берелік.

1. Арнайы ендірілген пәндерді оқыта алмаймын, оларды оқытуға білімім жоқ және уақытым да жетіспейді.
2. «Атамекен» бағдарламасының кейбір бөлімдеріне ғана тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырып, өткізе аламын.
3. Ұлттық әдеп, ұлттық әдет-ғұрып, салт, дәстүр ұғымдарына нақты ғылыми түсінік бере алмаймын.
4. Қазақ халқының тәрбиелік дәстүрлері мектептерге енді-енді ене бастады, оларды отбасында үлкен кісілер балаларды тәрбиелеу үшін қолданады.
5. Қазақ халқының тәрбие тарихымен институтта педагогика тарихын оқытқанда таныстырған жоқ, ол меніңше ата-бабаларымыздың тәрбие беру тарихы болса керек.

6. Сұрақтар өте қызық, бірақ олар туралы естігенмен, газет-журналдар мен кітаптардан өзім оқығанмен, оларға нақты жауап жаза алмаймын.

Соңғы сегізінші сұраққа тыңдаушылардың барлығы: «Дайындықтан өткізу қажет, өйткені қазақ мектептерінде ұлттық тәрбие беру қазіргі кезде өте керек; барлық сұрақтар бойынша әдебиеттер шығарса өте жақсы болар еді; қазір мектептерде қандай тәрбие жұмысын жүргізуге болатынын түсінбей қалдық; бұрын «Оқушыларға тәрбие беру мазмұны» деген кітаппен тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырып, өткізетін едік, ал қазір ол құрал қазақ мектептеріне жарамай қалды, онымен орыс мектептері жұмыс істеуде», - деген жауаптар жазды.

Сонымен, қазақ мектептерінде ұлттық тәрбие беру ісі мұғалімдер мен тәрбиешілерді қазақ этнопедагогикасы бойынша жүйелі даярлықтан өткізгенде ғана жүзеге асатыны анықталды. Сондықтан біз облыс мектептерінің басшыларын, мектеп мұғалімдері мен тәрбиешілерін, мектептен тыс мекемелердің қызметкерлерін және балабақша меңгерушілері мен тәрбиешілерін «Ұлттық тәлім-тәрбие» даярлық курстарынан жылма-жыл өткізудеміз. Осы бағдарламамен Қызылорда, Ақтөбе, Жезқазған, Павлодар, Семей, Петропавл, Қарағанды облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институттары мұғалімдерді этнопедагогикалық дайындықтан өткізуде. Сол институттардың әдіскерлерін біз даярлықтан екі рет республикалық курс ұйымдастырып, өткіздік.

Бағдарлама кіріспесінде халық педагогикасы туралы түсінік, этнопедагогика – ғылым, оның пәні мен міндеттері, қазақ педагогикасының негізгі ұғымдары берілген. Бірінші бөлімде үш тақырып: Қазақ халық педагогикасындағы тәрбие мақсаттары, Қазақ этнопедагогикасының принциптері, тәрбиелеу әдістері мен факторлары, Қазақ халық педагогикасының негіздері мен асыл-арналары көрсетілген. Екінші бөлімде: Қазақ этнопедагогикасындағы тәрбие түрлері: дене тәрбиесі, адамгершілік-имандылық тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, музыкалық тәрбие, экономикалық тәрбие, экологиялық тәрбие, отбасы тәрбиесі қарастырылады. Үшінші бөлімде: Қазақтың этнодидактикасы, онда халық педагогикасындағы білім берудің мазмұны, халық педагогтары, мектептің оқу-тәрбие ісінде этнопедагогиканы пайдалану әдістемесі берілген. Төртінші бөлімде: Қазақстанда этнопедагогика ғылымының VI - XX ғасырлардағы даму тарихы баяндалады. Бағдарлама соңында Қазақстанда этнопедагогика бойынша жарық көрген әдебиеттер тізімі берілген. Осы бағдарламамен 1500-ден аса облыс мектептері мұғалімдерін этнопедагогикалық даярлықтан өткіздік.

Сонымен, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарының мектеп мұғалімдерін ұлттық тәрбие беруге

даярлау бойынша бағдарламалары мен әдістемелік нұсқауларын талдай отырып, мынадай қорытындылар жасауға болады:

1. Бағдарламалардың мазмұндары өртүрлі, олардың көпшілігінде қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық, теориялық және практикалық мәселелері тұтастай қарастырылмаған;

2. Бағдарламалар қазақ халық педагогикасы мәселелерін қарастырумен шектелген;

3. Бағдарламаларда қазақ халық педагогикасы мен этнопедагогиканың жеке проблемалары ғана қарастырылады;

4. Көптеген бағдарламаларда халықтық дидактика мәселелері және қазақ этнопедагогикасының тарихы да қарастырылмаған;

5. Бағдарламалар республикалық деңгейде талқылаудан өтпеген, талапқа сай келмейді;

6. Әдістемелік нұсқауларда ұйымдастыру мәселелері мен жеке іс-тәжірибелер ұсынылған, ал қазақ этнопедагогикасы және оның тарихы бойынша мәселелердің мазмұндары жасалынбаған.

Сондықтан мұғалімдер білімін жетілдіру институттарына мұғалімдерді этнопедагогикалық даярлықтан арнайы өткізетін типтік бағдарлама жасау қажет. Біздің “Ұлттық тәлім-тәрбие” бағдарламамыз республикалық деңгейде талқыланып, пайдалануға ұсынылып, барлық облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарына таратылған, оған педагогикалық баспасөз беттері мен жеке зерттеу еңбектерінде жоғары баға берілген [35, 49]. Өйткені, онда қазақ халық педагогикасы, қазақ этнопсихологиясы, қазақ этнопедагогикасының теориялық, практикалық, әдістемелік және тарихи мәселелері, қазақ ғылыми педагогикасы мен психологиясының және олардың тарихи мәселелері тұтастай қамтылып, қарастырылған [46].

Сонымен, мектеп мұғалімдерін ұлттық тәрбиеге даярлауды кешенді қарап, оларға этнопедагогикалық білім беруді типтік оқу бағдарламасы, оқу құралдары мен маман кадрлар арқылы жүзеге асыру қажет. Ол үшін мұғалімдерге арнап қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық, теориялық, практикалық және әдістемелік проблемалары бойынша әдебиеттерді көптеп шығару керек.

## ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІ МҰҒАЛІМДЕРІН ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУГЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

### 2.1 Мұғалімдерді арнайы “Ұлттық тәлім-тәрбие” бағдарламасы бойынша дайындау

“Ұлттық тәлім-тәрбие” дайындық курсы бағдарламасының мақсаты – мұғалімдерді қазақ халқының тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі санғасырлық білімімен және тәжірибесімен қаруландыру.

Мақсат мынадай міндеттерді шешкенде іс жүзіне асады:

- мұғалімдерді қазақ этнопедагогикасының теориясы және практикасымен, қазақ этнопедагогикасының зерттеу көздерімен, қазақ этнопедагогикасының тарихымен таныстыру;

- оларды өзбетінше таңдаған тақырып бойынша жұмыс істеуге, ғылыми-зерттеу жұмыстары түрлеріне үйрету және кафедра оқытушыларының этнопедагогика саласы бойынша зерттеу жұмысына тарту.

Бағдарлама түсінік хаттан және мазмұннан тұрады.

Түсінік хат: Қазақ халық педагогикасының тәрбиелік және оқулық мүмкіндіктерін қазіргі мектептерде пайдалануда және іске асыруда мұғалімдер мен тәрбиешілердің дайындықтары жоқ. Себебі оларға жоғары оқу орындарында психологиялық және педагогикалық пәндерді оқытуда халық педагогикасы бойынша ғылыми білімдер жүйесі берілмеді.

Қазір мектептерде ұлттық тәлім-тәрбие беру үздіксіз тәрбиенің негізіне алынған, себебі ол халқымыздың мүддесі және талабы. Ал ол міндетті шешу және іске асыру ұлтжанды-педагогтар даярлауды қажет етеді. Сол үшін қазақ мектептері мұғалімдері мен тәрбиешілерін ұлттық тәлім-тәрбие беруге дайындау бүгінгі таңда кезек күттірмейтін маңызды мәселе.

Қазақстан Республикасының Білім Министрлігі 1993 жылы 5 ақпанда ұлттық тәлім-тәрбиені ұйымдастырып, іске асыруда басшылыққа алатын “Тәлім-тәрбие тұжырымдамасын” ұсынды. Онда мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында ұлттық тәлім-тәрбие курстарын жүйелі түрде ұйымдастырып отыру және ұлт мәдениеті мен оқу-тәрбие жұмысының жетістіктерін үнемі насихаттауды қарастыру керек екені ерекше атап көрсетілген.

Ұлттық мектептердің пайда болуы және дамуы тек қана халықтық педагогика негізінде іске асатынын дүниежүзілік тәжірибелер дәлелдеуде. Ал қазақ мектептерінде ұлттық тәлім-

тәрбие беру ісі мұғалімдер мен тәрбиешілерді халықтық педагогика бойынша теориялық-әдістемелік даярлықтан өткізгенде ғана жүзеге асады. Сондықтан біз облыс мектептерінің басшыларын, мектеп мұғалімдері мен тәрбиешілерін, мектептен тыс тәрбие мекемелерінің қызметкерлерін және балабақша меңгерушілері мен тәрбиешілерін ұлттық тәлім-тәрбие беру дайындық курсынан өткізу бағдарламасын жасадық.

"Ұлттық тәлім-тәрбие" дайындық курсының бағдарламасы қазақ этнопедагогикасының теориялық-әдіснамалық проблемаларынан, қазақ этнопедагогикасының тарихынан, қазақ этнопедагогикасындағы тәрбие түрлерінен және қазақтың халықтық дидактикасынан тұрады.

Жалпы білім беретін мектептің тәрбие жүйесі бірін-бірі толықтыратын, сабақтастыратын негізгі екі бөлімнен құрылады. Бірінші бөлім – оқу, білім беру саласындағы тәрбие, екінші – арнайы тәрбие. Мектептегі тәрбиенің мазмұны мен түрлерін түбегейлі жаңарту ісін осы екі негізгі бөлімнің мазмұнын өзгерту және оларды халықтық педагогикамен байыту қажет.

Мектепте тәрбие мақсатын көздеген арнайы үш пән ендіру ұсынылды: "Өнер және әдеп" (4 - 7 сыныптарға арналған), "Қазақ халқының салт-дәстүрлері" (8 - 9 сыныптарға арналған) және "Ұлттық мәдениет тарихы" (10 - 11 сыныптарға арналған). Ал осы пәндерді оқытатын мұғалімдер жоқтың қасы, оларды оқытуға ұлтжанды-педагогтар даярлау қажет және міндет. Сондықтан алдын ала сондай мұғалімдерді даярлауды мақсат етіп біз осы бағдарлама бойынша институтта жүйелі жұмыс істейтін курстар ашуды қажет деп санаймыз.

Дайындық курсына 80 сағат бөлінген, оның 50 сағаты лекция, 30 сағаты семинарлық және практикалық жұмыстарға арналған. Бағдарлама соңында қазақ халық педагогикасының асыл-арналарынан, қазақ этнопедагогикасынан, ғылыми педагогикадан, оның тарихынан Қазақстанда жарық көрген әдебиеттер тізімі берілген.

### Бағдарлама мазмұны

I тақырып. Этнопедагогика – ғылым, оның пәні мен міндеттері

Халықтық педагогика ұғымы. Этнопедагогика – ғылым, оның пәні мен міндеттері.

Халық педагогикасының негізгі ұғымдары: тәрбие, білім беру, оқыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өсиет, адамды жетілдіру және дамыту, т.б.

II тақырып: 1. Қазақ халық педагогикасындағы тәрбие мақсаттары

Өртүрлі тарихи кезеңдердегі халықтың педагогикалық көзқарастарындағы тәрбиенің мақсаттары:

- а) Халықтың тәрбие мақсатын ұғынуы;
- б) Халықтың балаға сүйіспеншілігі және ынтығасы;
- в) Баланы еңбекке баулу және дағдыландыру;
- г) Дені сау жеткіншек тәрбиелеу;
- д) Бала ақыл-ойын дамыту;
- е) Баланың адамгершілік және имандылық санасын қалыптастыру;
- ж) Сұлулықты сүюді дағдыландыру;
- з) "Сегіз қырлы, бір сырлы" азамат тәрбиелеу.

2. Қазақ халық педагогикасының принциптері, тәрбиелеу әдістері мен факторлары

а) *Принциптері* : Халықтық, табиғилық, мәденилік, өмірмен байланыстылық, еңбекпен тәрбиелеу және т. б.

б) *Тәрбиелеу әдістері* : Сенім, үлгі-өнеге көрсету, түсіндіру, ырым ету, жаттығу, тілектестік және бата беру, сұрану, ақыл-кеңес беру, ымдау, қолдау, ұрсу, жаратпау, тиым салу, қорқыту, қарғау, балағаттау, жазалау, сабау, ақыл беру, т. б.

в) *Тәрбиелеу факторлары* : Табиғат, еңбек, тарих, тұрмыс, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, өнер, дін, ана тілі және т. б.

III тақырып. Қазақ этнопедагогикасының зерттеу негіздері мен асыл-арналары

1. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі:
  - а) Эпос және қазақ халқының педагогикалық мәдениеті;
  - б) Мақалдар, мәтелдер және жұмбақтар – педагогикалық асыл-қазыналар;
  - в) Тәрбиенің өлеңдік поэзиясы;
  - г) Ертегілер халықтық тәрбие жүйесінде;
  - д) Тәрбиенің өнерлік және музыкалық негіздері;
  - е) Жаңылтпаш, санамақ, айтыс, мазақтама және т. б. тәрбие құралдары.

з) Тарихи жырлардың тәрбиелік мәні.

2. Ұлттық өнердің тәрбиелік мәні:

- а) Сәулет өнері мен бейнелеу өнері;
- б) Кәсіптік қолөнері;
- в) Ұлттық музыка өнері;

3. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері:

- а) Әдет-ғұрыптар туралы түсінік;
- б) Салт-дәстүрлер туралы түсінік;
- в) Қазақтың салт-дәстүрлерінің түрлері: бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер, тұрмыстық салт-дәстүрлер; әлеуметтік-мәдениет салт-дәстүрлер, олардың тәрбиелік мәндері.

4. Көшпенді қазақтардың тәрбие және оқыту туралы санғасырлық мұрасы:

а) Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі тәлім-тәрбие идеялары (VI - VIII ғ.) және Қорқыт-ата мұрасындағы тағлым мәселелері (IX ғ.);

б) Әл-Фарабидің (850 - 950) психологиялық және педагогикалық мұралары;

в) Жүсіп Баласағұнидің, Махмұд Қашғаридің, Ахмед Иүгінекидің, Ахмед Иасауидің, Сайфи Сараидің, Равани Хорезмнің, Қайқаустың және т. б. трактаттарындағы оқыту және тәрбиелеу мәселелері (XI - XIV ғасырлар);

г) Қазақстанда XV - XVII ғасырлардағы (Асан Қайғы, Шалкиіз, Хайдар Дулати, Қыдырғали Жалаири, Жиенбет және т. б.) психологиялық және педагогикалық ой-пікірлер;

д) Қазақстанда XVIII - XIX ғасырдың бірінші жартысындағы (Ақтамберді, Бұхар, Шал, Дулат, Махамбет және т. б.) психологиялық және педагогикалық ой-пікірлер;

е) Қазақстанда XIX ғасырдың екінші жартысындағы (Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев) педагогикалық және психологиялық ой-пікірлер;

ж) Қазақстанда XX ғасырдың басындағы (С. Торайғыров, М. Сералин, Ш. Құдайбердиев, М.Ж. Көпеев, Ф. Қарашев, С. Дөнентаев және т. б.) педагогикалық және психологиялық ой-пікірлер.

#### IV тақырып. Қазақ этнопедагогикасындағы тәрбие түрлері

1. Адамгершілік-имандылық тәрбие.

Қазақ халқының балалар мен жастарға қоятын негізгі психологиялық-моральдық талаптары.

Адамгершілік-имандылық тәрбиенің міндеттері, құралдары, формалары, әдістері және мазмұны.

Халық педагогикасындағы адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселелері. Халық педагогикасындағы патриоттық және ұлтжандылық тәрбие.

2. Ақыл-ой тәрбиесі.

Қазақ халқы ақылдың адам үшін маңызы туралы.

Ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері, құралдары, формалары, әдістері мен мазмұны.

3. Әсемдік тәрбие.

Қазақ халқының эстетикалық мәдениеті. Қазақ ауыз әдебиетіндегі әсемдік идеясы. Әсемдік тәрбиенің міндеттері, құралдары, формалары, әдістері және мазмұны.

4. Музыкалық тәрбие.

Қазақ халқының музыкалық-әншілік дәстүрлері. Музыкалық тәрбие берудің міндеттері, құралдары, әдістері, формалары және мазмұны.

5. Еңбек тәрбиесі.

Қазақ халқының еңбек дәстүрлері.

Еңбек тәрбиесінің міндеттері, құралдары, әдістері, формалары және мазмұны.

6. Үнемділік тәрбие.

Қазақ халқының ертедегі экономикалық өмірі және оның ауыз әдебиетіндегі көрінісі. Экономикалық тәрбиенің міндеттері, құралдары, формалары, әдістері және мазмұны.

7. Табиғат қорғау тәрбиесі.

Табиғат қорғаудың халықтық дәстүрлері. Табиғат қорғаудың міндеттері, құралдары, формалары, әдістері және мазмұны.

8. Дене тәрбиесі.

Қазақ халқының ұлттық ойындары. Қазақ халқының спорттық ойындары. Дене тәрбиесінің міндеттері, құралдары, әдістері, формалары және мазмұны.

9. Отбасы тәрбиесі.

Қазақ халқының отбасы салт-дәстүрлері. Құрсақ тәрбиесі. Бесік тәрбиесі. Қыз бала тәрбиесі. Ұл бала тәрбиесі. Келін тәрбиесі. Азамат тәрбиесі.

V тақырып. Қазақстанда Кеңес өкіметі жылдарындағы психология, этнопсихология, педагогика, этнопедагогика ғылымдары негіздерінің және қазақ мектептерінің дамуы мен қалыптасуы (1917 - 1991 ж.ж.)

A. Оқыту мен тәрбиелеу саласындағы ғылыми ойдың алғашқы өркендері (20 жылдар)

1. Қазақстанда Совет өкіметінің алғашқы жылдарында шыққан педагогикалық және психологиялық еңбектер (Н. Құлжанованың, В.Я. Струминскийдің, Ә. Сыдықовтың, Н.С. Архангельскийдің және т. б. еңбектері).

2. Қазақтың мерзімдік баспа сөздері «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты» газеттері мен «Мұғалім», «Қазақстан», «Айқап», «Жаңа мектеп» журналдары және олардың тәлім-тәрбиелік рөлі.

3. XIX ғасырдың екінші жартысы және 20 жылдардағы медреселер мен мектептердегі (Көне, төте, мұсылман, орыс-қазақ) оқу-тәрбие жұмысы. Төте оқудың прогрестік рөлі.

4. А. Байтұрсынның, М. Дулатовтың, М. Жұмабаевтың, Х. Досмұхамедовтың этнопедагогикалық мұралары.

5. Ж. Аймауытовтың психологиялық, педагогикалық, этнопедагогикалық мұрасы. Оның аты Қазақстанда психология ғылымының қалыптасуы мен дамуындағы рөлі.

B. 30 жылдары, Ұлы Отан соғысына дейінгі және соғыс кезіндегі педагогика мен психология ғылымдар негіздерінің қалыптасуы

1. Ш. Әлжановтың, Ш. Қоқымбаевтың, С. Қожахметовтың, С. Сейфуллиннің, М. Әуезовтың және т. б. еңбектеріндегі психология және педагогика ғылымдарының теориялық және тарихи мәселелері.

2. Р.Г. Лемберттің, Ә. Сыдықовтың, Т. Тәжібаевтың, С. Балаубаевтың, Қ. Мұхамеджановтың және т. б. еңбектеріндегі педагогика және психология ғылымдарының теориялық және тарихи мәселелері.

3. 1930 - 1944 жылдары қазақ мектептерінің қалыптасуы және халық ағарту ісінің жайы.

*В. Қазақстанда психология, педагогика, этнопсихология, этнопедагогика және методика ғылымдарының соғыстан соңғы дамуы (1945 - 1991 ж.ж.)*

1. Р.Г. Лемберг еңбектеріндегі дидактика проблемалары.

2. Т. Тәжібаевтың, Ә. Сембаевтың, К. Бержановтың, Қ. Жарықбаевтың, М. Мұқановтың, И. Мадиннің, Г. Храпченковтың және т. б. тарихи-психологиялық және педагогикалық зерттеулері.

3. Г.А. Умановтың, А.П. Сейтешовтың, Л. Керімовтің және т.б. еңбектеріндегі еңбек тәрбиесі және қиын балаларды тәрбиелеу мәселері.

4. Мұғалімнің кәсіптік даярлығының ғылыми-педагогикалық проблемалары (Н.Д. Хмель, А.М. Құдайқұлов және т. б.).

5. Жеке пәндерді оқыту методикасының дамуы.

6. Т. Тәжібаевтың, С. Ғабдуллиннің, Қ. Бержановтың, Қ. Жарықбаевтың, С. Қалиевтің, З. Әбілованың, С. Ұзақбаеваның, М. Балтабаевтың, К.Қожахметованың және т. б. еңбектеріндегі этнопсихология және этнопедагогика мәселелері.

7. 1945 - 1991 жылдары қазақ мектептерінің дамуы.

**VI тақырып. Қазақстанда егеменді ел болғаннан бергі педагогика, психология, этнопедагогика және этнопсихология ғылымдарының дамуы**

1. Педагогика және психология ғылымдарының дамуы (лекциялар курсы, жинақтар, оқу құралдар, мақалалар және т. б.).

2. Этнопсихология және этнопедагогика ғылымдарының дамуы (конференциялар, семинарлар материалдары, жеке еңбектер мен мақалалар).

3. Мерзімдік баспасөздер беттеріндегі этнопсихология және этнопедагогика мәселелері.

**VII тақырып. Қазақтың ұлттық мектептерінің жайы, оларды жасау және ұлтжанды-педагогтар даярлау мәселелері**

1. Ұлттық мектептерді құру мәселелері.

2. Ұлтжанды-педагогтар даярлау мәселелері.

**VIII тақырып. Қазақтың халықтық дидактикасы**

1. Халық педагогикасындағы оқыту және білім берудің мазмұны. Халық педагогикасындағы оқыту және білім беру жүйесі:

а) Табиғат туралы білімдер жинағы;

б) Адам туралы білімдер жинағы;

в) Қоғам туралы білімдер жинағы.

2. Халық педагогтары: ана, әке, әже, ата, туған-туыстар, хандар, ғұламалар, билер, жыршылар, ақын-жыраулар, ауыл адамдары, ағартушы-ұстаздар, діни адамдар, т. б.

Халық педагогтарының тәжірибелерін ұйрену, зерттеу, тарату және мектеп практикасына ендіріп, пайдалану.

3. Мектептің оқу-тәрбие ісінде халық педагогикасын пайдалану әдістемесі:

Оқу пәндерін оқытуда халық педагогикасын пайдалану әдістемесі. Сыныптан тыс жұмыста халық педагогикасын пайдалану әдістемесі. Ата-аналармен жұмыста халық педагогикасын насихаттау жолдары.

Зерттеу базасы ретінде Жамбыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты алынды. Бағдарламаны осы институттың оқу жоспарына 1992 жылдан бастап ендірілді.

“Ұлттық тәлім-тәрбие” бағдарламасы бойынша облыс мұғалімдерін этнопедагогикалық даярлықтан өткізу үшін институтта көптеген ғылыми-ұйымдастыру шаралары жүргізілді. Олар:

1. Институттың оқу жоспарына “Ұлттық тәлім-тәрбие” бағдарламасын ендіру;

2. Институттың барлық пән ісбөлмелерінде мұғалімдерді даярлау бағдарламаларына халықтық педагогика мәселелерін кіргізу;

3. Педагогика кафедрасының жанынан “Халықтық педагогика” зертханасын ашу;

4. Зертханаға ғалым-педагогтарды тарту, оларды халықтық педагогикадан сабақ беруге және оларға ғылыми жұмыстар жасауға жағдайлар жасау;

5. Халықтық педагогика, этнопедагогика және оның тарихы бойынша бағдарламалар, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік нұсқаулар және әдебиетер көрсеткіштерін шығару;

6. Ұлттық тәлім-тәрбие мәселелерін оқу-тәрбие мекемелеріне кеңінен уағыздау мақсатында институтта айына бір рет “Халық тәлімі” атты газета шығару;

7. Тәрбие әдістемесі ісбөлмесі қызметкерлері, педагогика кафедрасының оқытушылары және институт дирекциясы бағдарламаның іс-жүзіне асуын қадағалап, оның облыс мұғалімдерін ұлттық тәрбиеге даярлау ісінде өмірге енуіне жауапты.

Міне осындай практикалық іс-шаралар институт дирекциясы (институт директоры тәжірибелі, шебер ұйымдастырушы Р. Әбдіқасымов) басшылығымен жүзеге асырылды. Институттағы “Халық педагогикасы” зертхана меңгерушісі тәжірибелі, білгір маман А.А. Мейірманова, қызметкерлері Р.С. Сәдуақасова және

Т.Қ. Бөлеев қызмет етті. Педагогика кафедрасына профессор Ж. Боданов, доценттер Қ. Бөлеев, Ә. Қамақов, Ә. Мамашев, т. б. бірнеше тәжірибелі мұғалімдер тартылды. Олар мұғалімдерге арнап мына төмендегідей оқу-әдістемелік құралдарын баспадан шығарды:

Кесте 2.

Авторлары 1	Құралдардың аттары 2
1. Мейірманова А.	Қазақ халқының салт-дәстүрлері, 1991
2. Мейірманова А.	Қазақтың салт-дәстүрлері, 1992
3. Боданов Ж., Бөлеев Қ.	Қазақтың халық педагогикасы (әдебиеттер көрсеткіші), 1992
4. Жарықбаев Қ., Бөлеев Қ.	Қазақстанда педагогикалық ой-пікірлердің даму тарихы, 1992
5. Аймағамбетова Р., т.б.	Үздіксіз тәрбиенің тұжырымдамасы, 1992
6. Керімбеков М.	Ата-ана тәрбиесі, 1992
7. Керімбеков М.	“Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне байланысты тіл өнерін дамыту” үйірмесін ұйымдастыру, 1993
8. Бөлеев Қ.	Қазақтың халық педагогикасы (Әдебиеттер көрсеткіші), 1993
9. Құрсабаев М., Бөлеев Қ., Әбдіқасымов Р.	“Атамекен” бағдарламасына методикалық нұсқау, 1993
10. Қасымова Н.	Қазақ мектебінің жаңа қалпын жасау жөніндегі эксперимент ұйымдастыру, 1993
11. Әбдуова Н.	“Жанұя өмірінің әдеби мен психологиясы” пәніне арналған бағдарлама, 1993
12. Мамашев Ә., Қошанұлы Қ.	Сыбай бабамның өнері – біліктің көзі, байлықтың өзі, 1993
13. Мамашев Ә., Қасымова Н.	Қазақ мектебінде тәлім-тәрбие берудің инновациялық үрдісі, 1994
14. Абдықасымов Р., Бөлеев К., Бөлеев Т.	Великие мыслители Востока о воспитании, 1994
15. Мамашев А., Бөлеев Т.К.	Актуальные проблемы народной педагогики, 1994

2 кестенің жалғасы.

1	2
16. Құрастырушылар Р. Сейтпенбетова, Т. Сейталипа, Р. Сәдуақасова	Абай – ұлы тұлға (Мақалалар жинағы), 1994
17. Боданов Ж.Қ.	Ұлттық тәлім-тәрбиенің кейбір мәселелері, 1994
18. Боданов Ж.Қ.	Ұлттық идеология қажет, 1994
19. Мамашев А., Бөлеев Т.К.	Великий просветитель А. Кунанбаев, 1995
20. Боданов Ж.Қ.	Отбасы – тәрбие бесігі, 1996
21. Сейталипа Т.	Халық педагогикасы – оқу тәрбие процесінде, 1998

Мұғалімдер білімін жетілдіру институтында мұғалімдерді этнопедагогикалық даярлықтан “Ұлттық тәлім-тәрбие” бағдарламасы бойынша оқытылатын дайындық курсының оқу пәні “Қазақ этнопедагогикасы” деп аталды.

Енді “Қазақ этнопедагогикасы” пәнін оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістеріне тоқталайық. “Қазақ этнопедагогикасы” оқу пәнінің мазмұны мектеп мұғалімдерін этнопедагогикалық білімдер, іскерліктер және дағдылармен қаруландыру үшін оның ұлттық тәрбие берудегі мүмкіншіліктерін ашып көрсете алатын оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістерін анықтау қажет. Ол үшін жоғары мектеп педагогикасындағы оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістеріне сүйену керек болды [71, 72, 73, 74]. Осылайша қазақ этнопедагогикасын бағдарламаға сәйкес оқыту формалары мен әдістерін анықтадық. Оқыту үрдісін ұйымдастырудың лекциялық, семинарлық, практикалық, экскурсиялық, т. б. формаларын пайдаландық. Ал оқыту әдістері – ауызша, көрнекілік, практикалық, индуктивтік, дедуктивтік, репродуктивтік, проблемалары-ізденістік, танымдық ойындар, оқулық дискуссиялар, эмоционалды-адамгершілік ситуациялар туғызу, жауапкершілік, сенім, талап қою, қолдау және т. б. пайдаландық. Әсіресе оқыту формасы – мұғалімдердің өзіндік жұмыстарының әдістері – лекцияларды тыңдау және ойлап-еске түсіру, семинарлық және практикалық сабақтарға дайындық, оқулықтармен, бастапқы көздермен жұмыс істеу, болашақ ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерекше назар аудардық.

Мұғалімдердің этнопедагогикалық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын анықтауда әңгімелесу, сұрақнама, тестілеу формалары

қолданылды. Сондай-ақ мұғалімдердің рефераттар, баяндамалар, бақылау жұмыстарын, жыл сайын есеп беру жұмыстарын орындауына ерекше көңіл бөлдік.

“Қазақ этнопедагогикасы” оқу пәніне оқу жоспары бойынша 40-80 сағат аралығында бөлінген, оның 26-50 сағаты лекция, 10-20 сағаты семинар, 4-10 сағаты практикалық жұмыстар өткізу.

Енді оқылған лекциялардың толық жоспарлары мен мазмұндарын берелік. Барлық лекцияларды түгел беруге мүмкіндік болмағандықтан солардың алтауын – қазақ этнопедагогикасынан және жетеуін – оның тарихынан келтірелік.

“Қазақ этнопедагогикасы” пәнінен лекциялық және семинарлық сабақтарды Ж.Қ. Боданов, Қ. Бөлеев, Ә. Қамақов, Р. Әбдіқасымов, А. Мейірманова, Т. Сейталипа, ал практикалық сабақтарды ісбәлмелер әдіскерлері Р. Сәдуақасова, М. Керімбеков, Р. Жанғужина, Ш. Әлмұхамбетова, Д. Омарова, Ж. Медеуова, К. Досмұхамбетова, Н. Медведева жүргізді. Лекциялық және семинарлық сабақтар М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің арнайы жабдықталған “Қазақ төлім-тәрбиесі” зертханасында өткізілуде.

*Лекция 1. Тақырыбы “Этнопедагогика – ғылым, оның пәні мен міндеттері”*

*Жоспар*

1. Кіріспе. Халықтық педагогика туралы түсінік.
2. Этнопедагогика – ғылым, оның пәні мен міндеттері және негізгі ұғымдары.

Лекцияға және семинарға қажетті әдебиеттер [75, 76, 77, 78, 79, 80, 60, 81, 24, 49, 32, 41, 43, 35, 82, 83, 84].

Лекцияның бірінші сұрауы кіріспеде халықтық педагогика ұғымы туралы түсінік шетел ғалымдары еңбектері негізінде тарихи шолу ретінде баяндалады. Онда шетел педагогикасының классиктері – Я.А. Коменскийдің, Г. Пестолоццидің, К.Д. Ушинскийдің, Н.К. Крупскаяның, А.С. Макаренконың, В.А. Сухомлинскийдің; этнопедагогтары – Г.С. Виноградовтың, А.Ф. Хинтибидзенің, Г.Н. Волковтың, Я.И. Ханбиковтың, А.Ш. Гашимовтың, В.Ф. Афанасьевтің, И.А. Шоровтың, Г.Н. Филоновтың; қазақ ғалым-педагогтары – Қ. Жарықбаевтың, С. Ұзақбаеваның, С. Қалиевтің, М. Әлімбаевтың, З. Әбілованың, Е. Сағындықовтың, Қ. Бөлеевтің, К. Қожахметованың, т. б. еңбектеріндегі халықтық педагогика туралы ой-пікірлеріне жеке-жеке тоқталып, олардың “Халықтық педагогика” ұғымына берген түсініктемелері, анықтамалары мынадай кесте арқылы баяндалады:

Кесте 3.

Ғалымдардың аты-жөні 1	Анықтамалары 2
1. Шетелдік ғалымдар	
1. Виноградов Г.С.	Халықтық педагогика – білімдер мен дағдылардың жиынтығы (1926 ж.).
2. Волков Г.Н.	Халықтық педагогика – халықтың тәрбиелік мәселелері жөніндегі эмпирикалық мағлұматтарының және білімдерінің жиынтығы (1958 ж.).
3. Ханбиков Я.И.	Халықтық педагогика – халықтық эмпирикалық білімдер саласы, оларда тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері, еңбекшілердің кең бұқарасы қолданатын тәрбие мен оқытудың халықтық құралдарының, іскерліктерінің және дағдыларының жиынтығы көрініс тапқан (1967 ж.).
4. Гашимов А.Ш.	Халықтық педагогика – кең мағынада алғанда халық бұқарасының тәрбие мәселелері жөніндегі көзқарастарының, идеяларының, салттарының, дәстүрлерінің жиынтығы (1970 ж.).
5. Волков Г.Н.	Халықтық педагогика – халықтың ауыз әдебиетіндегі, салттарындағы, ырымдарындағы, балалар ойындары мен ойыншықтарындағы сақталған педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы (1974 ж.).
6. Афанасьев В.Ф.	Халықтық педагогика – балалардың және халықтың өзінің күнделікті өмірі үшін қажетті білімдерді меңгерудің қамтамасыз еткен және қамтамасыз етіп келе жатқан халық бұқарасы білімдерінің жиынтығы. Жинақталып, практикада тексерілген бұл білімдердің қосындысы халықтық педагогиканың мәнін құрайды (1979 ж.).
7. Филонов Г.Н.	Халықтық педагогика – осы жергілікті халықтың қабылдаған тәрбиелеу әдіс-тәсілдері (1983 ж.).

1	2
8. Христова Е.Л.	Халықтық педагогика – халық бұқарасының таптық педагогикалық санасы (1988 ж.).
9. Измайлов А.Э.	Халықтық педагогика – халықтың тарихи және өлеуметтік тәжірибесінің жемісі ретінде ұрпақтан ұрпаққа көбнесе ауызекі беріліп келген, жинақталған және практикада тексерілген эмпирикалық білімдердің, мағлұматтардың, іскерліктердің және дағдылардың жиынтығы (1991 ж.).
2. Қазақстандық ғалымдар	
1. Өлімбаев М.	Сонымен халық педагогикасы дегеніміз не ? Ол – халықтың рухани мәдениетіне толқын-толқын ұрпақтардың көп болып, қауымдасып қосқан шығармашылық үлесінің нәтижесі. Халық педагогикасы – халықтың рухани мәдениетінің бір бөлігі, еңбеккер қалың көпшілік мүддесінің айқын көрінісі. Халықтың мұң-мұқтажына, қажетіне сай бұл педагогика тәрбиенің ең адамгершіл, ең демократияшыл мұраттарын ұсынады (1977 ж.).
2.	Халық педагогикасы – тәрбие жөніндегі халықтың білім, тәжірибесі. Халық педагогикасы дегеніміз ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ тәжірибесіндегі ұлттық салт-дәстүрлері мен мәдени ойлау процесінің озық үлгілерінің жиынтығы (Қазақ Кеңес энциклопедиясы, 11 том, 1997 ж.).
3. Жарықбаев Қ.	Халықтық педагогика – халықтың тәрбиелеу және оқыту туралы педагогикалық білімдерінің қосындысы (1992 ж.).
4. Ұзақбаева С.	Халықтық педагогика – тәрбие мен оқыту саласындағы халық бұқарасы білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының жиынтығы (1993 ж.).

1	2
5. Бөлеев Қ.	Халықтық педагогика – халық бұқарасының тәрбиелеу және оқыту туралы ғасырлар бойы жинақталған тәжірибелері мен білімдері, өйткені қазақ халқы “ғылым негізі – тәжірибе, даналық негізі – білім” - деген (1992 ж.).
6. Сағындықов Е.	Халық педагогикасы дегеніміз халықтың өзіне ғана тән ерекшеліктеріне негізделген, өзін қоршаған қоғамдық-өлеуметтік орта мен табиғат жағдайына бейімделе қалыптасқан, халықтың шаруашылық-экономикалық жағдайына байланысты атадан балаға мұра болып келе жатқан тәрбие туралы ақыл-ой үлгілерінің жиынтығы (1993 ж.).
7.	Халықтық педагогика – тәрбие жөніндегі халықтың тәжірибесі (Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі, 1995 ж.).

Сонымен, жоғарыда келтірілген анықтамалар авторлардың зерттеу тақырыптарына және нысаналарына байланысты әр түрлі екен. Егер нақты көңіл қойып қарасақ, олар бір-біріне қайшы келмейді, бірін-бірі толықтыра отырып, мазмұндары жағынан жақын, олар жеке-жеке өмір сүруге хақылы және сол ұғымдардың жоғары теориялық деңгейге көтерілуіне, дамып, қалыптасуына негіз болары хақ.

Екінші сұраудағы “Этнопедагогика – ғылым, оның мәні мен міндеттері” тақырыбында әрбір мәселені зерттейтін ғылым саласы болатындықтан халықтық педагогиканы да зерттеп, жүйелейтін ғылым саласы болатындығы, ол педагогика ғылымының жаңа саласы “Этнопедагогика” деп аталатыны, ол ұғымды ғылымға тұңғыш ендірген шуаш ғалымы академик Г.Н. Волков болғаны айтылады да, оның еңбектеріне қысқаша шолу жасалады. “Этнопедагогика” сөзінің қазақша мағынасы “этнос” – халық, ал педагогика – білім, тәрбие, оқыту туралы ғылым.

Тарихи-педагогикалық әдебиеттерде этнопедагогика ғылымына да шетел және қазақ ғалымдары әртүрлі анықтамалар берген. Енді соларды келтірелік.

Ғалымдардың аты-жөні	Анықтамалары
<i>1. Шетелдік ғалымдар</i>	
1. Волков Г.Н.	Этнопедагогика – халықтың жасөспірімді тәрбиелеу тәжірибесі, олардың педагогикалық көзқарастары, тұрмыс, отбасы, ру, тайпа, ұлт педагогикасы туралы ғылым. Этникалық педагогика тарихи жағдайда қалыптасқан ұлттық мінездегі ерекшеліктерді зерттейді” (1974 ж.).
2. Шоров И.А.	Этнопедагогика – негізгі және басты объектісі халықтық педагогика болатын педагогика ғылымының арнайы саласы (1989 ж.).
3. Огородников И.Т.	Этнопедагогика – халықтық педагогика мен халықтық тәрбие туралы педагогика ғылымы қайраткерлерінің шығармаларынан үзінділер (1974 ж.).
4. Ильина Т.А.	Этнопедагогика – педагогика мен этнография ғылымдарының байланысын көрсететін ғылым (1984 ж.).
<i>2. Қазақстандық ғалымдар</i>	
1. Жарықбаев Қ.	Этнопедагогика – әрбір этностың оқыту және тәрбиелеу туралы ғылымы (1992 ж.).
2. Қалиев С.	Этнопедагогика – ұлттар мен ұлыстардың ұрпақ тәрбиесіндегі бала тәрбиелеу әдістемелері мен оның мазмұнын зерттейтін ғылым (1993 ж.).
3. Бөлеев Қ.	Этнопедагогика – халықтық педагогиканы зерттейтін педагогика ғылымының саласы (1993 ж.).
4. Сағындықов Е.	Этнопедагогика – ұлт тәрбиесінің құрамды бөлімдерін нақтылы материалдармен қамтамасыз етіп, жабдықтап отыратын базасы, нәр алатын қайнар көзі (1993 ж.).
5. Жарықбаев Қ.	Этнопедагогика – халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы (1995 ж.).

Анықтамаларды түсіндіріп болған соң этнопедагогиканың негізгі ұғымдары: халықтық білім, халықтық тәрбие, халықтық оқыту, халықтың адамды жетілдіру және дамыту туралы түсініктер беріледі.

Сонымен, этнопедагогика – халықтық педагогиканы зерттейтін педагогика ғылымының саласы, оның пәні – ұлттық тәрбие үрдісі, ал міндеттері – ұлттық тәрбиенің мақсаттары: халықтың балаға сүйіспеншілігі мен ынтысын, баланы еңбекке баулу және дағдыландыру, дені сау жеткіншек тәрбиелеу, баланың ақыл-ойын дамыту, баланың адамгершілігін және имандылық санасын қалыптастыру, оны сұлулықты сүюге дағдыландыру, халқын, елін, жерін, табиғатын сүюге тәрбиелеу мәселелерін шешу екен.

*Лекция 2. Тақырыбы “Қазақ этнопедагогикасындағы адамгершілік-имандылық және ұлтжандылық тәрбиелері”*

*Жоспар*

1. Адамгершілік-имандылық тәрбиесі.
2. Ұлтжандылық тәрбие.

*Әдебиеттер [24, 29, 41, 60, 85, 86, 87, 64, 88, 89, 90, 18, 91].*

Лекцияның бірінші “Қазақ этнопедагогикасындағы адамгершілік-имандылық тәрбиесі” тақырыбында инабаттылық, ар-ұят, имандылық жөніндегі халықтық ұғымдардың ұлттық салт-дәстүрлерде, өлең-жырларда, мақал-мәтелдерде басты көрініс беретініне нақты мысалдар келтіріледі. Баланы ізгілікке, азаматтыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеуде отбасындағы үлкендердің үлгі-өнегесі, амандық-саулық сұрау, қонақ күту тәсілдері, келіндердің үлкендерді силауы, ат қою, ибалық сақтауы тәлімдерінің тәрбиелік мәндері ашып көрсетіледі.

Баланы имандылыққа тәрбиелеуде мұсылманның қасиетті кітабы “Құран” туралы, оның аяттарының адамды адалдыққа, шыншылдыққа, ізгілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеудегі рөлі, Мұхаммед пайғамбардың “1001 қадистеріндегі” әдеп-иманға, төртіп пен тазалыққа үндейтін мол үлгілері, өнегелері туралы түсінік беріледі.

Екінші сұраудың “Қазақ этнопедагогикасындағы ұлтжандылық тәрбие” тақырыбында қазақ халқының баланы ерлікке тәрбиелеудің негізі өз елін, жерін, Отанын, отбасын, ағайын туыстарын, ауыл-аймағын сүюден тууы, жастарды ерлікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеудегі қазақтың мақал-мәтелдерінің және батырлық жырларының маңызы мен мәні нақты үзінділер келтіріліп баяндалады.

Соңғы жылдары батыр бабаларымыздың аттарын жаңғыртып, олардың ерліктерін паш ету, оларды еске алу тойларының өткізілуі жастарды ұлтжандылыққа, ерлікке тәрбиелеу мақсатында екені айтылады. Жас ұрпақты батылдыққа тәрбиелеудегі қазақтың

ұлттық ойындары – ат жарыс, аударыспақ, сайыс, жебе ату, найзаласу, т. б. түрлері олардың мазмұндарын ашып көрсету арқылы дәлелденеді.

Мұғалімдерге тақырыптар бойынша рефераттар жазуға тапсырмалар беріледі.

**Лекция 3. Тақырыбы "Қазақ этнопедагогикасындағы дене және ақыл-ой тәрбиелері"**

*Жоспар*

1. Қазақ этнопедагогикасындағы дене тәрбиесі.
2. Қазақ этнопедагогикасындағы ақыл-ой тәрбиесі.

*Әдебиеттер* [92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 29, 102, 88, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112].

Лекцияның бірінші сұрауындағы "Қазақ этнопедагогикасындағы дене тәрбиесі" тақырыбында қазақ халқы жас баланы дүниеге келісімен тұзды сумен жуындыру, денесін маймен сылау, қол-аяғын созу әрекеттері, бала ауруларын халықтық медицинамен емдеуіне мысалдар келтіріледі. Баланың денесін шынықтыру үшін қолданылатын әдістер: иық қағыстыру, төс соғыстыру, маңдай сүзістіру, білек күшін сынау, бел күшін сынау, мықын итерісу, күресу, жаяу жарыс, қоржын байлап жарысу, еңбектегіп жарыстыру, аударыспақ, т. б. қолданылуы. Әсіресе балаға дене тәрбиесін беруде ұлттық ойындар теңге ату, соқыр теке, т. б. түрлерінің маңызы туралы айтылып, ұлттық ойындардың мазмұнын Б. Төтенаевтың "Қазақтың ұлттық ойындары", Е. Сағындықовтың "Қазақтың ұлттық ойындары", Ә. Бүркітбаевтың "Спорттың ұлттық түрлері және олардың тәрбиелік мәні", "Соқыр теке" жинақтарынан алуға болатыны ескертіледі. Бірнеше ойындардың мазмұндары айтылып, олардың дене тәрбиесін берудегі рөлдері ашылып көрсетіледі.

Екінші сұраудағы "Қазақ этнопедагогикасындағы ақыл-ой тәрбиесі" тақырыбы бойынша қазақ халқының дүниетанымы туралы ұғымдары: Әлем, әлемнің төрт негізі: жер, ана, көк, төңірі жөніндегі түсініктері; қазақ халқының астрономиялық білімдері: Күн, Ай, жұлдыздар туралы, жеті ғалам, жеті хат көк, жеті күн туралы түсініктері; ауа райы туралы білімдері түсіндіріледі. Бұл жинақталған білімдер қазақ астрономдары Х. Әбішевтің, М. Исқақовтың еңбектері негізінде беріледі. Және де халықтың төрт түлік малға байланысты білімдері жеке-жеке түсіндіріледі.

Балаға ақыл-ой тәрбиесін берудің басты құралдары қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелер, шешендік сөздер, термелердегі ақыл-нақыл өсиеттер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, халықтық математика есептері. Осылар арқылы баланы өнер-білімге, тапқырлыққа, ойлауға тәрбиелеу халықтық дәстүрге айналғаны айтылады. Әсіресе қазақ халқының шежіресінің

білімділік және тәрбиелік мәндері, олар туралы жарық көрген Ш. Құдайбердиевтің, Ж. Көпеевтің, С. Толыбековтің, т. б. еңбектері негізінде баяндалады. Халық шежіресі – халық тарихы, ол тәрбие мен білім негізі болғаны айтылады.

Мұғалімдерге дене және ақыл-ой тәрбиелері бойынша рефераттар жазуға тақырыптар беріледі.

**Лекция 4. Тақырыбы "Қазақ этнопедагогикасындағы еңбек және кәсіби тәрбиелер"**

*Жоспар*

1. Қазақ халқының еңбек дәстүрлері.
2. Қазақ этнопедагогикасындағы еңбек және кәсіби тәрбиелер, олардың бірлігі.

*Әдебиеттер* [104, 105, 24, 111, 60, 19, 113, 114, 115, 116, 33, 29, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127].

Лекцияның бірінші сұрауы "Қазақ халқының еңбек дәстүрлері" тақырыбында көшпелі халқымыздың еңбек дәстүрлері мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, балық шаруашылығы, қолөнері салаларындағы халықтық салт-дәстүрлерде екені; олар: қазақ халқының тұрмыстық салт-дәстүрлерінде және мәдени-өлеуметтік салт-дәстүрлерінде көрініс бергені тарихи-этнографиялық және мәдени-өлеуметтік еңбектер негізінде баяндалады.

Екінші сұрау "Қазақ этнопедагогикасындағы еңбек және кәсіби тәрбиелер, олардың бірлігі" тақырыбында қазақ халқының балаға еңбек тәрбиесі, еңбекке тәрбиелеудің және кәсіби бағдар берудің жолдарына – ұл баланы жастайынан мал бағуға, қора салуға, қол өнеріне үйретудегі өке мен атаның рөлдері, ал қыз баланы кесте тігуге, ою-өрнек салуға, ши және алаша тоқуға, қиіз басуға, сырмақ пен текемет жасауға, тон пішуге, көйлек-көншек және шапан тігуге үйретуге анасы мен әжесінің рөлдері айтылады да, қазақтың "Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер" мәтелдің мәні осыда екені түсіндіріледі.

Баланы кәсіптік мамандыққа тәрбиелеудің басты құралы төрт түлік мал бағуға үйрету, мал ауруларының түрлерін білдіру, оны емдеуге үйрету болған. Осыдан қойшы, сиыршы, жылқышы, ешкіші, емші мамандықтарын бала өте жақсы игерген.

Балаға кәсіптік тәрбие беруде балық шаруашылығы мен аңшылық та пайдаланылған. Балықшылық, аңшылық пен саяткерлікке баулу арқылы, олардың ептілік пен қырағылықты қажет ететінін түсіндіру және машықтандыру арқылы балықшы, аңшы, саяткер, құсбегі мамандықтары берілген.

Баланы кәсіби бағытта тәрбиелеуде ұлттық өнердің алатын орны мен рөлі ерекше болған. Қазақ халқы шешендік өнер, қолөнер, көркемөнері арқылы баланы шешендікке, қолөнерге, өн салуға, би билеуге кеңінен үйреткен. Содан қазақта "Өнерді үйрен,

үйрен де жирен", "Жігітке жетпіс өнер де аз", т. б. мақалдар, өлең-жырлар, ертегілер, аңыз-өңгімелер шыққаны соған дәлел екендігі мысалдар келтіру арқылы әңгімеленеді.

Мұғалімдерге бұл мәселелер туралы көрсетілген әдебиеттерді оқып, семинар сабағында баяндауды және әрбір кәсіби мамандықтар бойынша рефераттар жазу тапсырылады.

### Лекция 5. Тақырыбы "Қазақ этнодидактикасы"

#### Жоспар

1. Қазақ этнопедагогикасындағы білім беру мазмұны.
2. Қазақ халқының тәлімгерлері.

*Әдебиеттер* [125, 104, 105, 97, 98, 99, 100, 121, 110, 106, 96, 94, 101, 102, 112, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136].

Лекцияның бірінші сұрауы "Қазақ этнопедагогикасындағы білім беру мазмұны" тақырыбында халқымыздың санғасырлық жинақтаған халықтық білімдерін үйрету, оқыту және меңгертумен айналысатын этнопедагогиканың саласы этнодидактика деп аталатыны, ал халықтық білімдер табиғат, адам және қоғам туралы халықтық білімдердің жиынтығы екені айтылады.

Ал халықтық білімдердің жиынтығын екі топқа бөлуге болады:

а) *жалпы*, оған: ана тілі, өз туған халқының тарихы, туған жердің географиясы, математикалық, астрономиялық, метеорологиялық, медициналық, ауылшаруашылық білімдері;

б) *арнаулы*, оған әртүрлі қолөнер кәсіптік заттар бойынша білімдер.

Осы халықтық білімдерді үйрету, оқыту және меңгерту әдістері – жаттығу, түсіндіру, көрсету, бақылау, білімді тексеру, бағалау, олардың жеке-жеке сипаттамалары нақты мысалдар арқылы беріледі.

Екінші сұраудың "Қазақ халқының тәлімгерлері" тақырыбы бүкіл халықты, оның ішінде баланың тәлімгерлері: ана, әке, әже, ата, туған-туыстар, ауыл адамдары, хандар, билер, ақын-жыраулар, ғұлама ғалымдар, ағартушы-ұстаздар, діни адамдар, т. б. екендігіне салт-дәстүрлер мен тарихи материалдар негізінде түсіндіріледі.

Мұғалімдерге халықтық білімдерді жинастыруға және олар туралы рефераттар жазуға тапсырмалар беріледі.

Лекция 6. Тақырыбы "Мектептің оқу-тәрбие ісінде қазақ этнопедагогикасын пайдалану әдістемесі"

#### Жоспар

1. Жеке пәндерді оқытуда қазақ этнопедагогикасын пайдалану әдістемесі.

2. Сыныптан тыс тәрбие жұмысында қазақ этнопедагогикасын пайдалану әдістемесі.

3. Мектептен тыс жұмыстарда қазақ этнопедагогикасын пайдалану әдістемесі.

4. Ата-аналармен жұмыста қазақ этнопедагогикасын насихаттау жолдары.

*Әдебиеттер* [84, 24, 56, 137, 138, 139, 110, 104, 109, 140, 93, 134, 69, 44, 97, 98, 60, 136, 131, 106, 141, 111, 136, 100, 101, 142, 117, 118, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 84, 120, 137, 138, 139, 56, 150, 151, 152].

Лекциядағы сұрауларға жауаптар жоғарыда көрсетілген әдебиеттердегі озық мектептер мен мұғалімдердің қазақ этнопедагогикасын пайдалану іс-тәжірибелері негізінде беріледі. Оларда қазақ этнопедагогикасын әрбір пән бағдарламалы тақырыптарына пайдалану әдістемелері берілген. Солармен нақты танысып, талдау арқылы сабақтарда, сыныптан және мектептен тыс жұмыстарда қазақ этнопедагогикасын пайдалану әдістемелері жасалынады. Мысалы, "Ана тілін оқытуда қазақ этнопедагогикасын пайдалану әдістемесі", "Қазақ тілін оқытуда қазақ этнопедагогикасын пайдалану әдістемесі", "Математиканы оқытуда халықтық математиканы пайдалану әдістемесі", "Биологияны оқытуда халықтық медицинаны пайдалану әдістемесі", "Астрономияны оқытуда халықтық астрономияны пайдалану әдістемесі", "Қазақстан географиясын оқытуда халықтық метеорологияны пайдалану әдістемесі", "Химияны оқытуда халықтық химияны пайдалану әдістемесі", "Физиканы оқытуда мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды пайдалану әдістемесі", "Физиканы оқытуда қазақтың салт-дәстүрлерін пайдалану әдістемесі", "«Атамекен» бағдарламасы бойынша әдістемелік нұсқау", "Бейнелеу өнерін оқытуда халықтың сәндік-қолданбалы өнерлерін пайдалану әдістемесі", "Сыныптан тыс жұмыс формаларында қазақ этнопедагогикасын пайдалану әдістемесі", "Ата-аналар арасында қазақ халық педагогикасын насихаттау әдістемесі", т. б.

Мұғалімдер осы әдістемелік нұсқаулар негізінде өз пәндері арқылы сабақтарда және сыныптан тыс жұмыстарда ұлттық тәрбие беруге үйреніп, оларды күнделікті жұмыс кезінде өздері іске асырады.

Қазақ мектептері мұғалімдерінің этнопедагогикалық дайындық курсы "Ұлттық тәлім-тәрбие" бағдарламасының екінші бөлімі қазақ этнопедагогикасының тарихынан тұрады.

Қазақ этнопедагогикасының тарихында халқымыздың тәлім-тәрбие тарихы қарастырылады. Ол қазақ халқының ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, үйелмендік, қоғамдық, ұлттық дәстүрімен тығыз байланысты туып, қалыптасқан тарихи қазынасы және мәдени мұрасы.

Қазақ халқының сол қазынасы мен мұрасы оның ауыз әдебиетінен, ұлттық өнерінен, халықтық дәстүрі мен салт-санасынан, әдет-ғұрпынан, жазу-сызунан, оқу құралынан көрініс береді. Сондықтан қазақ педагогикасының тарихы оның ана тілі, ата тарихы және төл мәдениетінің тарихы арқылы анықталады екен. Сонда қазақ педагогикасының тарихы ұлттық мәдениетімізбен және халқымыздың тарихымен тығыз байланыста қалыптасып, дамуда.

Енді сол қазақ этнопедагогикасы тарихынан мұғалімдерге оқылған жеті лекцияның ғана мазмұнын келтіреміз.

**Лекция 1.** Тақырыбы "Қазақ халқының тәлім-тәрбиелік мұраларының ілкі бастаулары мен көздері"

*Жоспар*

1. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер.

2. Қорқыт ата мұрасындағы тағылым мәселелері.

Лекцияға және семинарға қажетті әдебиеттер [22, 24, 57, 153, 154, 41, 32, 155, 156, 157, 158, 159, 160].

Лекцияда VI ғасырда құрылған Түрік қағанаты мемлекетінің саяси-қоғамдық және әдеби өмірін баяндайтын жазба ескерткіштер, олар "Күлтегін", "Білге-қаған" және "Тоныкөк" дастандары, олардағы жазуларда түркі халқының тұрмыс-салты, ел басқарған кәсіптері, ел қорғаған батырлары туралы баяндалатыны тастағы жазулардан үзінділер келтіріле отырып, тәлім-тәрбиелік мәндері ашылып көрсетіледі. Құлпы тастардағы дастандарда жас жеткіншектерді елін, халқын сүйуге, оларды қорғауға, жақсы әдеп-ғұрыптарға баулу, үлкенді сипау, зеректік пен ойшылдыққа, батылдық пен тапқырлыққа үйретіп, тәрбиелеу жайындағы мәселелер сөз болады.

Екінші сұрауда VIII - IX ғасырда пайда болған Оғыз-қыпшақ мемлекетінің оғыз тайпасы арасынан шыққан әйгілі күйші, музыкант, жыр алыбы, түрлі аңыздардың кейіпкері Қорқыт тағлымдары "Қорқыт ата кітабында" тәлім-тәрбиелік мәні күшті афоризмдер, қанатты сөздер, ұстаздық ұлағат арқылы көптеп кездесетіні баяндалады. Олар ата-ананы сипау, құрметтеу, отбасындағы жарасымды қарым-қатынас, ұл мен қыз тәрбиесі, имандылық, кісілік, қанағатшылық, адамның әр түрлі мінез-құлық сипаттары жайындағы, жас жеткіншектердің жанымен қоса тәнінің шынығуы, елі мен жерін жан-тәнімен сүйуі, оны жаудан қорғайтын батыр болуы, т. б.

Қорқыт ата әйелді төрт түрге бөледі: ынсапсыз әйел, ниеті құрыған әйел, үйдің құты болған әйел, кесір әйел, оларға сипаттамалар бере отырып, отбасы тәрбиесіндегі әйелдің рөлін көрсетеді.

**Лекция 2.** Тақырыбы "Орта ғасыр ғұламалары мен Алтын Орда дәуірі оқымыстыларының этнопедагогикалық ой-пікірлері"

*Жоспар*

1. Жүсіп Баласағұнидің, Махмуд Қашқаридің трактаттарындағы оқыту мен тәрбие мәселелері.

2. Ахмет Иасауи мен Ахмет Жүйнекидің трактаттарындағы тәлім-тәрбие мәселелері.

3. Сайфи Сарайдің және Раванди Хорезмидің трактаттарындағы тәлім-тәрбие мәселелері.

Әдебиеттер [22, 24, 57, 161, 156, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170].

Лекцияда IX - XIII ғасырларда өмір сүрген Қарахан мемлекетін нығайту, оның даңқын шығару мақсатында жазылған Ж. Баласағұнидің (XI ғ.) "Құтты білік" дастаны түркі тектес халықтардың тәлім-тәрбиелік пікірлері дидактикалық және этикалық жанрда жазылған шығарма екені баяндалады.

"Құтты біліктің" он бес тарауы түгелдей дерлік тәлім-тәрбиелік мәселелерді әр қырынан сөз етеді. Онда адамға білім мен ғылымның қажеттігі, бақытқа жету жолдары, адамның жақсы-жаман қылықтары, сөз өнері, шешендік қасиет, ел билеуші әкімдерге қажетті сипаттар, әр түрлі әлеуметтік топтардың бір-бірінен айырмашылықтары, от басындағы ұл мен қызды қалай тәрбиелеу керек, оларды оқытудың жолдары, бала тәрбиелеудегі ата-ананың рөлі, адамның мінез-құлқы, оның қоғамдағы орны, барша жұртқа ғылыми-білімдерді насихаттау, т. б. тәлім-тәрбиелік маңызы зор мәселелер сөз болады.

Ғұлама ғалым М. Қашқаридің (XI) "Түрік сөздерінің жинағы" атты сөздігінде екі жүзден астам өлең, үш жүзге тарта мақал-мәтелдер, түркі халықтарының әлеуметтік және мәдени өмірлерінен қызғылықты деректер көптеп кездеседі. Сөздікте ғылым-білім, тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер, мысалы адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттер дәріптеледі, тіршілік пен еңбек етуді сүйетін, білімге құштар, өз бақыты үшін күресетін қарапайым адамдар "Сөздік" мазмұнының негізгі арқауы. Сондай-ақ онда әр түрлі халықтық білімдер: медициналық, тілдік, әдеби, астрономиялық, тарихи, психологиялық, географиялық сөздерге түсініктер беріледі.

Лекцияның екінші сұрауында Қожа Ахмет Иасауидің (XII) "Даналық кітабында" діни сопылық қағидалар, оқып білім алу, имандылық, ақыл-парасатқа жету, іс-әрекетте шыдамды, төзімді болу, жақсы мен жаманды айыра білу, достық пен махаббатты қастерлеу, азды қанағат ету, кемтар, ғаріп адамдарға қамқор болу, әділетті болу, адал жолмен жүріп-тұру секілді адамгершілік қасиеттер дәріптеледі.

Ахмет Жүйнекидің (XII) "Ақиқат сыйы" дастанының бірінші бөлімінде білімнің пайдасы мен надандықтың зияны туралы ақыл-кеңестер, екінші бөлімде тілдің маңызы, сөйлеу мәдениетін дамыту жөнінде кеңестер беріледі, ал үшінші бөлімде дүниенің бір қалыпта тұрмай, өзгеріп тұратындығы сөз болады. Дастанда адамның жақсы қасиеттері: жомарттықты, қарапайымдылықты, сыпайылықты, өршілдікті дәріптеп, жаман қасиеттер: надандықты, сараңдықты, дөрекілікті шенеп-мінеп, айыптайды. Сонымен бірге мінез-құлықтың жақсы қасиеттерін тәрбиелеу, теріс қасиеттерін жою жөнінде пайдалы кеңестер береді. Осындай көркемдік дәрежесі биік, ұлағатты сөздер, бейнелі салыстырулар мен теңеулер, нақылдар мен мақал-мәтелдер күні бүгінге дейін өздерінің тәлім-тәрбиелік мәнін жоймай келеді.

Лекцияның үшінші сұрауында Сайфи Сараядің (XIII) "Гүлстан" дастанында көркем бейнелі, тәлімі сипаттағы нақыл, ұлағат сөздер көп кездесетіні, онда ел билеушілер мен бұқара халық жайында, қанағаттылық пен тілге сақ болудың пайдасы мен зияны туралы, жігіттік пен көрлік жайында, адамгершіліктің әр түрлі сипат қасиеттері сөз болады. Осы тәлімі сөздердің бәрі хисса-хикмет түрінде айтылады. Шығармада сондай-ақ ұят пен ынсап, жақсылық пен жамандық, жомарттық пен сараңдық, қатігездік пен мейрімділік, шындық пен өтірік, күншілдік пен бақталастық, ақылдылық пен білімділік мәселелері сөз болады.

Раванди Хорезмидің (XIV) "Махаббат жыры" дастаны жас жігіттің сүйген қызына жазған сүйіспеншілік хаттарынан тұрады. Онда "Махаббаттан мың түрлі сыр туады, ол қашып құтыла аймайтын қайғы" деген түйінді өзіне арқау еткен осы шығармада дүние, малға қызықпау, азды қанағат тұту, сабырлылық сақтау, ақыл-парасатты қастерлеу, жастық пен махаббаттың психологиясы іспеттес көптеген тәлім-тәрбиелік ойлар сөз болады.

**Лекция 3. Тақырыбы "Қазақстанда XV-XVII ғасырлардағы этнопедагогикалық ой-пікірлердің дамуы"**

*Жоспар*

1. Асан Қайғының, Шалкиіз Тіленшіұлының шығармаларындағы этнопедагогикалық ой-пікірлер.
2. Хайдар Дулатидің және Қыдырғали Жалаиридің шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік идеялар.

*Әдебиеттер* [24, 30, 57, 156, 171, 172, 153, 173].

Лекцияда Қазақстанда XV - XVII ғасырлардағы тарихи, саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға қысқаша шолу жасалынып, сол аралықтарда өмір сүрген ақын-жыраулар шығармашылығындағы тәлімгерлік ой-пікірлер сөз болады.

XV ғасырдағы ақын-жыраулардың көрнекті көш басшысы болған, кейінгі ұрпақ әулие танып, аты аңызға айналған, Шоқан

Уәлиханов "көшпенділер философы" атаған Асан Қайғының (XV) өз заманының үлкен ойшылы болғаны, оның көшпенділердің жан-жақты жетілуі мен олардың табиғат аясынан үйлесім табуы жөйлі айтқандары, сөз өнеріне жетілу, Отанды сую, ерлікті, кісілікті дәріптеу, халықты ауыз бірлікке шақыру туралы толғаныстарының тәлім-тәрбиелік мәні оның елең-жырлары арқылы беріледі.

Қазақ жыраулық поэзиясының алыбы Шалкиіз Тіленшіұлы (1465 - 1560) жырларында көшпелі қазақтардың наным, әдептілігі, жақсы адам мен жаман адамның мінез-құлқын сараптауы, жақсы және жаман туыс, адамның жақсы және жаман болуы шыққан тегіне ғана емес, халқына тигізген пайдасына, халық үшін еткен еңбегіне, әсіресе оның тәрбиесіне байланыстылығы терең ойға құрылған афоризмдер арқылы жырланады.

Лекцияның екінші сұрауында қазақтың ғұлама-ғалымы тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати (1499 - 1551) өзінің "Рашидтің тарихы" шежіресінде көшпелі қазақтардың қарым-қатынасын, олардың тыныс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, әлеуметтік-психологиялық, этнографиялық ерекшеліктерін тәлім-тәрбиелік мазмұнда сөз етеді.

Тарихшы ғалым Қыдырғали Жалаири (1503 - 1605) өзінің "Шежірелер жинағы" атты кітабында қазақ хандығы құрылуы алдындағы тарихи әлеуметтік жағдайлар мен көшпелілердің тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, психологиясы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер түрінде тәлім-тәрбиелік көрінісін тапқан.

**Лекция 4. Тақырыбы "Қазақстанда XIX ғасырдың екінші жартысында этнопедагогикалық ой-пікірлердің дамуы"**

*Жоспар*

1. Шоқан Уәлихановтың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері.
2. Ыбырай Алтынсариннің этнопедагогикалық мұрасы.
3. Абай Құнанбаевтың этнопедагогикалық көзқарастары.

*Әдебиеттер* [41, 172, 75, 47, 20, 22, 23, 24, 25, 26, 28, 173, 174, 55, 137, 175, 176, 177, 178, 35, 179, 180].

Лекцияның бірінші сұрауында қазақ өлкесінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы тарихи-қоғамдық, саяси-экономикалық жағдайға шолу жасалып, осы кезеңде өмір сүрген халқымыздың аяулы перзенттері, ағартушы-демократ ойшылдары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев туған халқының бақытты өмірге қолы жетуі үшін ат салысқаны, олар әсіресе жастарға зор үміт артып, ақыл-кеңестерін соларға арнағаны, өз халқының ізгі ойы мен асыл арманының жаршысы болғандары, жастарды білімге, мәдениетке, өнер биігіне шақырған ағартушылық идеяларының негізі, әрі өзекті арнасы педагогика және этнопедагогика мәселелерінің төңірегінде болды.

Шоқан Уәлиханов (1835 - 1865) қазақ топырағында ағартушылық идеяның туын көтеруші, бүкіләлемдік ғылым-білімнен мейлінше мол сусындаған, жан-жақты білімді, озат ойлы, ерекше дарынды адам еді. Ол терең тарихшы, ерінбес этнограф, батыл саяхатшы, талмас географ, білгір әдебиетші, шебер суретші, жалынды публицист, нәзік психолог, тәлімгер ұстаз болған.

Шоқанның этнопедагогикалық көзқарастары: оның түсінігінше қазақ ауыз әдебиеті – халықтың ой-арманы, мақсат-мұраты, тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін шығармашылық бастауы екендігі, қазақтың шешендік өнері, ақындық таланты, қонақжайлылығы, аса қанағатшылдығы, үлкенге ізеттігі, балаға сүйіспеншілігі, өзара көмегі, өзгенің қайғы-қасіретіне ортақтастығы сияқты дәстүрлерінен көрінуі. Шоқан халықтардың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, мінез-құлқы туралы, ұлттық мәдениет пен білімді жалпы адамзаттық сипатта тануы, тәрбиенің жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі туралы, қазақ балалары үшін орыс мектептерін ашу, оларға білімді уағыздауы, т. б. ой-пікірлері туралы сөз болады.

Екінші сұрауда қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсарин (1841 - 1889) Қазақстанда ұлттық этнопедагогиканың негізін қалаушы болғаны: оның еңбек, дене, эстетикалық, имандылық, ақыл-ой тәрбиелері туралы ой-пікірлері, оның "Қазақ хрестоматиясы" атты еңбегі дала халқының жас буындарының имандылық-психологиялық ерекшеліктерін бейнелейтін рухани дүниесі екені, оның қазақтың салт-дәстүрлерін зерттеп этнографиялық очерктер жазуы, жеке адам, оның қалыптасу жолдары, жекелеген пәндерді оқытудың әдістемесін жасауы, ұстаз тұлғасы туралы ой-пікірлері айтылады.

Үшінші сұрауда қазақ халқының ұлы ақыны, жазба әдебиетінің негізін салушы, ұлы ойшылы Абай Құнанбаев (1845 - 1904) өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде ұлттық тәрбиенің саналуан қырларын негіздеуі: адамгершілік, ақыл-ой, әсемдік және еңбек тәрбиелерінің мәселелері түсіндіріледі. Абайдың ғылым-білімді меңгеріп халыққа адал қызмет етуге шақыруы, еңбек пен өнерді, оқу мен білімді қатар насихаттауы, адамгершілік мінез-құлық, имандылық қасиеттер жөніндегі ой-пікірлері, ар-ождан мәселесін бірінші орынға қоюы, оның достық, махаббат, отбасының бірлігі, жар таңдай білу, ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасы жөніндегі көзқарастары, тәрбиенің ортамен байланысы, жеке бастың үлгісі жөніндегі ойлары, жеке адам және оның өзін-өзі тәрбиелеуі, "толық" адам жөніндегі ой-пікірлері ақын шығармаларынан үзінділер келтіріліп, баяндалады.

*Лекция 5. Тақырыбы "Қазақстанда 1917-1940 жылдары этнопедагогика ғылымының дамуы"*

*Жоспар*

1. Ахмет Байтұрсынның және Халел Досмұхамедовтың этнопедагогикалық көзқарастары.
2. Мағжан Жұмабаевтың және Жүсіпбек Аймауытовтың этнопедагогикалық көзқарастары.
3. Назира Құлжанованың және Міржақып Дулатовтың этнопедагогикалық көзқарастары.

*Әдебиеттер* [24, 11, 12, 13, 14, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 16, 51, 15, 41, 47, 49, 138, 139, 179].

Лекцияның бірінші сұрауында Ахмет Байтұрсын (1873 - 1937) – қоғам қайраткері, ғұлама тюрколог, жазушы, публицист, ағартушы-ұстаз өзінің "Өліп би", "Тіл құралы", "Әдебиет танытқыш" еңбектерінде, "Қазақ" газеті беттерінде жариялаған мақалаларында қазақтың ұлттық мектебі, онда ұлттық тәлім-тәрбие беру үшін оқытылатын пәндер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қол өнері, жағрафия, жаратылыс болуы керектігі екендігін дәлелдеп көрсетуінің қазіргі кездегі маңызы сөз болады.

Халел Досмұхамедов (1883 - 1937) өзінің шығарған "Сана" журналының беттерінде, қазақ мектептері үшін жазған оқу құралдары "Сүйектілер туралы", "Адамның төн тірлігі", "Жануарлар" атты еңбектері арқылы қазақ мектептерінде ұлттық тәлім-тәрбие беру үшін төлтума оқулықтарды шығару, ал "Қазақтың халық әдебиеті" атты лекциясында халықтық педагогиканың көптеген проблемаларын сөз етті.

Екінші сұрауда Мағжан Жұмабаев (1893 - 1938) – қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушы педагогі өзінің "Педагогика", "Бастауыш мектепте ана тілі", "Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жайы", "Жазылмақ оқу құралдары һәм мектебіміз", "Сауатты бол", т. б. еңбектерінде қазақтың ұлттық мектебінің нобайын ұсынып, онда жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие беру проблемаларын кеңінен көтеріп, оны іс жүзіне асыру жолдарын көрсеткені айтылады. Мағжанның "Педагогика" атты оқу құралы осы саладағы тұңғыш төлтума оқу құралы, онда автор ұлттық тәрбиені жас ұрпаққа қазақтың этнопедагогикасы арқылы беруді ғылыми түрде талдап, баяндаған.

Жүсіпбек Аймауытов (1889 - 1931) – жазушы, әдебиетші, қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері, ағартушы-педагогі өзінің "Тәрбиеге жетекші", "Комплексті оқыту жолдары", "Жан жүйесі және өнер таңдау", т. б. оқулықтары мен оқу құралдарында педагогика, этнопедагогика, дидактика, оқыту әдістемесі мәселелерін жан-жақты негіздеді. Ал "Тәрбиеге жетекші" атты еңбегінде ұлттық тіл, тарихты, географияны оқыту арқылы жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие беру мәселелері жөніндегі көзқарастарын баяндап, қазақ этнопедагогикасының негізгі зерттеу саласы халықтық салт-дәстүрлердің тәрбиелік мәнін ашып көрсеткені сөз болады.

Үшінші сұрауда Назира Құлжанова (1887 - 1934) – журналист, публицист, педагог-тәлімгер, аудармашы өзінің "Мектепке дейінгі тәрбие", "Ана мен бала" атты еңбектері арқылы қазақтың ғылыми педагогикасының негізін қалаушы болғаны. Оларда ол баланы мейрімділікке, кішіпейілділікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бөбектер мен сәбилерді еңбекке баулу, баланың төн сұлулығы, қоршаған ортаны танып білуі, бала танымын арттыру, оның тіл шеберлігін жетілдіру мәселелері сөз болады.

Сонан соң Міржақып Дулатов (1885 - 1935) – қоғам қайраткері, тарихшы, ағартушы-педагог болғаны, ол өзінің "Қирағат", "Есеп құралы", "Ана тілі", т. б. оқу құралдарында, газеттер мен журналдарда жарияланған мақалаларында жас ұрпаққа ұлттық тәрбие салалары – адамгершілік, имандылық тәрбиелерін беру мәселелерін сөз ететіні айтылады.

*Лекция 6. Тақырыбы "Қазақстанда 1941 - 1991 жылдары этнопедагогика ғылымының дамуы"*

#### *Жоспар*

1. Тәжібаевтың және Қ. Бержановтың этнопедагогикалық зерттеулері.

2. М. Әуезовтің және М. Ғабдуллиннің этнопедагогикалық мұралары.

3. Қ. Жарықбаевтың, С. Қалиевтің, А. Көбесовтің, С. Ұзақбаеваның, К. Қожахметованың, М. Балтабаевтың және Ж. Наурызбаевтың этнопедагогикалық зерттеулері.

*Әдебиеттер* [181, 75, 57, 182, 17, 177, 176, 183, 184, 24, 18, 19, 20 - 28, 29 - 33, 39, 167, 48, 49, 63, 34, 35, 36, 57, 58].

Бұл лекцияда Т. Тәжібаевтың, Қ. Бержановтың, М. Әуезовтың, М. Ғабдуллиннің, Қ. Жарықбаевтың, С. Қалиевтің, А. Көбесовтің, С. Ұзақбаеваның, К. Қожахметованың, М. Балтабаевтың және Ж. Наурызбаевтың қазақ этнопедагогикасы және оның тарихы бойынша жарық көрген еңбектеріне жеке-жеке шолу жасалынып, олардың қазақтың ұлттық мектептерін жасау және оларда ұлттық тәрбие берудегі рөлі мен маңызына жан-жақты тоқталамыз.

*Лекция 7. Тақырыбы "Қазақ егеменді ел болғаннан бергі қазақтың ұлттық мектептерінің жасалу барысы" (1991 - 2000 жылдар)*

#### *Жоспар*

1. Қазақстан Республикасында ұлттық тәлім-тәрбие беруге арналған мемлекеттік құжаттар.

2. Мектептерде "Атамекен", "Елім-ай", "Кәусар бұлақ", "Дәстүр", "Мұрагер", т. б. жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие беру үшін ендірілген бағдарламалар.

3. Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау үшін ендірілген "Қазақ этнопедагогикасы", "Қазақ тәлім-тәрбие тарихы", т. б. бағдарламалар.

4. Қазақ этнопедагогикасының зерттелу тарихы.

*Әдебиеттер* [2, 3, 185, 65, 66, 68, 186, 146, 67, 68, 63, 70, 69, 44, 43, 46, 28, 25, 53, 187, 188, 189, 57, 190, 191, 192, 193, 194].

Бұл лекцияда Қазақстанда ұлттық мектептің жайы, оны құру үшін мемлекет тарапынан шығарылған түрлі құжаттардың мақсаттары, міндеттері мен мазмұндары түсіндіріледі.

Қазақ мектептерінде ұлттық тәлім-тәрбие беру үшін жасалынған бағдарламалардың мақсаттары мен міндеттері, оларды оқу-тәрбие жұмысына ендірілу жайлары баяндалады.

Қазақ мектептерінде ұлттық тәрбие беруге мұғалімдерді және болашақ мұғалімдерді дайындау үшін жасалынған бағдарламалардың мақсаттары, міндеттері және мазмұндарымен таныстырылады. Олардың іске асу нәтижелері беріледі.

Соңында қазақ этнопедагогикасы ғылымы бойынша зерттеу жұмысының барысы және болашағы туралы сөз болады.

Мектеп мұғалімдерімен қазақ этнопедагогикасынан семинарлық және практикалық сабақтар өткізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың іс-тәжірибелері, мамандықтары және білімдері ескеріледі.

"Қазақ этнопедагогика" дайындық курсынан семинарлық және практикалық сабақтардың міндеттері: лекцияда меңгерген теориялық білімдерін кеңейту, тереңдету және тиянақтау; этнопедагогикалық әдебиеттерді өзбетінше іздеп, оларды оқып этнопедагогикалық білім қорын кеңейту және толықтыру; халықтық салт-дәстүрлерді практика жүзінде іске асыру жолдарына көз жеткізу; халықтық педагогиканың әдіс-тәсілдерін оқу-тәрбие жүйесінде қолдану іскерліктеріне және дағдыларына қаруланады. Және де семинарлық сабақтарды мұғалімдер өзара пікір алысу, айтысу, реферат жазу, баяндама жасайды. Сонымен қатар олар семинарлық және практикалық сабақтарда қазіргі мектептерде қазақ этнопедагогикасының материалдарын тиімді пайдалану тәсілдерімен таныстырылады, алдыңғы қатарлы педагогтардың іс-тәжірибелерін жинақтайды, педагогикалық және әдістемелік журналдардағы этнопедагогиканы пайдалану бойынша шыққан мақалаларды талдайды, өз пікірлерін айтады, олардың пайдалану жолдарын көрсетеді.

Семинарлық сабақтарда лекцияда өтілген материалдарды көрсетілген әдебиеттер бойынша танысып, оларды пән сабақтарының бағдарламаларында және сынып жетекшілік жұмысының тәрбиелік іс-шараларында пайдалану жолдары мен әдістемесін қарастырады. Семинарда мұғалімдер ерекше белсенділік көрсетеді, өйткені олардың іс-тәжірибелері бар.

Практикалық сабақтарда іс бөлмелер әдіскерлері мұғалімдердің мамандықтарын ескеріп, оқу бағдарламаларына сәйкес халықтың педагогиканы сабақта және сыныптан тыс жұмыстарды пайдалану әдістемесімен таныстырады. Мысалы, “Қазақ этнопедагогикасының қазақ тілі сабақтарында пайдалану әдістемесі”, “Қазақ этнопедагогикасын әдебиет сабақтарында және сыныптан тыс жұмыстарда пайдалану әдістемесі”, “Қазақ этнопедагогикасын математика сабақтарында және сыныптан тыс жұмыстарында пайдалану әдістемесі”, “Қазақ этнопедагогикасын физика сабақтарында және сыныптан тыс жұмыстарында пайдалану әдістемесі”, “Қазақ этнопедагогикасын бейнелеу өнері сабақтарында және сабақтан тыс жұмыстарда пайдалану әдістемесі”, “Қазақ этнопедагогикасы – дене тәрбиесі сабақтарында”, “Қазақ ұлттық ойындарын сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда пайдалану әдістемесі”, “Халықтық педагогиканы ата-аналар арасында насихаттау жолдары” және т.б.

Мұғалімдермен практикалық сабақтар қаладағы ұлттық төлім тәрбие мәселелері жақсы жолға қойылған мектептерде, өлкетану мұражайына, экскурсияларға апару арқылы өткізіледі.

Тараз қаласындағы Жамбыл атындағы (5 қазақ орта мектебі, Б Момышұлы атындағы (45 қазақ классикалық гимназиясы, Төлеби атындағы (8 қазақ гимназиясында оқушыларға ұлттық тәрбие бер жұмысы жақсы жолға қойылған. Мұғалімдер солармен танысып пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысады.

Мұғалімдерді институт әдіскерлері Жамбыл облыстық Ш Уәлиханов атындағы кітапханаға жылма-жыл курс оқылып біткен соң, мына төмендегідей жоспар бойынша практикалық жұмысқа апарды:

1. Кітапханадағы бар этнопедагогикадан әдебиеттер тізімін жасау үшін “Қазақ этнопедагогикасы” атты көрмемен танысу;
2. “Қазақ халқының салт-дәстүрлері” атты кітап көрмесімен танысу;
3. “Қазақ халқының тарихы” атты кітап көрмесімен танысу;
4. “Қазақ халқының ауыз әдебиеті” атты кітап көрмесімен танысу;
5. “Қазақ халқының қолөнері” атты кітап көрмесімен танысу.

Ал облыстық өлке тану мұражайына практикалық жұмыс мынадай жоспармен өткізіледі:

1. Өлкедегі ежелгі діндер және Ай мен Күнге табыну.
2. Жер бетінде өмірдің пайда болуы.
3. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.
4. Жаңа заман салт-дәстүрлері.
5. “Өлке тарихы” атты кітап көрмесімен танысу.

Мұғалімдер өткізілген практикалық сабақтар бойынша есеп жазады, ал семинарлық сабақтарға баға қойылып, олардың этнопедагогикалық білімдерінің деңгейлері анықталады.

Сонымен, мұғалімдер лекцияларда этнопедагогикалық білімді игереді, семинарлық және практикалық сабақтарда алған білімдерін толықтырып, оларды пән сабақтарында және сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларға ұлттық тәрбие беруде пайдалану әдістемесімен танысады, оларды мектепте іс-жүзіне асыруға үйретіледі.

Мұғалімдердің этнопедагогикалық білімдері түрлі әдістермен анықталады. Олар: ауызша және жазбаша есеп алу, тестілеу, практикалық жұмыстар, әңгімелесу, есеп алу және т. б. әдістер арқылы. Нәтижелері көңіл қуантарлық, олар ұлттық төлім-тәрбиенің құдіретіне және ұлттық мәдениетіміздің келешегіне ерекше сеніммен қарайтыны анықталуда. Олар өздерінің дайындық дәрежелерін мектептерде практикалық жұмыстары арқылы кеңінен көрсетуде.

Енді курс соңында мектеп мұғалімдерінің этнопедагогикалық білім дәрежесі қандай деңгейде артқанына талдау жасалық.

## 2.2 Мұғалімдердің этнопедагогикалық білімдері деңгейлерін анықтау

Мұғалімдерді “Ұлттық төлім-тәрбие” бағдарламасы бойынша қалыптастырушы эксперименттің оқу материалымен даярлаған соң, олардың этнопедагогикалық дайындығына талдау жасадық. Оны өзіміз қабылдаған критерийлермен өткіздік. Дайындық көрсеткіштері ретінде мұғалімдердің этнопедагогикадан білімдері, сондай-ақ этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдыларын алдық. *Этнопедагогикалық білімдер* деп этнопедагогика ғылымының теориялық негіздерін, *этнопедагогикалық іскерліктер* – мұғалімдердің сол этнопедагогикалық білімдерді практикада қолдану қабілетіне ие болуы, ал *этнопедагогикалық дағдылар* олардың ұлттық тәрбие беруге іскерлігінің қалыптасуы деп түсінеміз. Сонда мұғалімдердің этнопедагогикалық дайындық көрсеткіштері деңгейлерін олардың этнопедагогикадан теориялық білімдерін, этнопедагогикалық іскерліктері мен этнопедагогикалық дағдыларын анықтау арқылы көрсетуге болады екен.

Мұғалімдердің этнопедагогикалық білімдері туралы мәліметтерді өртүрлі әдістер қолданып анықтадық. Олар: мұғалімдерді қазақ этнопедагогикасының бағдарлама сұрақтары бойынша жазбаша сұрау; этнопедагогикадан семинарлық және практикалық сабақтарда алған бағалары; өзін-өзі бағалауы;

этнопедагогикадан рефераттық хабарламалары; тестілеу, этнопедагогикадан соңғы тексерісте алған есептеулері, т. б. жатады.

Ал мұғалімдердің этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдылары олардың мектепте практикалық жұмыстары барысында қалыптасатын болғандықтан оларды жылма-жыл және әрбір бес жылда қайта дайындық курстарына келгенде анықтадық.

Мұғалімдердің этнопедагогикалық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын тексеру үшін “Этнопедагогикалық мөлiметтер қоры” құрылды. Онда 300-ден аса сұрақтар жинақталған. Оларды алғашқы, ағымдағы және қорытынды тексерулерде пайдаландық. Сонда олар әр тексеруде этнопедагогикалық оқу материалдарын меңгерулері әртүрлі болып алынады, яғни олардың “бағасы да” әртүрлі болады. Оны балдық жүйемен анықтауға болады.

Енді мұғалімдердің этнопедагогикалық білімдерін сұрақнама, әңгімелесу және тестілеу әдістері арқылы анықтайтын сұрақтардың бірнешеуін берелік:

Кесте 5.

Сұраулар		Балдар
1		2
<i>Этнопедагогикалық білімдерді тексеру үшін :</i>		
1. “Халық педагогикасы” деген не ?		
2. “Этнопедагогика” қандай ғылым ?		
3. Қазақ халық педагогикасының асыл-арналары мен көздерін атаңыздар және оларға сипаттама беріңіз		
4. Қазақ халық педагогикасындағы тәрбие әдістерін атаңыздар және оларға сипаттама беріңіз		
5. Қазақ халық педагогикасындағы тәрбие факторларына сипаттама беріңіз		
6. Қазақ халық педагогикасындағы отбасы тәрбиесінің түрлерін атаңыздар және оларға сипаттама беріңіз		
7. Қазақ этнопедагогикасындағы ақыл-ой тәрбиесінің әдістеріне, құралдарына сипаттама беріңіз		
8. Қазақ этнопедагогикасындағы дене тәрбиесінің әдістеріне, құралдарына сипаттама беріңіз		
9. Қазақ этнопедагогикасындағы құқылық тәрбиенің құралдарына сипаттама беріңіз		
10. Қазақ этнопедагогикасы қандай ғылым ?		
11. Өдет-ғұрып деген не ? Мысалдар келтіріңіз		

5 кестенің жалғасы

1	2
12. “Салт” және “дәстүр” ұғымдарына сипаттама беріңіз	
13. Қазақтың бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлеріне сипаттама беріңіз	
14. Қазақ ауыз әдебиетінің қандай жанрларын білесіз ?	
15. Өл-Фарабидің дидактикалық және әдістемелік көзқарастары	
16. Ж. Баласағұнидің “Құтты білігімен” мен М. Қашқаридың “Түрік сөздерінің жинағы” трактаттарындағы тәлімдік идеялардың сабақтастығы	
17. А. Иасауидің “Даналық кітабындағы” тәлім-тәрбиелік идеялар	
18. XV - XVIII ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің негізгі желілері	
19. Ы. Алтынсариннің этнопедагогикалық көзқарастары	
20. А. Құнанбаевтың нақыл сөздерінің этнопедагогикалық мәні	
21. Ш. Құдайбердиевтің этнопедагогикалық көзқарастары	
22. А. Байтұрсыновтың этнодидактикалық және әдістемелік көзқарастары	
23. Ж. Аймауытовтың этнопедагогикалық көзқарастары	
24. М. Жұмабаевтың этнопедагогикалық көзқарастары	
25. М. Әуезовтің этнопедагогикалық көзқарастары	
26. М. Ғабдуллиннің этнопедагогикалық мұралары	
27. Қ. Жарықбаевтың этнопедагогикалық зерттеулері	
28. С. Қалиевтің этнопедагогикалық зерттеулері	
29. С. Ұзақбаеваның, М. Балтабаевтың және К.Қожахметованың этнопедагогикалық зерттеулері	
30. Қазақтың ұлттық мектебінің жасалу тарихы	
31. Қазақ этнопедагогикасынан жарық көрген әдебиеттерге шолу және оларды пайдалану	

Мұғалімдер қазақ этнопедагогикасынан семинарлық және практикалық сабақтарда, жазбаша жұмыстарында мынадай этнопедагогикалық білімдерін көрсетті:

Кесте 6.

Мұғалімдер саны	Семинарлық сабақтар				Практикалық сабақтар				Жазбаша жұмыстар			
	Бағалар				Бағалар				Бағалар			
	2	3	4	5	2	3	4	5	2	3	4	5
385	-	51	114	220	-	30	85	270	-	61	120	204

Кестеден мұғалімдердің этнопедагогикалық білімдері өте жоғары болғанын олардың ұлттық тәрбие беруге ерекше қызығуы, ынтасы мен белсенділігі деп санауға болады.

### 2.3 Мұғалімдердің оқушыларға ұлттық тәрбие беру бойынша іс-тәжірибелерін жинақтау, қорыту және тарату

Этнопедагогикалық білімдермен қаруланған мұғалімдердің этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдылары олардың мектептегі практикалық іс-тәжірибелері барысында қалыптасады. Өйткені біз этнопедагогикалық іскерлік мұғалімдердің этнопедагогикалық білімдерді мектепте оқушыларға ұлттық тәрбие беруде қолдану қабілетіне ие болуы, ал этнопедагогикалық дағды олардың оқушыларға ұлттық тәрбие беруге этнопедагогикалық іскерліктерінің қалыптасуы деп түсінеміз. Сонымен, этнопедагогикалық білімдер этнопедагогикалық іскерлікке, сонан соң этнопедагогикалық дағдыларға трансформацияланады, олар диалектикалық өзара байланысты үрдіс.

Мектеп мұғалімдерінің этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдыларын анықтау үшін олардың этнопедагогикалық теориялық білімдерді практикада қолдану іс-әрекеттері негізге алынды. Оларға: мұғалімдердің мектепте оқушылармен этнопедагогикалық тақырыптарға әңгімелер өткізуі; өз пәндерінен этнопедагогикалық мазмұнды сабақтар өткізуі; этнопедагогикадан сыныптан және мектептен тыс жұмыстар формалары мен әдістерін ұйымдастырып, өткізуі (экскурсиялар, кештер, конференциялар, үйірмелер, көрмелер, тәрбие сағаттары, т. б.); ата-аналар арасында этнопедагогикалық білімдерді насихаттауы; мектептегі пән мұғалімдерінің, сынып жетекшілерінің, сыныптан және мектептен

тыс жұмыстарды ұйымдастырушы-педагогтің, пән әдіскерлерінің мұғалім жұмысы туралы ой-пікірлері; этнопедагогикадан ғылыми-зерттеу жұмыстары (ғылыми баяндамалар, әдістемелер, мақалалар, т.б.); жылма-жылдық тәрбие жұмысы бойынша есебі; семинарларға, педагогикалық оқуларға, конференцияларға қатысуы, т. б. жатады. Өйткені бұл іс-әрекеттердің жүзеге асуы оқушылардың ұлттық тәрбиелілігінің басты көрсеткіштері болып есептеледі. Сондықтан этнопедагогикалық дайындықтан өткен мұғалімдердің этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдыларын жылма-жыл және өрбір бес жылда қайта даярлау курсына келгенде олардың оқушылармен жүргізген ұлттық тәлім-тәрбие іс-тәжірибелерін талдау арқылы анықтау керек.

Енді сол практикалық іс-тәжірибелерді жандандыру, жинақтау, қорыту және тарату бойынша Жамбыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында істелген нақты жұмыстарға тоқталайық.

Институттың педагогика кафедрасының оқытушылары, “Халық педагогикасы” зертханасының қызметкерлері және іс бөлмелерінің әдіскерлері мұғалімдердің этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдыларының қалыптасу барысы деңгейлерін анықтап отырды. Онда пайдаланылған сұраулар төменде берілген.

1. Өз оқу пәніңізден қазақ этнопедагогикасын пайдаланып сабақ өткізе аласыз ба? Мысал келтіріңіз.
2. Этнопедагогикалық тақырыптарға оқушылармен әңгіме өткізе аласыз ба? Мысал келтіріңіз.
3. Этнопедагогикалық тақырыптарға оқушылармен экскурсия өткізе аласыз ба? Мысал келтіріңіз.
4. Этнопедагогикалық тақырыптарға оқушылармен конференция өткізе аласыз ба? Мысал келтіріңіз.
5. Этнопедагогикалық тақырыптарға оқушылармен кештер өткізе аласыз ба? Мысал келтіріңіз.
6. Қазақ этнопедагогикасынан үйірме жұмысын жүргізе аласыз ба? Мысал келтіріңіз.
7. Қазақ этнопедагогикасынан баяндама жасай аласыз ба? Мысал келтіріңіз.
8. Қазақ этнопедагогикасынан тәрбие сағатын өткізе аласыз ба? Мысал келтіріңіз.
9. Қазақ этнопедагогикасынан лекция өткізе аласыз ба? Мысал келтіріңіз.
10. Қазақ этнопедагогикасын ата-аналар арасында насихаттай аласыз ба? Мысал келтіріңіз.
11. Қазақ этнопедагогикасынан ғылыми жұмыс орындай аласыз ба? Мысал келтіріңіз.

Нәтижесінде мұғалімдердің мектептегі жұмыс барысында этнопедагогикалық білімдері, олардың этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдыларына қалыптасу барысы жоғары дәрежеде болатынын анықтадық.

Этнопедагогикалық дайындықтан өткен мұғалімдердің жұмысын жетілдіру, жақсарту, нәтижесін көру және шығару мақсатында Жамбыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру 1 рет республикалық ғылыми-практикалық конференция, 1 рет республикалық семинар-практикум, 2 рет педагогикалық оқулар ұйымдастырып, өткізді.

Ғылыми-практикалық конференция 1992 жылы қарашаның 17-18 жұлдыздарында “Халық педагогикасы – бала тәрбиесінде” деген тақырыпта өткізілді.

Конференцияның пленарлық мәжілісінде – 8 баяндама; 1 секцияда “Халық педагогикасын мектеп өміріне енгізу жолдары мен оның болашағы” – 7 баяндама; 2 секцияда “Отбасы тәрбиесі – халық педагогикасының негізі” – 6 баяндама; 3 секцияда “Халық педагогикасы – тәрбие көзі” – 11 баяндама; 4 секцияда “Халық педагогикасы мұраларын мектептегі оқыту жүйесінде пайдалану” – 12 баяндама; 5 секцияда “Халық педагогикасы – балабақшада” – 7 баяндама тыңдалды. Конференция қорытындысында “Мұғалімдерді этнопедагогикалық даярлықтан өткізу – басты мәселе” (Қ. Бөлеев) атты баяндама жасалды.

Конференция соңында халық педагогикасын бала тәрбиесінде қолдануды жеделдету мақсатында әр секцияның тыңдаушылары айтқан ой-пікірлері жинақталып, нақты ұсыныстар қабылданды. Енді соларды толығырақ берелік.

“Халық педагогикасы – бала тәрбиесінде” мәселесіне арналған ғылыми-практикалық конференция облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының ұйымдастыруымен және Жамбыл педагогикалық институты мен облыстық білім беру басқармасының белсенді ат салысуының арқасында өткізілді. Конференция жұмысына халық педагогикасын оқу-тәрбие ісіне енгізіп, бүгінгі қазақ мектебінің жұмысына жаңаша сипат беруге ат салысып жүрген зерттеуші-ғалымдар, тәжірибелі мұғалімдер мен тәрбиешілер, мектеп және басқа да білім беру мекемелерінің басшылары қатысты. Дайындық барысында халықтық тәрбие тағылымын оқу және тәрбие үрдісінде ұтымды пайдаланып жүрген облыс көлеміндегі оқу мекемелері анықталып, олардың тәжірибелері жинақталды. Соның нәтижесінде конференция қарсаңында баяндамалар тезистерінің жинағы, озық мұғалімдер мен мектептердің іс-тәжірибесіне арналған 5 кітапша, 2 библиографиялық көрсеткіш, 2 бағдарлама, бірнеше жеке еңбектер мен әдістемелік көмекші құралдар шығарылды. 5 секция жұмыс істеп, 55 баяндама тыңдалып, талқыланды. Делегаттар назарына халық педагогикасы негізінде жасалған 23 панорамалық, 10 ашық сабақ, мектептен және сыныптан тыс жұмыстар ұсынылды. Конференцияға түскен материалдар мен баяндамаларды мұқият талдау барысында олардың авторларының мектептер мен балалар

бақшаларындағы жұмыстарда халық педагогикасын аса жоғары бағалап, мүмкіндігінше пайдаланып жүргендері байқалады.

Жас ұрпақ тәрбиесінің күрделі де көп қырлы мәселесін талдай келе, ғылыми-практикалық конференция төмендегідей ұсыныстар жасады:

1. Мектептер мен балабақшалардағы тәрбие жұмысында Қазақстан Білім Министрлігінің “Үздіксіз тәрбие тұжырымдамасы” басшылыққа алынсын;

2. Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуын айғақтайтын ел туы, ел таңбасы, ән ұраны мен анты әрбір жас ұрпақтың санасына жеткізілсін;

3. Мектептер мен мектептен тыс мекемелердің оқу-тәрбие жұмысына «Атамекен» бағдарламасын енгізу мақсатында облыстық балалар және жасөспірімдер орталығынан облыстық «Атамекен» ордасы құрылып, ол барлық мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбие жұмыстарының халық педагогикасы негізінде жүзеге асырылуына облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының тәрбие жұмысы жөніндегі ісбөлмесімен бірлестікте әдістемелік көмек көрсетіп отырсын;

4. Халық педагогикасының өзекті мәселелері мен оны бала тәрбиесінде пайдалану барысын зерттеу мақсатымен облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтындағы педагогика және психология кафедрасының жанынан арнайы “Халық педагогикасы” атты ғылыми-тәжірибелік зертхана ашылып, оның жұмысына Жамбыл педагогикалық және облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарындағы педагогика және психология кафедралары ғылыми жетекшілік жасасын;

5. Ұлттық тәлім-тәрбие мәселесін оқу-тәрбие мекемелеріне кеңінен уағыздау мақсатында айына бір рет “Халық тәлімі” атты газет шығару қарастырылсын;

6. Мектеп пен мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі халық педагогикасын оқу-тәрбие жұмыстарында пайдалану тәжірибелері мен осы бағыттағы базалық мектептер анықталсын;

7. Аудандық оқу бөлімдері жанындағы әдістемелік ісбөлмелерде білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие жұмысының халық педагогикасы негізінде іске асырылуын қадағалап, оған қажетті әдістемелік көмек көрсетілуін қамтамасыз ететін арнайы әдіскер тағайындалсын;

8. Отбасы тәрбиесі мен оқу-тәрбие жұмыстарындағы ең нәтижелі және тиімді, құнды іс-тәжірибелер анықталып, сұрыпталып, олар барлық мектептердің игілігіне айналсын. Аудандық оқу-әдістемелік ісбөлме аталған мәселе бойынша облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтындағы ғылыми-тәжірибелік зертханасымен бірлестікте жұмыс істесін;

9. Аудандағы оқу-әдістемелік ісбөлме халық педагогикасын оқу-тәрбие ісінде пайдалану мәселесіне арналған ғылыми-тәжірибелік

мәжілістердің, семинарлардың, салтанатты шерулер мен кездесулердің, тәлім-тәрбиелік сұхбаттар мен тәжірибе алмасулардың өткізілуіне тікелей басшылық жасап отырсын;

10. Мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердің басшылары халық педагогикасын оқу-тәрбие ісінде пайдалану әрекетін жүйелі де ғылыми ыждағаттылықпен жүзеге асыруды басты мақсатқа айналдырсын. Жасөспірімнің анатомиялық-физиологиялық даму заңдылықтарына, олардың жас және жеке басының ерекшеліктеріне сай дене қимылдары, ән және күй, би қимылдары, бейнелеу өнері мен ауыз әдебиетінің үлгілері еркін пайдалансын. Эстетикалық және дене тәрбиесі еңбек тәрбиесімен ұтымды ұштастырылсын;

11. Халық педагогикасын білім беру мекемелеріндегі оқу әрекетіне енгізуді нақты түрде жүзеге асыру мақсатымен облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтындағы пән ісбәлмелері оқу бағдарламаларына лайықты қосымша материалдар жасауды шұғыл түрде қолға алсын;

12. Жамбыл педагогикалық институты ұжымы білім беру мекемелері мен мұғалімдер білімін жетілдіру институтының тың әрекетіне ғылыми басшылық жасауды жүзеге асырсын.

1993 жылы мамыр айының 10 - 15 жұлдыздарында “Халық педагогикасына негізделген мектеп пен балабақшалардың тәрбие жұмысының жүйесі” атты республикалық семинар-практикум өткізілді. Семинарда 6 баяндама, әр облыстан келген қонақтар сөздері, әдістемелік нұсқаулар бойынша жәрмеңке, облыстың тарихи орындарымен танысу өткізілді.

Семинар-практикумның пленарлық бөлімінде “Қазақ мектептеріндегі оқу-тәрбие жүйесін жақсартудың көкейкесті мәселелері” (Ш. Беркімбаева); “Облыс мектептерінде халық педагогикасын оқу-тәрбие үрдісіне енгізу” (А. Мамашев); “Оңтүстік қазақтары тұрмысындағы әлеуметтік ерекшеліктердің бала тәрбиесіне ықпалы” (К. Шаймерденова); “Отбасы тәрбиесінің халықтық негізі” (Г. Нұржанова); “Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері” атты (Қ. Бөлеев) баяндамалар тыңдалды.

Әсіресе әр облыстан келген қонақтардың іс-тәжірибелері дөңгелек стол басында ашық талқыланып, өз бағаларын алды.

Семинар қорытындысында республика мектептерінде ұлттық тәрбие мәселелерін ғылыми негізде жүргізудің басты жолы мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлықтарын жетілдіру және күшейту қажеттігі баса айтылды. Бұл жұмыста Жамбыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының оң іс-тәжірибесін қорытып, басқа облыстық институттарға тарату ұсынылды.

Ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар мен семинар-практикумдар облыстың барлық қалалары мен аудан орталықтарында өтті. Солардың екеуін ғана келтіреміз.

1996 жылы наурыздың 18 - 19 жұлдыздарында Сарысу ауданының орталығы Байқадамда “Халық педагогикасы – оқу-

тәрбие үрдісінде” атты ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Бұл конференцияның ерекшелігі – онда баяндамалар, хабарламалармен қатар аудан мектептерінің мұғалімдері базалық мектептерде өздерінің халықтық педагогиканы пайдаланып практикалық сабақтарын өткізді.

Конференция жұмысы екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде: “Практикалық сабақтар” өткізу. Онда 4 секция жұмыс істеді. Барлығы 17 сабақ өткізілді. Мысалы: “Физика пәнін оқытуда мақал-мәтелдерді пайдалану”, “Орыс тілі және халықтық дәстүр”, “Шешендік сөз – шежірелі сөз”, “Тәрбие жұмысында халықтық дәстүрді пайдалану”, “Қазақ халық астрономиясын астрономия сабақтарында пайдалану”, “Математика пәнін оқытуда ұлттық ойындарды пайдалану”, “Қайырымдылық сабағы”, “Халық күйлері”, “Халықтың ән-өуез шығарудағы дүниетанымын ән-күй сабағында пайдалану” және т. б., сабақтар өте қызықты және әдістемелік жағынан дұрыс өткізілді.

Екінші бөлімде: “Халық педагогикасын мектеп өміріне енгізу жолдары мен болашағы”. Онда бес секция жұмыс істеп, 37 баяндама тыңдалды. Әсіресе, “Мектепте «Атамекен» бағдарламасы негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру”, “Мектепті ұлттық үлгіде жабдықтау”, “Эстетикалық тәрбиедегі халықтық дәстүр”, “Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік мәні”, “Отбасы – тәрбие бесігі”, “Отбасында баланы адамгершілікке тәрбиелеу”, “Ұлттық психологияның ерекшеліктерін ескере отырып, мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру”, “Геометриялық ұғымдарды халықтық дүниетанымымен байланыстыру”, “Қазақ халқының ою-өрнегін еңбек сабағында пайдалану”, “Ұлттық өнер - эстетикалық тәрбие көзі”, “Сызу пәнін оқытуда халықтық педагогиканы пайдалану”, “Елімай” бағдарламасы негізінде ән-күй сабағын жүргізу” және т. б. баяндамаларда мұғалімдер өз тәжірибелерін өте қызықты етіп, ортаға салды.

Конференция соңында “Қазақ этнопедагогикасының теориялық және әдіснамалық негіздері” (Қ. Бөлеев) атты баяндама жасалды.

1994 жылы ақпанның 9 жұлдызында Жамбыл қалалық білім беру бөлімі “Халықтық педагогиканы оқу-тәрбие процесінде енгізудің ғылыми-әдістемелік негіздері” тақырыбына семинар-практикум өткізді. Ол қаладағы Б. Алтынсарин атындағы № 49 қазақ орта мектебінде өтті.

Семинарда “Халықтық педагогиканы оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің ғылыми-әдістемелік негіздері” (баяндамашы доцент Қ. Бөлеев) атты баяндама, қалалық білім беру әдіскерлерінің презентациясы және 17 мұғалімнің халықтық педагогиканы пайдаланып өткізген сабақтары мектептің әр сыныптарында практика жүзінде көрсетілді. Онда “Домбыра”, “Көпмүшені көпмүшеге жіктеу”, “Электр тоғы”, “Төрт санын қосу және азайту”, “Төлдердің бейнесін жасау”, “Күш” ұғымын қайталау”, “Жоңғар

шапқыншылығы”, “Қазақ жері туралы мағлұматтар”, “Сан есімді оқыту” және т. б. сабақтар өте көрнекті және қызықты өтті.

Әдіскерлердің презентациясында әр пән әдіскерлері халықтық педагогиканы пайдаланып, сабақтар өткізудің әдістемесіне кеңінен тоқталды.

Ал 1993 жылы облыстық педагогикалық оқуларда “Халық педагогикасы – оқу-тәрбие ісінде”, “Халық педагогикасы – отбасы тәрбиесінің негізі” секциялары жұмыс істеп, оларда халық педагогикасын мектептің оқу-тәрбие ісіне өндіру жолдары мен әдістемелерінен баяндамалар мен практикалық сабақтар өткізілді. Мысалы, соңғы өтілген оқуда “Ауыз әдебиеті – халықтық тәрбие негізі”, “Биология сабағында халықтық педагогиканы пайдалану”, “Физика сабағында халық дәстүрлерін пайдалану”, “Халық астрономиясы – дүниетаным негізі”, “География сабағында халықтық педагогиканы пайдалану”, “Бастауыш сыныпта халықтық педагогиканы пайдалану”, “«Атамекен» бағдарламасына мазмұн жасау” және т. б. көптеген қызықты сабақтар мен баяндамалар болды.

1994 жылы қаңтар айында Қазақстан Республикасының Білім беру Министрлігінің алқа жиналысында халықтық тәлім-тәрбиені оқу-тәрбие үрдісіне енгізу туралы мәселе қаралып, онда Жамбыл облыстық білім басқармасының осы бағыттағы жұмыстары жинақталып, басқа облыс мектептеріне таратылсын деген шешім қабылданды. Содан соң облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында мектептерде ұлттық тәрбиені жандандыру туралы мәселе қаралып, істелетін іс-шаралар белгіленді. Онда мектеп мұғалімдерінің этнопедагогикалық даярлықтарын жетілдіру қажеттігі, мұғалімдер жұмысына халықтық педагогиканы ендіруді жеделдету мәселелері ерекше қойылды. Сондай-ақ ұлттық тәрбиені ғылыми негізде ұйымдастырып жүргізу, институттағы “Халықтық педагогика” зертханасын “Этнопедагогика” деп өзгерту, зертхана меңгерушілігіне тәжірибелі, ұлттық тәрбиемен айналысып жүрген Т. Сейталиға тағайындалды. Ол “Халық тәлімі” газетасында “Этнопедагогика ғылымы”, “Физика және халықтық педагогика”, “Халық педагогикасындағы тәрбие түрлері”, т. б. көптеген мақалалар, мұғалімдерге арнап “Халық педагогикасы оқу-тәрбие процесінде” деген әдістемелік көмекші құрал шығарды. Оларда физика, биология, география, астрономия пәндерінде халық даналығын пайдалану әдістемесі жасалынған.

Институтта жылма-жыл облыс мектептері мұғалімдерінің іс-тәжірибелерін жинақтау және жетілдіру мақсатында апталық өткізу дәстүрге айналған. Мысалы, 1995 жылы қыркүйектің 18 - 23 жұлдыздары аралығында институтта “Халықтық педагогика – тәрбие көзі, асыл мұра” апталығы өтті.

Апталыққа республикадан келген орталық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының этнопедагогика зертханасының

меңгерушісі К. Қожахметова, Білім Министрлігінің тәрбие жөніндегі бас маманы А. Көшербаева облыс, қала, аудандар орта мектептерінің ұстаздарымен халықтық педагогиканың мақсаты мен бағыты туралы әңгіме өткізді, өз ойларын ортаға салды.

Бұл апталықтың басты мақсаты оқушыларды ұлттық салт-дәстүр негізінде білімге, адамгершілікке тәрбиелей отырып, оқу-тәрбие жұмысына халықтық педагогиканың тағылымдарын енгізуді жүзеге асыру. Осы орайда республикалық Білім Министрлігінен келген бас мамандар және ұстаздар қалалық, аудандық орта мектептерде, Жамбыл педагогикалық институтында, Абай атындағы педагогикалық училищеде және ұлттық “Ұлан” балалар үйінде болып, халық педагогикасының тағылымдарын оқу тәрбие жұмыстарында пайдаланумен танысып өтті.

А. Көшербаева Жамбыл облысы мектептерінде оқушыларға ұлттық тәрбие беру іс-тәжірибесі мол екені туралы былай өз пікірін айтты: “Өткен жылы республика Білім беру Министрлігінің алқа жиналысында халықтық тәлім-тәрбиені оқу, тәрбие үрдісіне енгізу туралы мәселе қаралып, Жамбыл, Қызылорда облыстық Білім басқармасының осы бағыттағы жұмыстары жинақталып таратылсын” деген шешім қабылданған болатын. Міне, соның реті енді түсіп отыр. Облыста жинақталған игі тәжірибелер мол екен. Жақын маңдағы мектептерде болып, ұстаздар қауымымен таныстық. Бір байқағанымыз, ұлттық, халықтық педагогиканы жаңғырту саласында ұстаздар мен оқушылар тарапынан да үлкен серпіліс байқалады. Өрі алғашқыда жаппай енгізу етек алса, қазір өрнерсеге салмақпен қарап, екшеу орныққан. Облыста қазір таза халықтық тәлім-тәрбиені оқу-тәрбие үрдісіне үш бағытта енгізу қолға алыныпты. Біріншісі – оқу пәндер арқылы. Екіншісі – арнайы пәндер (халықтық салт-дәстүрлер, тәлім-тәрбие, ауыз әдебиеті) арқылы. Үшіншісі – сыныптан тыс сабақтар арқылы. Жүйелі түрде жүргізілген іс қашанда жемісті ғой.

Республикамыздағы осы проблемаға арналған алғашқы аймақтық семинардың осы Әулие-ата өңірінде өткізіліп, алғашқылардың бірі болып іс-тәжірибелерінің таратылып отыруы да сондықтан. Облыстық Білім басқармасының бастығы Ө. Мамашевтың өзі осы істің басы қасында жүргендіктен де осындай игі нәтижелерге қол жетіп отырғаны даусыз. Жалпы бұл өңір мамандарының басқа облыстарға көрсетер үлгісі мол болмақ.

Біз осында “Дүниетану” деген сабақты кездестірдік. “Әдеп өліпшесі” бағдарламасы жергілікті жердің ерекшелігіне орай жасалған. Салт-дәстүр, қолданбалы өнер бағдарламалары да қызықтырды. Қыздарымыз осындай пәндер арқасында ісмер, шебер болып, ұлдарымыз түрлі бұйымдар жасай білетін сегіз қырлы болып өссе нұр үстіне нұр болмай ма”.

Ал К. Қожахметова Жамбыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының іс-тәжірибесіне тәнті болғаны туралы

былай деді: “Біз бұл іссапарымызда тек қана қазақ мектептері емес, жалпы облыстағы алуан ұлт мектептерінде халық педагогикасының, ұлттық тәлім-тәрбиенің қалай енгізіліп жатқанымен таныстық. Мәселен (40 лицейде болдық. Орыс мектебі болғанымен лицей башшылары мен мамандары қазақ халқының әдеп-ғұрпын, салт-дәстүрін, тарихын, мәдениетін оқыта, үйрете отырып, сонымен қатар орыс халқының да тәлім-тәрбиесіне баулуда екен. Бұл құптарлық жәй. Өйткені ол орыс лицейі болғанымен Қазақстан жерінде ғой. Оның үстіне кез келген орыс мектебінде оқитын шәкірттердің көпшілігі қазақтың қаракөз ұл-қыздары екендігі белгілі. Ендеше олардың өз бастауларынан қол үзіп қалмауларын да ойластыруымыз керек. Өзге ұлт шәкірттерінің де өздері тұрып жатқан жердің, елдің тарихын, мәдениетін білгені жөн. Аталмыш лицейдегі халықтық педагогиканы қолдану жайымен танысу барысында ондағы оқушылардың жан-жақты танымы бар азаматтар болып шығатындығына сенгендей болдық.

Жалпы халық педагогикасын оқу-тәрбие барысында енгізуде Жамбылдықтардың ізденісіне төнтіміз. Ұстаздар қауымының осынау игі істі алға апаруға деген құлшыныстары ғажап. Біз қазіргі қиыншылықтарға байланысты шалғай аудандарға шыға алмағанымызбен, келгенімізде естіген сол шалғай аудандардағы ұлтжанды ұстаздар өздері арнайы келді. Тәжірибелерімен таныстық, алуан түрлі сауалдарына жауап бердік. Әрине, жаңаның аты қашанда жаңа ғой. Ол кемшіліксіз болмайды. Сондай артық немесе жаңсақ кеткен тұстары болса ақыл-кеңесімізді айттық. Көптеген құнды іс-тәжірибелер жинақтадық. Биыл желтоқсан айында Білім Министрлігінің алқа мәжілісі болып өтпек. Соған осы іссапар қорытындысы бойынша “Жамбыл облысы мектептерінің халықтық тәлім-тәрбие саласындағы озық іс-тәжірибесі” деген материал әзірлейтін боламыз. Екіншіден біздің орталық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының озат тәжірибелерді жинақтайтын халықаралық банкпен тығыз байланысы бар. ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша бұрынғы одақ тұсында-ақ Беларусь пен біздің институт сол банкке мүше ретінде қабылданған болатын. Байланысымыз әлі үзілген жоқ. Аталмыш материалды, біз халықаралық банкке қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде әзірлеп береміз. Ол материалдарды шетелден келген қонақтар алдыртып, танысатын болады. Яғни бұл Жамбылдықтардың іс-тәжірибесі арқылы әлем қазақтың әдеп-ғұрпын, салт-дәстүрімен танысады деген сөз.

Үшіншіден, біз сапар барысында Жамбылдық ұстаздардың мол ізденісін бейнетаспаға түсіріп алдық. Барған соң оларды бір ізге түсіріп, оқулық құрал ретінде республика мектептерінде тарататын боламыз. Сондай-ақ жазбаша материалдар қазақ және орыс тілінде кітапшалар ретінде басылып, таратылады. Халық педагогикасы саласында оқулық және көрнекі құралдар тапшы болып отырған

қазіргі кезде бұл ұстаздар қауымы үшін үлкен көмек болары даусыз”.

Апталықты қорытындылай келе институт директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Т. Сейталиева институтта мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлаудағы іс-тәжірибелерді ортаға салды. Ол өз сөзінде “Қазіргі басты міндеттердің бірі халықтық педагогиканы оқу үрдісіне енгізу. Біздің институтта бірнеше жылдан бері жемісті жұмыс істеп келе жатқан этнопедагогика зертханасы осы бағытта ізденістер жүргізуде. Біз бұл міндетті үш кезеңде жүзеге асыруда жоспарлаған едік. Бірінші кезеңі облысымыздың мектептерінде халықтық педагогиканы енгізу іс-тәжірибесін, ізденістерді жинақтау еді. Оны аяқтап, қазір екінші кезеңін, яғни, соларды қорытып, тарату ісін қолға алып отырмыз. Осы мақсатта биыл сәуір айында Құлан ауылында Стамбеков атындағы орта мектепте “Атамекен” бағдарламасының авторы М. Құрсабаев қатысқан семинар өткіздік. Сол сәуір айында халық педагогикасы бойынша республикалық ақылы курс өткіздік. Оған көптеген облыстардан мамандар келіп, риза болып қайтты. Мұндай семинар Мойынқұм ауданында да өтті. Солардың негізінде “Әдептілік әліппесі”, “Ұлттық тәлім-тәрбиенің кейбір мәселелері”, “Қазақ халқының этнопедагогикасы” атты кітапшалар шығарып, таратудамыз.

Осылардың алдында республикалық ақылы курс өткізген болатынбыз. Оған республикамыздың Ақтөбе, Жезқазған, Семей, т.б. облыстарынан былай қойғанда көршілес Қырғызстаннан да мамандар келді. Біз оларды № 8, 44, 5, 48, 40 тірек мектептерімізге апарып, ризалықтарын айтты. Мұндай семинарлар Сарысу, Шу аудандарында да өткізілді. Алдағы уақытта Мойынқұм ауданы мен Қаратау қаласында өткізуді жоспарлап отырмыз.

Міне, өздеріңіз көріп отырсыздар, жетістіктеріміз аз емес. Орталық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының этнопедагогика зертханасының меңгерушісі К.Ж. Қожахметова мен Білім Министрлігінің тәрбие жөніндегі бас маманы А.Ә. Көшербаева осы жинақтаған тәжірибемізді республика көлемінде тарату мақсатымен келіп отыруында да үлкен мән бар. Біз оларға жоғарыдағы айтқан семинарлар кезінде бейнетаспаға түсіріп алғандарымызды көрсеттік.

Тірек мектептерімізбен таныстырдық. Барлық аудандарымыздағы халық педагогикасының мамандарын шақыртып, әңгімелестірдік. Мұның екі жаққа да үлкен пайдасы болды деп ойлаймын.

Әрине, астанамыз Алматыдан бұрын біздің тәжірибеміз, еңбегіміз таратылып жатса, онда осы іске мұрындық болып қана қоймай, көп көмек беріп отырған басшылардың да еңбегі зор. Мәселен облыстық Білім басқармасының бастығы Ө. Мамашев осы

халықтық педагогиканы тәрбие, оқу үрдісіне енгізу, жандандыру ісін алғашқы күннен бастап-ақ қолдап, демеп келеді.

Өңгіменің орайы келгенде мына бір жайдың да басын ашып айта кеткім келеді. “Халық педагогикасы” дегенде этнопедагогика лабораториясы, жалпы институт мамандары қазақ халқының ұлттық педагогикасын ғана енгізгелі жүр екен деген жаңсақ ұғым тумауы керек. Біз облысымыздағы әрбір ұлт өкілінің өз халқының салт-дәстүрі рухында тәрбие алуы жолында еңбектенудеміз. Мәселен, № 40 орыс лицейіндегі семинарда орыс халқының педагогикасы сөз болса, Жалпақтөбе ауылындағы дүнген мектебінде “Дүнген халқының педагогикасы” атты үлкен конференция өтті. Ал Луговойдағы семинарда бір орыс мектебі оқу үрдісінде орыс халқының педагогикасын қалай қолданып жатқандарын көрсетті. Бұл орайда ұлттық-мәдени орталықтармен тығыз байланыс ұстаудамыз.

Сонымен, халықтық педагогика жастарға ұлттық тұрғыда рухтық тәрбие берудің баға жетпес қайнар көзі, оны үзбей, кеңінен және тиімді пайдалану әрбір ұстаздың мақсаты деп білеміз.”

1995 жылы мамырдың 13 - 14 жұлдыздарында облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты мен Жамбыл педагогикалық институты қаладағы № 5 қазақ орта мектебінде Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерей тойына орай “Абай – ұлы тұлға” атты педагогикалық оқулар өткізді. Онда “Абайдың педагогикалық мұрасы” атты секцияда 11 баяндама жасалынды. Олар: “Абайдың педагогикалық көзқарастары”, “Абайдың даналық сөздерін оқыту әдістері”, “Абай поэзиясының жастар тәрбиесіндегі маңызы”, “Абайдың отбасылық өмірге көзқарасы”, “Абай шығармаларындағы имандылық тәрбиесі”, т. б.

1996 жылдың сәуір айында Луговой ауданы Құлан ауылында “Этнопедагогика” зертханасының ұйымдастыруымен халықтық педагогиканы оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің ғылыми-әдістемелік негіздері жөнінде облыстық семинар болды. Бұл семинарға 13 аудан, 4 қала өкілдері қатысты. Әр аудан өздеріндегі халық педагогикасының элементтерін жүйелі-ғылыми тұрғыда ортаға салды. Мысалы, Луговой, Свердлов, Талас аудандары мен Жаңатас қаласы өз жұмыстарының жүйелі-ғылыми түрде жүріп жатқандығын дәлелдей алды.

Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі М. Төрәқұлқызы халық педагогикасының оқу-тәрбие барысына енгізу жолдарына баса көңіл бөле отырып, бұл игі шараның ғылыми түрде жүйелі өтуіне ерекше атсалысты. Оның ауданындағы 44 мектептен келген ұстаздардың іс-тәжірибелерін ортаға салып отырғаны бізді қатты қуантты. Семинарға 300-ге тарта ұстаздар қатысты. Мұның өзі талай нәрсені аңғартса керек.

Жиынға Алматыдан “Атамекен” бағдарламасының авторы М. Құрсабаев қатысты. Ол Жамбыл облысында халық педагогикасы

оқу-тәрбие ісінде жүйелі-ғылыми түрде жолға қойылғандығын тілге тиек етті. Сондай-ақ “Атамекен” бағдарламасы кеңінен қанат жайғандығына дән риза болды.

Этнопедагогикалық даярлықтан өткен мұғалімдер ұлттық тәлім-тәрбие мақсатында ендірілген “Әдептілік әліппесі”, “Әдеп және өнер”, “Әдеп және жантану”, “Қазақ халқының салт-дәстүрлері”, “Қазақ тәлім-тәрбие тарихы”, “Ұлттық мәдениет тарихы” пәндерін қиналмай-ақ оқытып жүр. Мысалы, осы пәндерді оқыту Жамбыл қаласындағы № 45 қазақ классикалық гимназиясында өте жақсы жолға қойылған.

Қорыта айтқанда, Жамбыл облыстық Білім беру басқармасы, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты және Жамбыл педагогикалық институтының педагогика кафедралары бірлесе отырып, облыс мектептері мұғалімдерін этнопедагогикалық даярлықтан жоспарлы, жүйелі түрде тиянақты өткізуде. Соның нәтижесінде ұлттық сана-сезімі мен намысы оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, еңбекқор, бойында халықтық білімге негізделген ізгілікті қасиеттері бар жас ұрпақты тәрбиелеуде облыстың ұлтжанды ұстаздары игілікті істер атқаруда, ал олар жинақталып, таратылуда.

Жамбыл мұғалімдер білімін жетілдіру институтының педагогика және психология кафедрасының және “Этнопедагогика” зертханасының оқытушылары мен қызметкерлері профессор Ж. Боданов, доцент Қ. Бөлеев, А. Мейірманова, Р. Садуақасова, Т. Сейталиева, Л. Бөлеева облыс мектептері мұғалімдері мен тәрбиешілерін этнопедагогикалық даярлықтан жүйелі жан-жақты өткізуде. Даярлықтан өткендер ұлттық тәлім-тәрбие беру ісін білгірлікпен жүргізуде. Олардың іс-тәжірибелері жинақталып жеке-жеке кітапшалар, буклеттер, жинақтар, мақалалар, кестелер ретінде баспа бетінен шығарылып, барлық облыс мектептеріне таратылуда. Бұл игілікті істі аудандық әдістеме ісбөлмелерінің әдіскерлері, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты ісбөлмелерінің әдіскерлері, озық тәжірибелі шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдер және ғалымдар-педагогтар атқаруда.

Мысалы, Жамбыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының қазақ тілі мен әдебиеті ісбөлмесінің меңгерушісі, педагог-зерттеуші М. Керімбеков Мойынқұм ауданы Абай атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері К. Байжасарова мен Б. Байжановтың іс-тәжірибесін қорытып “Сабақ – мұғалім айнасы” және “Ауыз әдебиеті – ұлттық дәстүріміздің асыл қазынасы” атты екі кітапша; Луговой ауданының Тельман атындағы орта мектебінің озат тәжірибелі қазақ тілімен әдебиет пәнінің мұғалімі С. Есмұратованың іс-тәжірибесінен “Ұлттық дәстүріміздің қайнар бұлағы – әдебиет” атты кітапшалар шығарды. Сол М. Керімбековтің мұғалімдерге көмекші құрал ретінде “Ата-ана тәрбиесі”, “Жаңа қолданастағы қысқаша орысша-қазақша сөздік”,

“Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне байланысты тіл өнерін дамыту үйірмесін ұйымдастыру” тақырыптарына шығарған еңбектерін атауға болады.

Институт әдіскері А. Мейірманованың балалар бақшасының ересектер тобына арналған тәрбиешілер үшін “Қазақ халқының салт-дәстүрлері” бағдарламасы, оған мазмұн жасалған “Қазақтың салт-дәстүрлері” және “Әдептілік әліппесі” кітапшылары шықты. Институт әдіскерлері Р. Садуақасованың “«Атамекен» бағдарламасы арнасындағы ұйымдастырылатын жұмыс түрлері” атты әдістемелік құралы және Қ. Бөлеевтің, Р. Абдықасымовтың, Т.Қ. Бөлеевтің 1994 - 1995 жылдары “Великие мыслители Востока о воспитании”, “Воспитание трезвого образа жизни” атты еңбектері жарық көрді.

Облысымызда шығармашылықпен еңбек ететін ізденімпаз ұстаздарымыздың бірі Н. Әбдуованың “Отбасы өмірінің әдеби мен психологиясы пәніне” арналған бағдарламасы және Жамбыл қаласы № 5 қазақ орта мектебінің директоры Н. Қасымованың “Қазақ мектебінің жаңа қалпын жасау жөніндегі эксперимент ұйымдастыру” атты кітапшылар 1993 жылы шығарылды.

Халық педагогикасын жеке пәндерді оқытуда кең пайдаланып жүрген Жамбыл қаласындағы Ш. Смаханұлы атындағы № 44 қазақ орта мектебінің жаңа бастауыш сынып мұғалімі С. Жанәділованың “Халықтық педагогиканы оқу мен тәрбие саласына ендіру іс-тәжірибесі”, Луговой ауданы Қ. Сатпаев атындағы орта мектептің музыка пәні мұғалімі В. Омарованың іс-тәжірибесі “Эстетикалық тәрбие – өмір талабы”, Меркі ауданы № 13 М. Маметова атындағы орта мектептің мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К. Сағадиеваның іс-тәжірибесінен “Халық педагогикасы – тәрбиенің қайнар көзі”, Жамбыл қаласы С. Абланов атындағы мектеп-интернаттың тәрбиешісі А. Найманованың іс-тәжірибесінен “Халық педагогикасы – бала тәрбиесінде”, Қаратау қаласының лицей-интернаттың мұғалімі Н. Әбдуованың іс-тәжірибесінен “Халық дәстүрін сілау – ұрпақ борышы”, Жамбыл қаласындағы Ш. Смаханұлы атындағы № 44 қазақ орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі К. Тоқбергенованың “Халықтық педагогиканы оқу-тәрбие саласына ендіру іс-тәжірибесі” және т. б. көптеген буклеттер шығарылды. Буклеттерде мұғалімдердің озық тәжірибелері, нақты сабақтарының тақырыптары және тәрбие сағаттарының мазмұндары толық баяндалған.

Институттағы “Этнопедагогика” зертханасының мақсаты – халық педагогикасының өзекті мәселелерімен және оны бала тәрбиесінде пайдалану барысын зерттеу. Зертхана облыс мектептері мұғалімдері мен ғалым-педагогтардың халықтық педагогика мәселелері бойынша іс-тәжірибелері мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жинақтап, оларды мектептерге таратумен кеңінен шұғылдануда. Мысалы, 1992 жыл өткен республикалық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар тезисін “Халық

педагогикасы – бала тәрбиесінде” деген атпен жинақ етіп баспадан шығарды. Жинақтың редакторлары: Қ. Бөлеев, А. Мейірманова, Р. Садуақасова. Жинақта 35 мақаланың тезистері берілген. Мысалы, Р. Әбдіқасымов “Халық педагогикасы – облыс мектептерінің оқу-тәрбие жұмысында”, Қ. Тасболатов “Жастарды халық дәстүрінде тәрбиелеу”, А. Мейірманова “Ұлттық тәрбиедегі әдептілік орны”, Р. Садуақасова “Ұлттық психология ерекшеліктеріне сәйкес тәрбие жұмысын ұйымдастыру”, С. Құсайынова “Мақал-мәтелдерді оқушыларға гигиеналық тәрбие беруде пайдалану жолдары”, Р. Әбдіғаппарова “Бала санасына ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда ойын-сауықтардың рөлі”, Н. Әбдуова “Халық педагогикасы дәстүрі үлгісінде мектеп-интернат оқушыларын имандылыққа тәрбиелеу”, А. Асанов “Мектепті ұлттық үлгіде жабдықтау”, Ш. Мырзақұлова “«Атамекен» бағдарламасын жүзеге асыру жолдары” және т. б. өте құнды іс-тәжірибелері бар.

Зертхана қызметкерлері 1996 жылы облыс мектептерінің оқу-тәрбие ісінде халықтық педагогиканы ендіру барысында зерттеп, озық тәжірибелерді қалай жазу керектігі туралы консультациялар берілді. Жинақталған материалдар “Жамбыл облысы мектептерінің оқу-тәрбие процесінде халық педагогикасының элементтерін пайдалану тәсілдері” атымен зертхана қызметкерлері А. Мейірманова мен Р. Садуақасованың редакциясымен жеке кітапша болып баспадан шығарылып, облыс мектептеріне таратылды.

Жинақта 13 мұғалімнің озық іс-тәжірибелері баяндалған. Мысалы, Г. Түсіпбекованың “Қазақ халқының салт-дәстүрлері – ұлттық тәрбие негізі”, Р. Мырзақұлованың “Қайрат – халық батыры”, Н. Әпенованың “Қазақ тілінен өткізілген бір сабақтың үлгісі”, А. Тазабекованың “Төлдер айтысы”, А. Асанқызының “Ордабасы – ұрпақтар бас қосуы”, Т. Өмірзаққызының “Ақын, әнші, композитор, күйші, термеші”, Д. Сағындыққызының “Хан Абылай – халық батыры” және т. б. мақалаларда мұғалімдердің халық педагогикасын пайдаланып өткізген сабақтары мен тәрбие сағаттарының мазмұндары толық берілген.

Ұлттық тәлім-тәрбие мәселелерін оқу-тәрбие мекемелерінен кеңінен уағыздау мақсатында Жамбыл облыстық білім беру басқармасы мен облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты айына бір рет “Халық тәлімі” атты газетаны 1993 жылдың 8-ші мамырынан бастап шығара бастады. Газеттің 70-тен аса саны баспадан жарық көрді.

Газет бетінде қазақ және орыс тілдерінде облысымыздағы ұстаздардың өнегелі өмірі, кәсіптік шеберлігі, бай тәжірибесі, шығармашылық ізденістері, дәріс беру мен тәрбиелеудегі тың жолдары, сабақтың жаңа түрлері жайлы озық ой-пікірлері айтылады. Сонымен қатар халқымыздың санғасырлық жинақтаған тәлім-тәрбиелік тағлымын бүгінгі өскелең өмірге ендірудің жолдары жайлы өзекті мәселелер сөз болуда.

Газеттің бірінші санында А. Мамашевтің “Игі бастамаға ақ жол”, Р. Әбдіқасымовтың “Халық қазынасы – ұрпақ игілігіне”, Қ. Бөлеевтің “Этнопедагогика” атты мақалалары жарияланды. Газеттің басқа сандарымен таныса отырып, олардан облыс мектептерінде халық педагогикасын үздіксіз білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып жатқанына көз жеткізуге болады. Мысалы, Т. Бөлеевтің “Халықтық педагогика” және “Шығыстың ұлы ойшылдары тәрбие туралы” бірнеше мақалалары; А. Белгібаев пен Ш. Әбдірешеваның “География халықтық педагогика негізінде” атты екі мақаласы; Н.А. Медведеваның “Халық даналығы - биология сабақтарында”, Д. Омарованың “Ұлттық мазмұнды есептер шығару”, Т. Сейталианның “Физика және халықтық педагогика”, Ж. Медеуованың “Астрономия және халықтық педагогика”, т. б. мақалалары бар.

Әсіресе сыныптан тыс жұмыстарды халықтық педагогиканы пайдалану іс-тәжірибелері бойынша Б. Белгібаевтың “Тілге жеңіл, жүрекке қонымды”, Р. Садуақасованың “Мақал-мәтелдер және тәрбие”, К. Досмұқанбетованың “«Даналық» – халық педагогикасы мектебі” және т. б. мақалалары шықты.

“Халықтық педагогика – балабақшада” айдарымен газетте М. Әбішованың “Тәрбие қандай болса, алдағы өмірі соған орай болмақ”, Т.Толқынбайтегінің “Ұрпақ ертеңі балабақшадан”, Т.Өпеніяұлының “Ұлттық тәлімге не жетсін”, С. Қамарованың “Тәрбие басы – тал бесік”, “Балабақшада қазақ тілін оқыту” және т. б. мақалалары жарық көріпті.

Облысымыздың халықтық педагогика бойынша шығармашылықпен жұмыс істейтін көптеген ұстаздарының іс-тәжірибелері республикалық мерзімді баспасөз беттерінде, мысалы, “Бастауыш мектеп”, “Қазақстан мектебі”, “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналдары және “Қазақстан мұғалімі” газетасында жарық көруде. Мысалы, соңғы үш жылда 22 мақала шығыпты. Сондай-ақ К. Қожахметованың оқу құралы мен монографиясында [49, 63], К. Бөлеевтің, Л. Бөлееваның мақалаларында шықты [188, 47].

Сонымен, Жамбыл облысының ұлтжанды мұғалімдері халықтық педагогиканы оқу-тәрбие ісінде ендіруде айтарлықтай іс-тәжірибелер жинақтауда. Олар халықтық педагогиканы төрт бағытта қолдануда. Бірінші бағыт – жеке пәндерді оқытуда; екінші – арнайы пәндерді оқытуда; үшінші – сыныптан тыс жұмыстарда; төртінші – ата-анамен жұмыс істеуде. Облыс ұстаздарының жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие берудегі игілікті істері өз бағасын алары сөзсіз, ал олардың озық іс-тәжірибелері республика мектептеріне таратуға тұрарлық, олар кеңінен мектептер өміріне ендірілуде.

## 2.4 Мұғалімдердің оқушыларға ұлттық тәрбие беру бойынша озық іс-тәжірибелері

1992 - 2000 оқу жылдары Жамбыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында біз жасаған “Ұлттық тәлім-тәрбие” дайындық курсының бағдарламасы бойынша 1552 облыс мұғалімдерін этнопедагогикалық дайындықтан өткіздік. Егер оларды мамандықтары бойынша сараласақ, оны мына кестеден көруге болады:

Кесте 7.

Мұғалімдер саны	М а м а н д ы қ т а р ы									
	Бастауыш сынып	Биолог тар	Тарих-пылар	Фило-логтар	Матема тиктер	Физик-тер	Ән-күй	Геог-рафтар	Дене-шын.	Химик тер
1552	210	160	165	182	184	190	99	101	190	69

Енді тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесі ретінде сол облыс мұғалімдерінің оқушыларға ұлттық тәрбие беру бойынша жинақталған, мектептердің оқу-тәрбие жұмысына ендірілген іс-тәжірибелерінен нақты мысалдар келтірілдік. Жинақталған іс-тәжірибелер өте көп болғандықтан әр оқу пәнінен 1 - 2 ғана мысалдар береміз.

Қазақ мектептерінің бастауыш сыныптарында ұлттық тәрбие әліппе, ана тілі, математика, табиғаттану, ән-күй, еңбек пәндері сабақтарында жақсы жүргізілуде. Бұл пәндерден төл бағдарламалар, оларға төл оқулықтар шығарылған. Мысалы, Тараз қаласындағы Ш. Смаханұлы атындағы № 44 қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі С. Жанәділова халықтық педагогиканы оқу-тәрбие ісіне ендіруде айтарлықтай іс-тәжірибелер жинақтауда. Оның қазақ тілі пәнінен пысықтау сабағының мазмұнын берелік.

**Сабақтың мақсаты :** Оқушылардың алған білімін пысықтау, тіл байлығын дамыту, сабаққа ынтасын арттыру, сауатты жазуға дағдыландыру.

**Сабақтың тәрбиелік мәні :** Оқушыларды халықтық дәстүр рухында тәрбиелеу.

**Сабақтың көрнекілігі :** “Қожанасыр” суреті, қоржын, киіз үй, бесік, домбыра, ер, тоқым.

Сабақтың жүргізу әдісі : Сұрақ – жауап әдісі, сурет бойынша сөйлем құрастыру, бос орынға тиісті әріптер қою, оқулықпен жұмыс.

Сабақтың барысы :

– Балалар бүгінгі сабағымыз пысықтау-қайталау сабағы. Сабағымызға қонаққа Қожанасыр атамыз келіп отыр. Ол кісі қоржын ала келіпті. Қоржын сұрақтар мен тапсырмаларға толы. Атамыздың әкелген тапсырмаларын орындайық.

1 тапсырма : Карточкадағы сұраққа жауап бер, сол сөзді буынға бөл. Жуан немесе жіңішке сөз екенін ата.

а) Сен әкеңнің әкесіне кім боласың ? (Немере)

ә) Жылқы сүтін не деп атайды ? (Қымыз)

б) Қазақ халқы қыста жеген малының етін не деп атаған ? (Соғым)

в) Сиыр атасын ата. (Зеңгі баба)

г) Киіз үйдің сүйектерін ата. (Шаңырақ, кереге, уық)

Бұл тапсырмаларды бес оқушы шығып ауызша орындайды.

2 тапсырма : Суретке қарап сөйлем құрастыру, оны тақтаға жазу. (Қоржыннан әдемі етіп салынған киіз үйдің, бесіктің, ер тоқымның, домбыраның, мәсінің суреттерін алып, сөйлем құрастырды, жазды)

3 тапсырма : Оқулықпен жұмыс. 172-жаттығу.

Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жазу.

Киімді кірлетпей кию керек. Сабақ кезінде сөйлеуге болмайды. Жіпті көк бояумен боядық. Тауға қарай жаяу жүрдік. Бесіктегі бала ұйықтамай ояу жатыр. Жауды аяған жаралы.

173-жаттығу өз бетінше орындалып, соңынан тексеріледі.

Сергіту сәті : “Орамал тастамақ” ойыны ойналады. Орамал алдына түскен оқушы шатаспай ұяң немесе үнді қатаң дауыссыз дыбыстарды атап шығады.

4 тапсырма : Қоржыннан плакат алынып тақтаға ілінеді. Ондағы тапсырма й, и, ы, і әріптерінің тиістісін бос орынға қою.

Ба пақ, а ырқалпақ, малақа , тақ я, к ім, жаул қ, бөр к, күб , мәс , ш й .

Үйге тапсырма беру, оны түсіндіру.

Сабақты қорыту.

Плакатқа жазылған өлеңді оқыту, мазмұнын түсіндіру.

Ана тілін білмеген,

Ақылы жоқ жілікбас

Ана тілін сүймеген

Халқын сүйіп жарытпас.

Оқушыларды бағалау.

Балалар, сендер Қожанасыр аталарыңның тапсырмасын орындадыңдар. Ал енді аталарың қайтады. Кәнеки, бәріміз хормен “рахмет” айтайық.

Жамбыл облысы Луговой ауданы Қ. Сатпаев атындағы орта мектептің ән-күй пәнінің мұғалімі В. Омарова оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде ұлттық музыка өнерін көп жылдан бері пайдалануда. Ол өзі ән-күй пәнінен “Ауылым – өнім” атты төл баланың музыканы меңгерудегі қабілеті, жасы, қимыл, жүріс ерекшеліктері ескерілген. Онда әр тоқсанда игерілетін тақырыппен қоса “Қосымша материалдар”, “Би қимылдарына берілетін өндер”, “Тыңдауға арналған ән-күйлер”, “Сабаққа байланысты суреттер” атты тақырыпшалар беріліп, сабақтың неғұрлым терең мазмұнды болуы көзделген.

Сондай ұстаздардың бірі Құрбанкүл Оралова Жуалы ауданы Ленин атындағы орта мектепте 15 жылдан бері ән-күй пәнінен сабақ беріп келеді. Ол өзінің ұзақ жылғы ұстаздық еңбегінде білім мен тәрбие негізі сабақта екеніне баса назар аудара отырып, шығармашылық ізденіс арқылы әр сабағын шәкірттердің сүйікті сабағына айналдырады.

Құрбанкүл меңгеретін ән-күй ісбөлмесін қазіргі халықтық педагогика талабына сай, оқу бағдарламасын сапалы жүргізуге лайықтап, қазақтың ұлттық дәстүрімен жабдықтаған. Сондай-ақ атақты музыка классиктерінің шетел және қазақ композиторларының, қазақтың халық күйшілері мен өнер шеберлерінің суреттері қысқаша жазылған өмірбаяндарымен бірге қабырғаға ілінген. Музыкалық сауат ашу жөніндегі тақырыптық стендтер де эстетикалық талғамға сай жасалған. Сондай-ақ ол көркемөнерпаздар үйірмесін жүргізеді. Театрландырылған шағын көріністер үшін өз қолымен жасаған бұйымзаттарының өзі бір төбе.

Тәжірибелі ұстаз күнделікті сабағын көрнекі және техникалық материалдарды ұтымды пайдаланып, қызықты өткізіп келеді.

Қазақтың ұлт аспаптарын пайдаланып, жұмыс істеп, оқушыларды жан-жақты ұлттық өнерге баулып келе жатқан осы аудандағы қазақ мектептерінің ішіндегі бірден-бір мектеп Құрбанкүл ұстаздық ететін мектеп. Осындай өнімді еңбегі нәтижесіз де емес. Ұлағатты ұстазды облыстық, аудандық білім бөлімдері бірнеше рет мақтау грамоталарымен, дипломдармен мадақтады. Үздіксіз ізденіп, білімін көтерудің арқасында Қ. Оралқызы оқушылардың сүйікті ұстазына айналып отыр.

Луговой ауданы Тельман атындағы қазақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі С. Есмұратованың іс-тәжірибесіне тоқталайық.

Аға мұғалім С. Есмұратованың сабақ берудегі өзіндік ерекшелігі, ол сабақты ұлттық дәстүрге байланыстыра өтеді. Ол

сабақтың белсенді түрлерімен өтуге де шебер. Мысалы, 9 сыныпта әдебиет пәні бойынша “Алпамыс батыр” жыры тақырыбына өткен сабағының мазмұнын берелік.

**Сабақтың білімділік мақсаты :** “Алпамыс батыр” жыры халықтық жырға жатады. Ол қазақ халқының қоғамдық көзқарасын білдіретін шығарма екенін оқушылардың жырды қаншалықты меңгергенін байқау іске асырылады.

**Тәрбиелік мақсаты :** Алпамыстың ақылды, өнерлі, күшті өз елін қорғай алатын батырлығын айта отырып, оқушыларға үлгі ету, қазіргі өмірмен байланыстыра отырып, қазақтың ұлттық дәстүрі мен әдет-ғұрпын, тілін оқушыларға меңгерту. Алпамыс батырдың достығы мен аңғалдығын салыстыра отырып түсіндіру.

**Дамытушылық мақсаты :** Алпамыс батырдың қоңырат руынан екендігін айта отырып Байбөрінің ұл мен қызды құдайдан тілеп, әулиеге түнеуі, Баба түкті шашты Әзизге қонуы, оның шындық өмірмен байланысын түсіндіруде, Жамбыл қаласындағы Сарысу ауданының өңіріндегі Баба-ата әулиенің жанындағы Баба түкті шашты Әзиз мазарының сақталынуы жырға негіз болып алынғанын айту.

**Көрнектілігі :** түрлі суреттер, киіз үй макеті, сәукеле, дулыға, күйтабақ, карточка, альбомдарды пайдалану.

**Сабақтың түрі :** қорытынды сабақ ретінде өту.

**Әдісі :** сұрақ-жауап әдісі.

**Сабақтың барысында :**

1. Ұйымдастыру кезеңінде “Алпамыс батыр” жырына арналған плакат, киіз үйдің құрылысының үлгісі ілініп қойылды;

2. Оқушылар үш топқа бөлініп, әрбір топ өздерін таныстырып өтеді :

◆ Қаракерей Қабанбай ауылынан келген қонақтар (Бірінші топ);

◆ Қанжығалы Бөгенбай ауылынан келген қонақтар (Екінші топ);

◆ Сыпатай батыр ауылынан келген қонақтар (Үшінші топ).

3. Үш топтың ел ағалары өздерін таныстырып өткен соң “Қазақ батырлары” газетінің тілшісіне сөз беріп, қазақ елін, жерін қорғаған батырлар туралы айта келіп, “Алпамыс батыр” жырына тоқталды.

Сабақтың барысында нақты іске асырылған жұмыстар:

◆ Оқушылар ұлттық киім киініп, сахна көрінісінен үзінділер береді;

◆ “Алпамыс батыр” жырындағы Байбөрі, Ұлтан, Гүлбаршын, Алпамыс, Бадамша бейнелері арқылы оқушылар түсінік береді;

◆ Текстегі (жырдағы) Алпамыс пен Гүлбаршынның және Бадамша мен Алпамыстың айтысынан үзінділер беріледі;

- ◆ Ұлтанның бейнесі күйтабақтан тыңдалады;
- ◆ Карточка бойынша жұмыстар істелініп сұрақтар қойылады;
- ◆ Әр топ өз ауылдарының батырларын Алпамыс батырмен салыстыра отырып қорытынды жасады;
- ◆ Қорытынды сөз “Қазақ батыры” журналының тілшісіне беріліп, өз пікірін сабақпен байланыстыра отырып, айтып берді;
- ◆ Үйге тапсырма беріледі;
- ◆ Сабақта жақсы жауап берген оқушылардың білімі бағаланып, әділ қазылардың пікірі тыңдалды.

Мойынқұм ауданы Жамбыл орта мектебінің география пәнінің мұғалімі А. Белгібаев өзінің іс-тәжірибесін былай баяндайды:

География сабағында мақал-мәтелдерді оқушыларға пайдаланудың жолдары мен әдістері көп. Оларды сабақта ғана емес сыныптан, мектептен тыс жұмыстарда пайдалануға әбден болады. Тақырыптың мазмұнына сәйкес келетін мақал-мәтелдерді материалды өтер алдында, сабақты қорытындылаған кездерде пайдаланса, өте әсерлі, тиімді болатындығын тәжірибемнен көріп жүрмін.

Сондықтан оларды жинастырып география пәнінің бағдарламасына енгізуге тырыстым. Мысалы, 6 сыныптың физикалық география пәні бойынша тақырыпқа байданысты мақал-мәтелдерді 8 кестеде келтірілді. Осы кестені пайдаланып, тиісті тақырыптарды өткенде мақал-мәтелдерді сабақты бастар алдында, сабақтың барысында және сабақты қорытындылауда айта отырып, тақырыптың мәнін ашу, сабақтың қызықты әрі тартымды өтуіне ықпал етеді және оқушылардың ұлттық тәлім-тәрбие алуына жәрдем етері сөзсіз.

Кесте 8.

Тараулары мен тақырыптары		Мақал-мәтелдер	
1		2	
<b>Жоспар және карта</b>			
1. Тақырыбы: Жердің жоспары бойынша бағытын анықтау	Жеті рет өлшеп, бір рет кес. Жіптің ұзыны жақсы, сөздің қысқасы жақсы.		
2. Тақырыбы: Салыстырмалы және абсолюттік биіктік	Есепші дұрыс болса, есеп бұрыс болмас.		
3. Тақырыбы: Жердің жоспарын жасау	Айтарыңды толғап ал, отырарда барлап ал. Түзу жүрген титықтамайды		

1	2
4. Тақырыбы: Жердің жоспары мен географиялық карталардың маңызы	Есепшінің есебі кісінде. <i>Уақыт атаулары:</i> айшылық жол, ат шаптырым жер, шақырым, бір қыдыру жер, өудем жер, таяқ тастам жер, құлаш, қадам, қолдың қары, тұтам, қарыс, сүйем, табан, бармақ, елі, буын, тағы басқадай ұзындық. <i>Қалыңдық атаулары:</i> батпан, қап, құт, шөкім, мысқал. <i>Салмақ ұғымын</i> білдіретін сөздерді – қазан, қадақ, шара, бау, уыс, жүйке, текше, танап, тағы басқа да заттың мөлшерін, көлемін білдіретін атауларға сипаттама беру.
<b>Литосфераның құрылысы және онда өтетін құбылыстар</b>	
5. Тақырыбы: Литосфера деген не ?	Жер байлығы – ел байлығы.
6. Тақырыбы: Жер қыртысының қозғалуы (денелердің өзара әсерлесуі)	Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар. Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады. Болат бүгілмес, шорт сынады. Жұмбақтың көзін тап, қисықтың тілін тап. Қисық ағаш түзелер, түзеге салып барласа.
7. Тақырыбы: Вулкандар, ыстық гейзерлер (қатты денелердің, сұйықтардың және газдардың қысымы). Гейзердің жылу құбылысына мысал	Жар құласа, жайын өледі. Құсты қанат ұшырар. Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады. Сумен ойнама – батасың, отпен ойнама – жанарсың. Көсеу ұзын болса, қол күймес. Аузы күйген үрлеп ішеді. Сыпайы тоңбас, қалтырар.
8. Тақырыбы: Құрылықтағы таулар	Биік таудан жел сарнар, терең сайдан сел саулар. Биік таудың басы қыс, баурайы жаз. Сұңқар қиясын сағынады, торғай ұясын сағынады. Көлдің көркі – құрақ, таудың көркі – бұлақ. Тау тасымен көрікті, ел жасымен көрікті.
9. Тақырыбы: Құрылықтағы жазықтар	Жердің көркі – орман, тоғай, бұлағы, Елдің көркі – қала, қыстақ, тұрағы. Ағаш – жапырағымен, жер – топырағымен көрікті.

1	2
10. Тақырыбы: Литосфера қабатын қайталау	Ұлтарақтай болса да, Ата қонысы жер қымбат. Ат төбеліндей болса да, Туып, өскен ел қымбат.
11. Тақырыбы: Гидросфера деген не ? (Судың үш күйі, су айналымы туралы)	Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады. Су атасы – Сулеймен. Судың да сұрауы бар. Сулы жер – нулы жер. Су – диқанның қаны, жер – диқанның жаны.
12. Тақырыбы: Дүниежүзілік мұхит суының қасиеттері	Су басыңнан асқан соң, бір құлаш астыма, жүз құлаш асты ма – бәрі біл.
13. Тақырыбы: Мұхит суының қозғалысы	Түсуге жетпеген су, ішуге жетеді. Теңізді қасықтап төгіп сарқа алмайсың. Теңіз суы шелектеп төгілмес. Биге сенбе, суға сенбе. Теңіз кешкенге, өзен сирағынан да келмейді.
14. Тақырыбы: Құрылықтағы су	Тасқын суда тас домалар. От пен су арасында ымыра жоқ. Өзеннің суы да үстеленбесе, ортаяды. Су – сайға құяды.
15. Тақырыбы: Өзендер	Көп жүрген жер – көл, құм жүрген жер – шөл. Көл жағалағанның көңі кешпес.
16. Тақырыбы: Көлдер	Көл бақадан көмек сұрағанша, көлге кеткен артық. Жолаушы жолым, көл бақа көлім болса дейді.
<b>Атамекен ауасы – жан-жүйкеңнің дауасы</b>	
17. Тақырыбы: Ауа температурасы.	Кешкі күн құлақтанса, Қатының ұл тапқандай сүйін. Ертеңгі күн құлақтанса, Еліңді жау шапқандай күйін. Жазда терлемеген, қыста жаурайды. Жаздың қиы – қыстың сыны. Көктемде құймақ жеп, күзде кекірдім. Қыста қайда барайын, жазда сарай салайын. Жел дауылды шақырады, бұлт жауынды шақырады. Күзгі аспан күніге жеті рет құбылар.

1	2
18. Тақырыбы: Жел	Көктемгі жауыннан соң, көк тас та көктейді.
19. Тақырыбы: Ауа райы	Жаз жарлынікі, қыс – өлдінікі.
20. Тақырыбы: Климат	Туған жердің күні де ыстық, күлі де ыстық. Ай қораланса, арбаңды сайла.
21. Тақырыбы: Өздерің тұратын жердің климаты	Күн қораланса, күрегіңді сайла. Құс патшасы – бүркіт, Аң патшасы арыстан. Туған жер – тұғырың, Туған ел – қыдырың.
22. Тақырыбы: Адамның табиғат кешеніне әсері	Арша өскен жерінде, Адамзат өскен елінде.
23. Тақырыбы: Жер бетіндегі халықтың саны	Ел – елдің бөрі жақсы, Өз елің бөрінен жақсы.
24. Тақырыбы: Елді мекендер	Кісі елінде сұлтан болғанша, Өз еліңнің ұлтаны бол. Үйінде атаңның намысын қорға, Шет жерде Отаныңның намысын қорға.
Туған жер табиғаты және адам	
25. Тақырыбы: Өздерің тұратын жердің табиғатына адамның әсері	Тау бұлағымен сөнді, Көл құрағымен сөнді. Су Сулеймендікі, Жер Қыдырдікі. Жат жерде алтын жауғанша, Өз еліңде тас жаусын. Атамекен – анаң екен, Қысылғанда панаң екен. Туған жердің түйе жейтін жапырағы да дәрі, түйе аунайтын топырағы да дәрі. Өркімнің өз жері жұмақ. Мал екеп мал да, от жеп, су ішкен жеріне тартады. Егілмеген жер – жетім, Елінен айырылған ер жетім Адам елінде, қоға көлінде көгерер. Жат жердің қаршығасынан, өз жеріңнің қарғасы артық. Мал төлімен жарасты, Жер гүлімен жарасты. Өлкенің көркі мал болар, Өзеннің көркі тал болар.

Тараз қаласындағы № 49 мектептің физика пәнінің мұғалім Н. Көшеров өз сабақтарында ауыз әдебиетінің көптеген жанрларын және халықтық салт-дәстүрлерді пайдаланып, олардың тәрбиелік мәнін ашуда біршама тәжірибе жинақтады.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінің басты жанры мақал-мәтелдерінің тақырыбы әр алуан. Солардың бір саласы табиғат құбылыстары, оның заңдылықтары мен заңдарын танып-білуге байланысты пайда болған мақалдар мен мәтелдер.

Физиканы оқыту барысында соларды пайдалану оқу материалының білімділік және тәрбиелік маңызын кең ашуға мүмкіндік береді. Себебі мақалдар мен мәтелдер – халықтық педагогиканың негізі, басты қазынасы және көздері.

Мұғалім халық арасынан және арнаулы мақалдар мен мәтелдер жинақтарынан физикалық мазмұнды мақал-мәтелдерді жинастырып, оларды физика пәнінің бағдарламасына сәйкес жүйеге келтірген. Оны 11 кестеден көруге болады.

Осы кестені пайдаланып тиісті тақырыптарды өткенде мақал-мәтелдерді сабақты бастар алдында, сабақ барысында және сабақ бекітуде айтып отырса, тақырыптың мәні мен мазмұны ашылады, әсіресе оқушылардың тәрбиелілігі артатынын біздің тәжірибе көрсетуде дейді ұстаз. Сондай-ақ оның қазақ халқының жұмбақтарын табиғаттану және физика сабақтарында пайдалану іс-тәжірибесін баяндайтын еңбектері де бар.

Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының информатика ісбөлмесінің меңгерушісі Д. Омарова ұлттық мазмұнды есептерді компьютердің көмегімен шығару әдістемесін жасап, оны мұғалімдерге үйретіп, оқушыларға ұлттық тәрбие беруде пайдалануда.

Ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан қазақ халқының ауызша есептері ауыз әдебиетінің бір жанры болып табылады. Ауызша есептерді шешу оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, логикалық талдау жүйесін қалыптастыруға септігін тигізеді. Математика сабағында теңдеулерді шешу, алмастыру мен теру, прогрессиялар тақырыбын өту барысында бұл есептер жазба жолмен шығарылып та жүр.

Халықтық есептерді сол сияқты информатика сабағында да пайдалануға болады. Ол біріншіден халық мұрасымен оқушыларды таныстыру жолы болса, екінші жағынан есепті шешудің дұрыс алгоритмін тауып, оның бағдарламасын дұрыс құра білуге үйретеді.

Физиканың тақырыптары	Мақал - мәтелдер
<b>7 сынып</b>	
1. Тақырыбы: Заттың құрылысы туралы алғашқы мағлұматтар	Тамшы тама берсе, дария болар. Бір құмалақ бір қарын майды пірітер.
2. Тақырыбы: Денелердің өзара әсерлесуі	Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар. Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады. Болат бүгілмес, спорт сынады. Жұмсақтың көзін тап, Қисықтың тілін тап. Қисық ағаш түзелер, түзге салып бұраса.
Тақырыбы: Қатты дененің, сұйықтардың және газдардың қысымы	Құсты қанат ұшырар, ерді талап ұшырар. Құс қанатымен ұшады, Құйрығымен қонады. Сумен ойнама – батарсың, Отпен ойнама – жанарсың.
<b>8 сынып</b>	
4. Тақырыбы: Жылу құбылыстары	Темірді қызған кезінде соқ. Болат қайнауда шынығады. Тоғыз қабат торқадан, тоқтышағым терісі артық. Көсеу ұзын болса, қол күймес. Аузы күйген үрлеп ішеді. Сыпайы тоңбас, қалтырар. Темір сырын отта танытады, Адам сырын жоқта танытады. Тамызығын тапсаң, таста жанады.
5. Тақырыбы: Электр құбылысы	Нөсер алдында найзағай ойнайды.
6. Тақырыбы: Жарық құбылыстары	Ерте шықсаң, алдыңнан күн шығады. Кеш шықсаң, алдыңнан түн шығады. Күн көтерілсе, көлеңке қысқарар. Күн жұлдыздан жарық сұрамайды.

Мұндай есептерді компьютердің көмегімен шығару оқушыларға компьютердің мүмкіндігін көрнекі түрде көрсетеді. Компьютер аз уақыттың ішінде орасан көп варианттарды қарастырып шығады. Мысалы Ә. Доспанбековтың құрастырған “Қырық қазына” кітабынан [106] алынған бірнеше есепті шешу алгоритмін және Бейсик тіліндегі бағдарламасын қарастырайық (Плакатқа жазып көрсетеді).

**1 есеп “Бау-бау шөп”** : Ағаш уықты, киіз туырлықты ауыл үйінің бас-аяғы он жеті бас малы – жылқысы, сиыры, қойы болыпты. Үйдің ер азамат болып қалған баласы дамыл таппай жүріп, қыстау басына мая-мая шөп жинап алады. Қыс түсіп, мал қолға қараған кезде ол анасынан әр түлікке қанша баудан шөп салайын деп сұрайды. Сонда анасы:

– Күн сайын әр жылқының алдына – алты, әр сиырға – төрт, қой басына екі баудан салсақ, мал қыстан қысыла қоймайды, балам.

– Жарайды, ана, - деп, бала малдарға шешесінің айтқанындай етіп бау-бау шөпті салып келеді.

– Барлық малға қанша бау шөп салдың, балам ? - дейді шеше ұлына.

– Бөріне қырық сегіз бау шөп кетті, - дейді баласы, - барлық жылқыға қанша бау салсам, барлық сиырға да сонша бау салдым, ана. Ал жылқы мен сиырды қоса есептегенде барлығына кеткен бау саны барлық қойға салынған бау санымен бірдей болды.

– Дұрыс болған екен, балам, - дейді шешесі сонда,

– Енді шөпті малдарға күнде осылай салып тұрғайсың. Сонда бұл үйдің неше жылқысы, неше сиыры, неше қойы болғаны ?

**Шешуі** : жылқының санын – Ж, сиыр – С, қой – Қ деп белгілесек, есептің шешуі мына шарттарды бір мезгілде қанағаттандыратын Ж, С, Қ сандарын табуға саяды:  $6Ж+4С+2Қ=48$ ,  $6Ж=4С$ ,  $6Ж+4С=2Қ$ . Әр түліктің саны 1 мен 15-тің аралығында жатады. Себебі бір жылқы, бір сиыр болса қойдың саны 15 болады.

Демек, Ж, С, Қ айнымалыларына 1-ден 15-ке дейінгі сандарды бере отырып, есептің шешуін табамыз.

**Жауабы** : екі жылқы, үш сиыр, он екі қой.

**2 есеп “Жылқыға жем беру”** : Біреу алты жылқысына күн сайын он қадақ сұлы беріп жүреді. Жем жылқының жасына қарай бөлінеді: биеге – үш қадақ, құнандарына – екі қадақтан, ал тай басына бір қадақтан жем береді.

Мал иесі үйіне алыстан келіп, қонақ болып отырған жекжатына өңгіме арасында өзінің осы тіршілігін айтып қалады.

“Сонда бие нешеу, құнан нешеу, тай нешеу болғаны ?” - қонақ жылқы санын іштей есептеуге көшіпті.

*Шешуі* : биенің санын – Б, құнанның – Қ, тайдың – Т деп белгілейік.  $B+Q+T=6$  және  $3B+2Q+T=10$  шарттарын бір мезгілде қанағаттандыратын бүтін сандарды іздестіреміз. Ол үшін үш салынған цикл құру керек ...

*Жауабы* : бір бие, екі құнан, үш тай.

Логикалық ой қорыту жолымен шығарылатын осындай есептерді компьютердің көмегімен варианттарды теру арқылы да шығаруға болады.

Халықтық химиялық білімдерді Тараз қаласы Жамбыл атындағы №5 қазақ орта мектебінің химия мен биология пәндерінің мұғалімі Б. Дубанов өз мүмкіндігінше пайдалану іс-тәжірибесін былай баяндайды: Ата-бабаларымыз химия туралы нақты қазіргі кездегідей түсінігі болмаса да, оған химия деп атақ бермесе де, тұрмысқа керек заттарды тани білген, тиімді пайдаланған. Жартылай отырықты тайпаларда ұсталық, зергерлік, ағаш, металл өңдеу, қыш бұйымдарын жасау, киіз басу, тері илеу өнерлері болғаны анық.

Химия пәнінің оқу бағдарламасында қарастырылатын кейбір тақырыптарды өткенде ата-бабаларымыз оны қалай пайдаланғанын және қалай қастерлегенін оқушыларға айтқан орынды болады. Мысалы, таза күкірттің емдік қасиетін ерте білген ата-бабаларымыз күкіртті маймен қосып, онымен адамның және малдың терісіндегі жараларды, кейбір асқазан сырқаттарын емдеген. Таза су денсаулықтың кепілі деп түсініп, оны былғамауға, лайламауға тырысқан. От жағуда шақпақ тасты пайдаланған, оны қастерлеп сақтаған.

Темір және оның қорытпалары болат пен шойынды қорытып алып, қасиеттерін дәл тани білген. “Болаттай берік”, “Шойындай ауыр” деген сөздің өзі осы химиялық қосылыстардың химиялық қасиеттерін анықтап тұрған жоқ па? Біздің әжелеріміз сүйекті қайнатып, майын алған, оны сумен қосып қыздырып, қышқыл жасаған, сексеуіл, жүзгін сияқты өсімдіктердің күлін сумен қыздырып, сілті алған. Нәтижесінде, қышқыл мен сілтіні қосып сабын алып, мұны “бұзаушық” деп атап, ауыл аймақтарға беріп отырған. Химия деген ғылымды оқымаған бабаларымыздың бұл әрекетін бүгінгі оқушыларға ретімен айта білсек, олардың сабаққа деген ынтасы артады.

Талас ауданы Ш. Смаханұлы атындағы орта мектептің химия пәнінің мұғалімі О. Мұражанова жаңалыққа жаны құмар озат тәжірибелі, ұлтжанды ұстаздардың бірі. Ол оқытудың дәстүрлі емес түрлерін, халықтық педагогика элементтерін күнделікті сабақтарында пайдаланып отыруды дағдыға айналдырған. Ол өзінің пайдаланып жүрген әдістемелерін пән бірлестіктерінде, аймақтық педагогикалық оқуларда жасаған баяндамалары мен өткізген ашық сабақтарында көрсетуге тырысады. Осындай ізденістің нәтижесінде ол 8 - 11 сыныптарда химия пәнін оқытуды блок бойынша зерттеп,

өз іс-тәжірибесіне енгізді. Аймақтық семинарда “Тірек сигналдарын пайдаланып, бейорганикалық химияны блоктық жүйе бойынша оқыту” тақырыбында жасаған баяндамасы мұғалімнің ізденіштігін, озат іс-тәжірибесін көрсетті.

Оразкүл химия пәнін оқытуда халықтық педагогиканы пайдалануды тәжірибесіне енгізген. Адамзат ойы тапқан сангасырлық халықтық мұраларды оқу-тәрбие жұмысына енгізу бүгінгі мектептің басты мақсаты десек, ол керекті жерде халықтық тағылымдарды химия сабағында да қолданып келеді.

Ұстаз 8 сыныпта “Тұздар” тақырыбын өткен кезде халқымыздың тұздарды көп қолданатындығын айтады. Мысалы, тотияйын, алмас, ас тұзы, ашутас және т. б. тұздардың формуласын айта келіп, олардың емдік қолданылатын жерлерін, тұздардың жүйелік номенклатура бойынша атын атайды.

10 сыныпта “Бояу, оның алынуы және қолданылатын жерлері” тақырыбына бір сағат бөліп, оқушыларға бояудың ерте кезден әжелерімізге таныс екендігін айтады. Бояу өсімдік тамырынан, жапырағынан, гүлінен, не тұқымынан алынатынын, себебі онда түсті пигменттердің бар екендігін түсіндіреді. Мысалға халқымыз шөй шөптің гүлін қайнатып – қызыл бояу, ақтұттың жапырағынан – жасыл, адыраспан тұқымынан – қызыл, қынадан – сары қоңыр бүргеннен – қара бояу алған. Анардың қабығын жинап алып, қайнатып, тұнбасына тері бояп, сеңсең тон тіккен. Бұл бояуды нарфос деп атаған. Киіз үйдің ағаштарын қоянсүйек, жоса тамырларының тұнбасына бояған, оның түсі қызғылт қоңыр түсті болады. Затты боярда ашутас, не ас тұзын, немесе сүзбе суын құйып, таң асырып қойған. Сонда бояу қанық болады, әрі екінші рет суға салғанда кетпейді.

Сонымен қатар, мұғалім сабақ кезінде оқушыларды тері илеу жолдарымен таныстырып, тері илеудің ауыл тұрмысы үшін маңызы зор екендігіне көз жеткізеді. Сондай-ақ халқымыздың ең маңызды жұмыстарының бірі – сабын жасаудың жолдарымен таныстырады. Ол мынау: “Малшылар құмға көшісімен отынға сексеуіл сындырған. Осы кезде сексеуіл шырпысын жинап, өртеп, күлін алады. Бір шелек күлге 2 шелектей су құйып, оны 2 - 2,5 сағаттай қайнатады. Қайнаған соң қазан түбінде қалатын ақ ұнтақ – “сақар” деп аталады. Мұнан соң қыстай соғымға жеген малдың сүйектерін шағып, қайнатып, майын алады. 1 кесе сақарға 2 кесе май қосып, араластырып, қазанға салып, үстіне су құйып, оттың табына қыздырып араластырады. Қоюланғанда су бүркеді. Сол уақытта күбідегі май сияқты қазан бетіне көпіршік көтеріледі. Алынған сабынды шүберекке бөліп-бөліп, арасына жүн салып орайды. Мұндай сабын кірді жақсы кетіреді, денеге жара, саусақ басына күбіртке шығармайды, ұзақ пайдалануға жарайды.

Халықтың тиімді тәсілдерін күнделікті өмір тіршілігінде пайдалану жолдарын химия сабағымен байланыстыра отудегі

мақсаты пәнді өмірмен, халық тәжірибесімен ұштастыра отырып оқушылардың химиялық заңдылықтарды меңгеруіне ықпал ету.

Мұғалім тақырыпқа байланысты сабақ түрін де таңдап алып отырады. Мысалы, 10 сыныпта “Спирттердің қолданылуы” тақырыбын өткенде сабақты *сабақ-конференция* түрінде өткізеді. Сабақтың түрін өзгертіп отыру оқушыларды шаршатпайды, жалықтырмайды, материалдарды қызыға меңгеруге жетелейді. Оқушының пәнге деген қызығушылығы артады.

Сабақ-конференцияны өткізудегі мұғалімнің мақсаты – оқушыларға спиртті заттардың адам ағзасына қандай зиян келтіретіндігі туралы терең түсінік беру және халықтық педагогикада шұбат пен қымыздың адам ағзасына әсері мен маңызын түсіндіріп беру. Бұл үшін ұстаз сыныптағы оқушыларға алдын-ала тақырып бойынша баяндама жасау тапсырады. Оны оқушылар әр ғылым саласындағы өкілдердің атынан, мәселен нарколог, педиатр, физиолог, психолог, юрист, онколог, халықтық дана атынан дайындаулары керек. Бұлар баяндамаларында спиртті заттардың адам ағзасына әсері, ондағы әртүрлі өзгерістер мен қалыпты дамудан ауытқушылық туралы мағлұмат береді. Оқушылар оларға сұрақтар қояды. Сабақты өз ішінен шыққан журналист жүргізеді. Сабақ кезінде сынып қабырғасында Қ. Рысқұлбековтің ішімдік жөніндегі өлеңі ілініп қойылады.

*Педиатр* ішімдікке салынған отбасында әлжуас, денсаулығы өте төмен, уақытынан кеш жүретін, шабан өсетін бала дүниеге келетінін айтады.

*Юрист* жастардың ішімдік ішкен кезіндегі жасаған қылмысты істері үшін жазалануы туралы заңдардың негізгі тармақтарынан мағлұматтар береді.

*Нарколог* адам организмінде алкоголь мен әр түрлі есірткілік заттардың әсерінен болатын ауыр сырқаттар туралы баяндайды.

*Психолог* алкогольдің жас организмнің өсіп жетілуіне, жалпы психикасына, орталық жүйке жүйесінің қалыптасуына әсері туралы баяндап береді.

*Онколог* қатерлі ісік ауруларының дамуына спиртті заттардың әсері туралы баяндайды.

*Физиолог* адам ағзасында жүретін физиологиялық үрдістердің спиртті заттардың әсерінен қалай бұзылатындығымен таныстырады. Халықтық дана спирттің орнына ішкен қымыз бен шұбаттың адам ағзасы үшін маңызы зор екендігін, олардың емдік қасиеттері жөнінде баяндайды.

Осындай мазмұнды сабақтың нәтижесінде сынып оқушыларының сабаққа деген ынтасы, сол тарауды меңгеру дәрежесі әрдайым жоғары болып келеді.

Мектепшілік, аймақтық, топтық, әдістемелік бірлестіктермен қатар аудандық, облыстық педагогикалық оқуларда жасаған “Химия пәнін оқытуда ойын элементтерін пайдалану жолдары”.

“Сандық есептерді шығаруда “Нөлдік” ұғымды қолданып есептеудің жолдары”, “Электрондық диссоциация теориясы тұрғысында қышқылдардың қасиетін оқыту”, “Химияда пәнаралық байланысты күшейту”, “Химия сабағында халықтық педагогиканы пайдалану жолдары” тақырыптарындағы баяндамалары жоғары бағаланып келеді.

О. Мұражанова өз пәнін оқытуды жақсартуды ғана ойлап қоймай, сынып жетекшісі екендігін де естен шығармайды, мәселен ол “Атамұра” бағдары бойынша салт-дәстүрлерді оқушылар бойына сіңіруді өз алдына мақсат етіп қойған. Осы мақсатта кездесулер ұйымдастырады. Сынып жетекшісі ретінде ата-аналар мен оқушылар арасында түрлі өңгімелер, баяндамалар жасап отырады. Ата-аналар арасында “Экология - ел амандығы”, “Кемеңгер, ойшыл, ұстаз”, “Қазақтың ұлттық қол өнерінің тәрбиелік мәні”, т. б. тақырыптарда өңгімелер мен ашық сағаттар өткізген.

Бір сөзбен айтқанда Мұражанова Оразкүл шығармашылықпен жұмыс істеумен қатар білімін көтерумен, тәжірибесін әріптестеріне үйретумен үзбей айналысып келеді. Ол үнемі ізденіс үстінде.

Тараз қаласындағы № 25 мектептің биология пәнінің мұғалімі С. Құсайынова оқушыларға гигиеналық тәрбие беруге ерекше көңіл бөледі. Оның пікірінше қазақ халқының мақал-мәтелдерін оқушыларға гигиеналық тәрбие беруде пайдаланудың жолдары, формалары мен әдістері көп-ақ. Оларды сабақта, сыныптан және мектептен тыс жұмыстарда пайдалануға әбден болады. Тақырыптың мазмұнына сәйкес келетін мақал-мәтелдерді материалды өтер алдында, сабақты түсіндіру, әсіресе қорытындылаған кездерде пайдаланса өте әсерлі, әрі тиімді болатындығын тәжірибемізден көріп жүрміз. Ол өз тәжірибесін былай баяндайды: Біз белгілі әдебиетші Өтебай Тұрманжановтың құрастыруымен жарық көрген “Қазақтың мақал-мәтелдері” [116] деген көлемді жинақтан және мерзімдік баспасөз беттерінен гигиеналық мазмұндағы мақал-мәтелдерді, әдебиет пәні мұғалімдерінің жәрдемімен іріктеп алдық.

Соларды сабақтарда, сабақтан тыс жұмыстарда, баяндама жасағанда, кештер және экскурсия өткізгенде мейлінше мол пайдаланамыз. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарда да бұлардың көп көмегі тиіп жүр.

“Тән тану” пәні сабақтарында мақал-мәтелдерді пайдалану жолдарына қысқаша тоқталайық. 9 сыныпта осы пәннің “Асқорыту” тарауындағы “Қоректік заттар және тамақтық азық-түліктер” тақырыбын өтер алдында оқушыларға халықта “Ас – адамның арқауы”, “Ас тұрған жерде – ауру тұрмас”, “Аз қайғыны ас басады, көп қайғыны дос басады”, “Ауру – астан, дау – қарындастан”, “Тәні саудың – жаны сау”, “Іш кетсе, күш те кетеді” деген мақалдар бар, сендер оларды қалай түсінесіңдер деген сұрақ қоямыз. Әрине, оқушылардың жауаптары астың адам тіршілігіндегі маңызы төңірегінде болады. Барлық тірі организмдер қоректенеді.

Өз денелерін сыртқы ортадан алған заттардан құрайды деп оқушылардың ойларын тұжырымдаймыз.

Тамақтың химиялық құрамын түсіндіріп болған соң, біздің қазақ халқы астың құрамына өте ертеден көңіл бөлгендігіне тоқталамыз. Мысалы, қазақта мынадай мақалдар мен мәтелдер бар: “Арықтың сорпасында дәм болмайды, ақылсыздың сөзінде мән болмайды”, “Көженің кенеуі болса, қымыздың қызуы бар” десек, құрамында белогы көп тағамдарды атағанда: “Ет етке, сорпа бетке” деп, қазақ ет пен сорпаны маңызды тамақтардың қатарына ертеден қосқандығын айтамыз.

“Тамақтану гигиенасы. Ішек-қарын ауруларынан алдын ала сақтану” тақырыбын өткенде, тамақтану кестесін мөлшерлейді, бір күнгі жейтін тамақ мөлшерінің 25% таңертең, түсте 50%, түс ауғаннан кейін 15%, кешке 10% қабылдау керектігін және көптеген отбасы тамақтың көп мөлшерін кешке, жатарда ішетінін, содан ұйқыларының мазасыз болатынын, осыған байланысты адам шымшытырық түстер көретіндігін айта кеткен де орынды.

“Төбет” тақырыпшасын түсіндіргенде, төбеттің жақсы болуы – астың жақсы сіңуінің кепілі екендігін, сондықтан халық “Қайғысыз – қара суға да семіреді” деп көңіл-күйдің маңызын тұжырымдаса, “Ас иесімен төтті”, “Асы бар аяқ әдемі”, “Тамақ табағымен жарасты, батыр жарағымен жарасты” деген мақалдарда халық тамақты шын ықыласпен, таза, әдемі ыдыс-аяқпен берудің гигиеналық маңызын ертеден білгенін айтамыз.

“Тыныс алу” тарауындағы “Ауа арқылы жұғатын аурулар”, “Қолдан тыныс алдыру” тақырыптарын өткенде тұрмыстың, жеке бастың тазалығын сақтаудың жолдарын айта келіп, “Жұғын бар жерде шыбын бар, шыбын бар жерде шығын бар” десек, тыныс алу органдарының аурулары – туберкулез, тұмау, баспа және тағы басқа жұқпалы аурулардың алдын алу жолдарын түсіндіргенде “Сынықтан өзгенің бәрі жұғады”, “Тұмау аяғы құрт, тұман аяғы жұт” деген мақалдарды пайдалансақ, қоршаған ортадан жұғатын аурудың алдын алудың, денсаулық сақтаудағы маңызын айта келіп, “Аурудың алдын алмаған өледі, даудың алдын алмаған төлейді” деген мақалмен қорытындылауға болады.

“Тері” тарауындағы “Организмді шынықтыру” тақырыбына арналған сабақта балалар мен жасөспірімдердің организміне ұдайы және тікелей әсерін тигізетін факторлар – таза ауа, күннің көзі және топырақ пен судың ерекше маңызы айтылады. Сыртқы орта факторларын пайдаланып шынығу мынадай принциптерге негізделеді: біртінділік, жүйелілік пен балалардың ерекшеліктерін есепке алу арқылы организмді шынықтыру. Бұлар балаларды қиындықтарды жеңе білуге, төзімді де, батыл болуға тәрбиелейді.

“Терінің гигиенасы” деген тақырыпшаны балаларға түсіндіре алдында “Қотыр қолдан жұғады, таз тақиядан жұғады” деген

мақалды қалай түсінесіңдер? - деген сауал қоямыз. Балалар пікірлерін ортаға салады ...

Тері ауруы қолдан да, бас киімнен де жұғады. Ал кейде басқа нәрселерден де, тіпті күнделікті ұстап жүрген оқулықтары арқылы да жұғуы мүмкін. Әсіресе қолдан-қолға көп тарайтын, ескі оқулықтар, мектеп кітапханасында көп жылдар тұрған кітап арқылы да жұғуы мүмкін. Себебі, олар көп ұсталады. Дизентерия, дифтерия, ішек ауруларының да инфекциясы жұғуы мүмкін. Сондықтан былтыр пайдаланған оқулықтарды күнге, желге жайып алу қажет. Ал жоғарыда айтылған аурулармен көп ұсталған кітаптарды (әсіресе мектеп-интернатта) арнаулы дезинфекциядан өткізгеннен кейін пайдаланғандары абзал.

“Сезім органдары” тарауындағы “Көру және оның гигиенасы” тақырыбына арналған сабақта көру органдарына қойылатын гигиеналық талаптарды ескі салып, көздің көруінің нашарлауы кейде ауру тудыратын микробтардың зиянды әсерінен болатынын айтып, “Көзің ауырса, қолыңды тый, ішің ауырса, аузыңды тый” деген мақалды мысалға келтіреміз.

“Жоғарғы дәрежелі жүйке қызметі” тарауындағы “Ұйқы және оның маңызы” деген тақырыпты өткенде адамның ұйқысы қанбаса немесе екі-үш тәулік бойы мүлдем ұйықтамаса, онда жүйке жүйесі нашарлайтындығын айта келіп, “Ұйқы орын талғамайды”, “Ұйқы жастық талғамайды” секілді мақалдарды мысалға келтірген жөн. Халықтың мақал-мәтелдерінде физиологиялық идея барын айтамыз. Сонымен, оқушыларға гигиеналық тәрбие беруде мақал-мәтелдерді пайдалану, олардың білімін толықтырады, денсаулығын сақтауға, тазалыққа, ұқыптылыққа және аурулардың алдын алуға көмектеседі.

Мұғалімдер білімін жетілдіру институтының биология ісбөлменің меңгерушісі Н.А. Медведева “Халық тәлімі” атты газетада “Народная мудрость на уроках биологии” атты тақырыппен биологияның “Адам және оның денсаулығы” бөлімін оқытуда мұғалімдерге қажетті әдістемелік нұсқаулар даярлап, жариялады. Онда бөлімдегі әр тақырыпқа байланысты халықтық медицинаны пайдаланудың мазмұны берілген.

Бастауыш және орта сыныптарда оқытылатын пәндерде астрономия элементтері, ал 11 сыныпта астрономия пәнін оқытуда қазақ халқының астрономиялық ұғымдарымен оқушыларды таныстыруға болады. Мысалы, “Планеталар аттары қайдан шықты?”, “Қазақ тіліндегі аспан шырақтарының аттары”, “Қазақтың аспан ертегілері”, “Қазақтың аспан аңыздары”, т. б. тақырыптарда сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда қызықты әңгімелер, баяндамалар, кештер өткізуге болады. Мысалы, “Аспан шырақтарының қазақша атаулары” және “Аспан шырақтары туралы қазақтың мақал-мәтелдері” атты сабақ-конференция өткізуге болады. Ол оқушылардың танымдық ой-өрісінің дамуына,

халықтық астрономиялық біліммен қарулануына өсері ерекше болатынын сол конференцияларды өткізу арқылы байқадық.

Мысалы, біз қаладағы № 25 мектепте “Аспан шырақтары туралы қазақтың мақал-мәтелдері” атты конференцияны мынадай жоспар арқылы өткіздік:

1. Ай туралы мақал-мәтелдер.
2. Жетіқарақшы туралы мақал-мәтелдер.
3. Босаға топ жұлдызы туралы мақал-мәтелдердің мәні.
4. Үркер жұлдызы туралы мақал-мәтелдердің мәні.
5. Таразы жұлдызы туралы мақал-мәтелдердің мәні.
6. Сүмбіле жұлдызы туралы мақал-мәтелдердің мәні.

Алдынала оқушыларға Х.Әбішұлының “Халық астрономиясы”, “Аспан сыры” [97, 98] және М. Исақовтың “Халық календары” [100] кітаптарын оқу тапсырылды. Оқушылар әр сұрақ бойынша мақал-мәтелдерді айтып, олардың пайда болу себептерін, қазіргі астрономия ғылымының жетістіктерімен салыстырып, олардың ауа райын болжау, күнделікті өмір тіршілігінде пайдаланылуы туралы нақты мысалдар арқылы түсіндіреді.

Облыс мектептерінде мұғалімдер халықтық педагогиканы сыныптан және мектептен тыс жұмыстарда оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында кеңінен пайдаланылуда. Мысалы, мектептегі сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмысында жеткіншектердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық негізде құрылған “Атамекен”, “Кәусар бұлақ”, “Елім-ай” бағдарламалары арқылы жүзеге асырылуда.

Жамбыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының педагогика және психология кафедрасының доценті Қ. Бөлесев пен М. Құрсабаевтың ««Атамекен» бағдарламасына әдістемелік нұсқау» [44] атты еңбегін және институттың тәрбие жұмысы ісбөлмесінің әдіскері К.С. Досмұханбетованың ««Атамекен» бағдарламасы арнасында ұйымдастырылған жұмыс түрлері» атты әдістемелік кеңесін баспадан шығарып, барлық мектептер мен мектептен тыс тәрбие мекемелеріне таратылды. Осы әдістемелік нұсқаулар таратылған соң облыс мектептерінде «Атамекен» бағдарламасы бойынша сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмыстары жанданып, мұғалімдер оқушыларға ұлттық тәрбие беру бойынша жұмыстарды кеңінен жүргізе бастады. Нақты іс-тәжірибелерді баяндайық.

Жамбыл ауданы мектеп ұжымдарында «Атамекен» бағдарламасы әрбір мектеп өмірінің рухани азығына айналып, бастауыш буыннан бастап, жоғарғы буынға дейінгі сыныптарда сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастаруға кеңінен пайдалануда. Мысалы, “Жасөркен” орта мектебінде (тәрбие ісін басқарушы Н. Ноғайбаева) әр сынып бір бағытты таңдап алған. А. Керімбаева жетекшілік ететін 9 “Б” сыныбы “Ардагер” бағытымен жұмыс істеуде. Оқушылар ауылдағы Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен

достық байланыс орнатып, олармен жиі-жиі кездесу, өңгіме сағаттарын өткізу, естеліктер жинау негізінде “Ардагер ағалардың даңқты жолы” атты өңгімелер жинағын шығаруды жоспарлап отыр. Ал осы мектепте көп жылдар бойы қызмет етіп келе жатқан тәжірибелі ұстаз Т. Малдыбаева “Бабалар өсиеті” бағытын 10 “А” сыныбындағы тәрбие жұмысына арқау еткен. Ол “Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ”, “Аталы сөз”, т. б. тәрбие сағаттарында оқушыларға қазақтың небір даулы мәселені төрт-ақ ауыз сөзбен шешкен шешендік, тапқырлық өнерін насихаттап, билердің қазақ халқының басын біріктіру жолындағы орақ тілді шеберлігі және билік айту өнерлерімен, халықтың би сөзіне, оның шешіміне тоқтай білу дәстүрлерімен таныстыра отырып, оны қазіргі кезеңдегі құқықтық тәрбиемен де байланыстыруда. Ұстаз Б. Әбенова “Сөнбес жұлдыздар” бағытында 11 сыныптар үшін қазақтың ғұлама ғалымдары, ел басқарған хандары, қоғам қайраткерлері, ақындары мен жыршылары, т. б. жайлы тәрбие сағаттары сериясын өткізуде. Мысалы, “Шоқан Уәлиханов – зерттеуші ғалым”, “Хан Абылай”, “Қазақтың бас ақыны – Абай”, “Елі үшін еңіреп өткен Тұрар аға”, т. б. тәрбие сағаттарында ол оқушыларға әр қайраткердің халық өміріндегі ролін түсіндіруге тырысады.

Төле би атындағы орта мектепте (Тәрбие ісін басқарушы О. Орынбаева) “Салт-дәстүр” бағытына ерекше мән беріледі. Осы мақсатты 5 - 11 сыныптарда оқу кестесіне аптасына бір рет “Салт-дәстүр” пәні енгізілген. Қазақтың сал-серілік дәстүрін жаңғырту мақсатында оқушылар арасында “Сал-серілер” байқауын өткізу дәстүрге айналған. Оған 1 - 11 сыныптардың оқушылары қатысады. Жыл сайын жас ақындар айтысы өткізіліп, ақындық өнерге бейім балалардың шығармашылық қабілетінің өсуіне ықпал етіледі. Ал ұстаз Абралиева Мағаз қазақтың жыр-дастан айту, оны тыңдау дәстүрін жаңғыртуда. Ол өз жоспарына “Айман – Шолпан”, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” эпостық жырларына арналған жыр тыңдау кештерін енгізген.

Қ. Сартбаев атындағы орта мектепте (Тәрбие ісін басқарушы Г. Пірімқұлова) “Зергер”, “Ою-өрнек” бағыттары нәтижелі жүргізілуде.

Талас ауданындағы мектептердегі педагогикалық ұжымдар жас ұрпаққа адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру бағдарламалары бойынша маңызды жұмыстар атқаруда.

Өткен оқу жылынан бастап Ы. Алтынсарин атындағы орта мектептің педагогикалық ұжымы халықтық педагогиканы оқу-тәрбие жұмысына енгізе отырып, оқушыларға имандылық, адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруде нақтылы бағдарламалармен жұмыс жүргізуде. Сондай-ақ осы салада жарияланып отырған жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие барысының өзіндік ұлттық ерекшеліктерін айқындайтын қазақ

халық педагогикасының тәлім-тәрбие принциптеріне негізделген “Атамекен” бағдарламасы басшылыққа алынған. Сонымен бірге оқу жылында жасалынған жоспарда көрсетілген шығармашылық топтар, таңдау курстары және бағдарлы оқыту деп бөлінген. Оның ішінде 1 - 5 сыныптарға ұлттық салт-дәстүрлерді үйрету, қол өнерді және дастархан мәзірлерін жасау сияқты жұмыс жүргізеді. Атап айтсақ, “Ақ дастархан”, “Сәулет”, шаруашылық бұйымдарын жасау, “Сымбат”.

Оқушыларды имандылыққа тәрбиелеуде Жамбыл, Амангелді атындағы, Бірлестік орта мектептерінде жұма – имандылық күні деп жарияланып, ол күні “Ата сөзі – ұрпаққа өсиет”, “Қызым, саған айтамын”, “Қыз өссе, қызы жақсымен ауылдас бол”, “Кесірлі ұлдан сақта, кесіпатты қыздан сақта” деген тақырыптарда әңгімелер, салт-дәстүрлерге байланысты іс-шаралар жүргізілуде. Ал Жаңа-тұрмыс орта мектебінде әр аптаның бейсенбі күні “Менің елім – егеменді Қазақстан” атты тақырыпта жиын өткізіп отыру дәстүрге айналған. Бейсенбі сайын ұлттық салт-дәстүрлер насихатталып, бұл күн тұтасымен халықтық педагогикаға арналуда.

Мектептердің оқу-тәрбие жұмыс жоспарларында ұлттық тәрбиеге арнайы орын бөлінген. Жасалынған жоспарлар негізінде аудан мектептерінде “Сиқырлы қазан” сайысы, “Алтын сақа”, “Көкпар” ойындары, “Ал көнеки, қыздар”, “Ал көнеки, жігіттер”, “Қыз сыны”, “Жігіт сұлтаны”, “Өнер сайысы” байқауларын өткізіп отыру әдетке айналуда. Наурыз мерекесі қарсаңында аудан мектептері арасында “Жігіт сұлтаны” байқауы өткізіліп, мектеп жеңімпаздары 21 - 22 наурыз күндері аудан орталығында өткен байқауға қатысты. Бұл байқау оқушылардың бойындағы күш-қуаттылықтарын, ептіліктерін, шеберліктерін, білімділіктерін байқатты. Балғын жігіттер баяғы бабаларынша ат құлағында ойнағанда көрермен көпшілік шын сүйсініп, ұлттық қасиеттеріміздің ұмытылмай, ұштала, жаңғыра бастағанына қуанды.

“Жігіттің сұлтаны” байқауының жеңімпаздарына аудан мектептерінде көп жылдар бойы жас ұрпақты тәрбиелеуде аянбай еңбек еткен ұлағатты ұстаздар Ә. Жылқыайдаров, Т. Қартабаев, Ә. Исаев, Ә. Нысанбеков, С. Молдабеков атындағы жүлделер табыс етілді. Жүлдені тапсыру рәсіміне ұлағатты ұстаздардың ұрпақтары қатысты.

Сонымен бірге сәуір айында мектеп оқушылары арасында “Айтыс”, термешілер мен күйшілер байқауы өткізіледі. Бұл байқауда да жастарымыздың арасында талантты ұрпақтар өсіп келе жатқандығын көріп көңіліміз марқайды. Мұнда да жеңімпаздарға Ұлбике ақын, Бөлтірік пешен және әнші А. Оразбеков, күйші Б. Қошмағанбетов атындағы жүлделер табыс етілді.

Халықтық педагогиканы оқу тәрбие жұмысына енгізуде мектептерде ұйымдастырылған үйірмелер мен клубтардың маңызы

зор. Абай, Амангелді атындағы орталау мектептерінде “Парасат”, “Мұрагер” адамгершілік клубтары, Ш. Смаханұлы атындағы және Алғабас орта мектептерінде “Қазақ шежіресі”, “Қыл қалам”, “Ата мұра” атты үйірмелер оқушыларға қазақтың ұлттық ою-өрнектері мен өнер түрлерін, тарихын, әдет-ғұрпын үйретсе, “Шымыр” және “Әдіскер” спорттық үйірмелері ұлттық ойын, спорт түрлерінен мағлұмат беріп, ептілікке, батылдыққа баулиды.

Талапты, Талас орта мектептерінде “Ұлдар кеңесі”, “Қыздар кеңесі”, Қонаев атындағы Ойық орта және Абай атындағы орта мектептеріндегі “Ақсақалдар кеңесі”, “Аналар мектебі”, “Өкелер мектебінің” және осы мектептерде жүргізілетін “Тәлім сәтінің” маңызы зор екендігін атап өткен жөн.

Соңғы жылдары шыққан “Елім-ай”, “Атамекен” бағдарламалары оқу-тәрбие жұмысын халықтық педагогика негізінде жүйелі түрде жоспарлауға, ұлттық тәлім-тәрбие әдістерін сабақта, сабақтан тыс уақытта пайдалануға, ұлттық салт-сананың дәрежесін көтеруге көп көмегін тигізуде. Осы бағытта “Атамекен” бағдарламасын басшылыққа ала отырып, аудандық балалар мен жасөспірімдер орталығында “Ата мұра” штабы, “Шебер қолдар”, “Сымбат”, “Парасат”, “Жиһаз” үйірмелері жұмыс істейді.

“Атамекен” ордасының төс белгісі жасалынып, тіркеуден өткен. Осы жерде мұражай қазіргі өмір талабына сай жабдықталған мектептерде “Атамекен” бағдарламасының негізінде “Атамекен” ордалары құрылып, жұмыс істеуде.

Қаратау, Ы. Алтынсарин атындағы, Д. Қонаев атындағы, Ойық, Ақкөл орта мектептерінде “Атамекен” ордасына бөлінген арнайы бөлмелер жақсы жабдықталып, онда қазақтың салт-дәстүрлеріне сай материалдар жинақталып қойылған. Онда мектептегі кештер, кездесулер, мерекелер, ашық тәрбие сағаттары өткізіліп отырылады.

Сонымен бірге, аудан мектептерінде халық педагогикасы бойынша құнды материалдар жинақталуда. Мәселен: Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепте “Шежірелі қазақ елі”, “Қазақтың хандары, билері, батырлары”, “Қазақтың көне мұралары”, “Қазақтың ұмытылмас салт-дәстүрлері”, т. б. Ш. Смаханұлы атындағы орта мектепте “Қазақтың көне ұлттық аспаптары”, “Әдет-ғұрып неге байланысты шыққан” т. б. осы сияқты құнды материалдар бар.

Кейінгі жылдары аудан мектептеріндегі пән ісбөлмелері халық педагогикасына сай жабдықталуда. Оларда қазақтың ұлыларынан, ауылдан шыққан белгілі азаматтардың есімдері беріліп, олардың өмірі мен өнегелі істері туралы кеңінен мағлұматтар берілген. Мысалы, Ш. Смаханұлы атындағы орта мектепте сол ауылдан шыққан, әрі аарту саласында көптеген жылдар еңбек сіңірген Бекен Асылбаевтың, Сүгірбай Төлеуовтың, т. б. азаматтардың есімдері берілсе, ал кейбір мектептердегі ісбөлмелеріне қазахи

тәрбиелік мәні бар “Шежіретану”, “Сиқырлы қалам”, “Ұлаң”, “Тіршіліктану”, “Балдырған”, т. б. атаулар беріліп, оларда оқушыларға ұлттық тәлім-тәрбие беретін арнайы бұрыштар ұйымдастырылып, материалдар жинақталған.

Мектепті халықтық педагогикаға сай жабдықтауда аудандағы Б. Алтынсарин атындағы, Алғабас орта мектептерінің залдары мен пән ісбөлмелерін, Қаратау, Ақкөл орта мектептерінің “Атамекен” ордасының жабдықталуын, Ш. Смаханұлы атындағы орта мектебінің пән ісбөлмелерін ерекше айтуға болады.

Осынау үлкен жұмыстарды жүргізуде аудандық білім беру бөлімі мектептерге үнемі ықпал етіп, көмектесіп отырады.

Халықтық педагогиканың қағидалары тілге жеңіл, жүрекке қонымды болғанымен ауқымы шексіз, белгілі бір жүйеге келтірілмеген тың дүние. Сондықтан да, оны күнделікті оқу-тәрбие барысында пайдалану үшін ол мұраларды терең оқып үйреніп, игеру керек. Бұл әлі де ізденіс, тапқырлық, тәжірибе тілейтіні сөзсіз. Әсіресе мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындауды жетілдіру және күшейту қажет. Бір сөзбен айтқанда халық педагогикасындағы жылт етер жақсысын мектеп мұғалімдері мен ата-аналардан бастап оқушы жастардың бойына сіңіруде бірлесе отырып тер төксе, оның текке кетпейтіні, нәтижесінің жастар бойынан көріне беретіні анық.

Шу ауданындағы Ж. Баласағұны атындағы орта мектепте ұйымдастырылған “Даналық” халық педагогикасы мектебі – педагогикалық ұжымның, тәрбие жұмысын жүйелі түрде жүргізу жолындағы ізденісінің жемісі. “Көңіл аудар даналардың сөзіне, өнеге тұт адал жанды өзіңе” деген ұранмен дүниеге келіп, халық педагогикасы қазыналарының шығармашылықпен игеруді басты мақсат еткен бұл мектеп ірі-ірі тәрбие орталықтарын біріктіреді. Соның бірі – “Ұлағат” орталығы.

“Ұлағат” іскер ұстаздар орталығының міндеті – педагогикалық және әдістемелік мәселелердің соны шешімдерін табу арқылы оқу-тәрбие жоспарын жаңаша құру, іскер ұстаздар қатарын толықтыру. Бұл орталықтың әр мүшесінің белгілі бір келелі мәселені зерттеуге бағытталған бағдарлама-жоспары бар. Мысалы, қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі Сүтгүлбекова Әсия “Оқушылардың тіл өнерін дамытуда халық ауыз әдебиеті үлгілерін қолдану” тақырыбымен жұмыс істейді. Ол өткізген “Сөз мәйегі – мақал”, “Халық – дананың данасы”, “Өнер алды – қызыл тіл” тәрбие сабақтары тиімді жұмыс түрі ретінде педагогикалық тәжірибе қатарына қосылды. Тарихшы Әбдіқұлов Мәми “Оқушыларды өлкетану істеріне тарту жолдары” мәселесімен айналысады. Ауыл тарихын зерттеу барысында табылған қызықты деректердің жергілікті баспасөз беттерінде жарияланып отыруы оқушыларды бұл іске қызықтыра түсуде. Математика пәні мұғалімі Ашамаева Меруерт “Қазақ отбасындағы тәрбие ерекшеліктері” тақырыбымен жұмыс істей

отырып, ата-аналармен жұмыстың жаңаша жолдарын іздестіруде. Мектепте құрылған “Ата-аналар университеті”, “Аталар мен әжелер алқасы”, “Ата мектебі”, “Ана мектебі” осы ізденістің нәтижесі.

Әр айдың соңғы аптасында “Ұлағат” орталығының белгілі бір тәрбие мәселесіне арналған отырысы өтеді. Мұнда іскерлік ойындар ұйымдастырылады, педагогикалық мәселелер шешіледі. Сонымен қатар оқушыларға ықпалы зор, әрі тиімді тәрбиелік істер талқыланып, мектеп педагогикалық тәжірибесінің қорына қосылады. “Ұлағат” орталығы ауыл тұрғындарын қатыстыра отырып өткізетін іс-шаралардың да ұйтқысы. “Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйінерге жарар ол” деген тақырыпта Абай мұраларына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция, ұлы Абайдың 150 жылдығына арналған үлкен концерт, Абай тойы тәрізді ауқымды істер осындай педагогикалық ынтымақтастықтың көрінісі.

Жас ұрпақты ұлттық тәлім-тәрбие нәрімен сусындату мақсаты бағытында өз жұмыстарын жаңа арнаға бұрып, игі істердің ұйтқысы болып отырған тәрбие шаңырағының бірі – № 1 Тараз қалалық мектептен тыс жұмыс және балалар шығармашылығы орталығы. Іскер, шығармашыл, ізденгіш, ең бастысы – өз ісін сүйетін мамандарды біріктірген осы шаңырақтың педагогтік ұжымы ескелең ұрпаққа қазақ халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын үйренуіне үлкен ықпал етуде.

Жұмысты жүйелі түрде жүргізу үшін мұнда этнографиялық орталық ашылған. Бұл орталықтың мақсаты – ата-бабамыздың тәрбиелік мәні зор мұраларын насихаттай отырып, балалар талабының көзін ашу, олардың өмірдегі даңғыл жолының негізін қалау. Осы мекемеде 7 жыл қызмет етіп келе жатқан арнайы дайындықтан өткен Донбаева Гүлзинаның ұйымдастыруымен этнографиялық орталық қалалық көпшілік іс-шараларды өткізуді дәстүрге айналдырған. Мәселен, мектепаралық “Елім-ай” ұлттық-этнографиялық ойын-сайысы, фольклорлық музыка мерекесі, оқушылар айтысы, “Балғындар ата-баба елінде” ойын-саяхатын атауға болады. Сондай-ақ этнографиялық орталықта “Ою-өрнек”, “Қолөнер” үйірмелері, қуыршақ театры жұмыс істейді. Қала мектептерінің оқушылары үйірме сабақтарына қызыға қатысады. Өрине, бұл үйірме жетекшілері шеберлігінің айғағы. Орталыққа арнайы бөлме берілген, оның іші әсем безендірілген.

Санғасырлық тарихы бар халықтық педагогика ұрпақ тәрбиесінде үлкен роль атқаруда. Халық зердесіне терең үңілсек, ұрпақ тәрбиесі қай елдің, қай кезеңнің болсын басты мәселесі болып келеді. Бұл көкейкесті мәселе ғасырлар бойы тек халықтың өткен тәжірибесіне сүйенгенде ғана сәтті шешімін тауып отырған. Ол халықтың кәсібімен, салт-дәстүрімен, тілімен, тарихымен, өнерімен біте қайнасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қастерлі мұра. Сондықтан мектеп оқушыларын ата-баба мұралары мен әдет-ғұрыптарына, халықтың етене жақын дәстүр-салттарына баулып

өсіру әрбір парасатты педагог, ұлағатты ұстаздың адамдық міндеті, парызы.

Облыс мектептерінде халықтық педагогиканы тәрбие саласына ендіруде көптеген тәрбиешілер игі істер жасауда. Солардың бірі Тараз қаласындағы С. Абланов атындағы мектеп-интернатының тәрбиешісі А. Найманова. Ол қаламызда бірінші болып осы істі бастады. 1992 жылы “Халық педагогикасы – бала тәрбиесінде” атты ғылыми-практикалық конференцияда “Ата салтымызды ардақтайық” атты ашық сабақ берді. Сабақ мазмұны жағынан бай, тартымды өтіп, облыстық білім беру басқармасының грамотасымен марапатталды. “Халық педагогикасы – асыл қазына” атты қалалық семинарларға қатысты. Және де ол “Ұлтымның әдет-ғұрып – салт-санасын, ұялатсақ жүрегіне жас ұрпақтың” атты мектеп-интернат қызметкерлерінің облыстық семинарына қатысып, ұлттық тәрбие беру мәселелерімен танысты.

Шығармашылықпен жұмыс істейтін озат тәрбиеші Айша Шайманқызы өз білімін үнемі көтеріп, үзбей ізденіп, талаптану үстінде жүреді. Оқушыларын жаңалыққа, жақсылыққа, ең бастысы адамгершілікке тәрбиелеу үстінде тынымсыз еңбек етеді. Оқушылармен бірге өткізілетін іс-шараларда проблемалық тақырыптар алынып, отырылады. Қазіргі заман талабына сай мәселелерді іске асыруға басты назар аударады. Айша тәрбие сағаттарының мазмұны жағынан бай, көрнекіліктері тақырыпқа сәйкес тартымды, техникалық құралдарды орынды пайдалануды әдетіне айналдырған. Оған “Егеменді Қазақстан” атты тәрбие сағаты мысал бола алады.

“Егеменді Қазақстан” атты тәрбие сағатында ол қазақ халқының небір “Тар жол Тайғақ кешу” кезеңдерін бастан өткізгендерін оқушылардың көз алдына елестете келіп, қазақ ұлтының “Жоғалтқанымызды қайтып табамыз, өткенімізді қайтсек жағамыз” деген зор үміт жетегінен шыға бастағанын түсіндірді. Мысалы, ісі қазақ халқы үшін елдігімізді қорғап, атымызды шығарған батырлар, ғылым мен мәдениетіміздің бір туарлары: ел бірлігін көксеген Абылай ханның 280 жылдығы, Қабанбайдың 300 жылдығы, Қазақ даласының дара туған батыры Исатай Тайманұлының 300 жылдығы, Сыпатай батырдың 210 жылдығы айталып, олардың өмір жолдарынан үзінді келтірілді. Осымен бірге бес арысымыз Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Шөкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылық мұрасы айтылып өтілді. Оқушылар өткенімен қауышқандай үлкен бір әсерде болды.

Мерке ауданы М. Маметова атындағы № 19 қазақ орта мектебінің мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары арнайы дайындықтан өткен К. Сағадиева халық педагогикасы дәстүрлерін оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануды ауданда бірінші болып жүзеге асырғандардың бірі. Ол мектепте “Атамекен” ордасын

ұйымдастырып, жұмыс істейді. Халық педагогикасымен жұмыс істеу үшін алдымен мұғалімдерге арнап әдіскерлік ісбөлме ұйымдастырды.

“Тәрбиенің қайнар көзі – халық педагогикасы” деген тақырыпта ауданда өткізілген панорамалық іс-шараға қатысып, бірінші орынды иеленді. Оның озат іс-тәжірибесі аудан мұғалімдері арасында таратылып, шығармашылық есебі тыңдалды. Ол мектепте 1992 жылы “Халық педагогикасы – асыл қазына” деген тақырыпта аудандық, облыстық семинарлар өткізілді. Тәлімгер-ұстаз ұлттық дәстүрлеріміздің асыл қасиетін ұрпақ бойына егуге аянбай еңбек етуде.

Шығармашылықпен жұмыс істейтін озат тәжірибелі Күлшәт Сағадиеваның сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы өзіндік ерекшеліктері мынада:

1. Сыныптан тыс жұмыстарды түрлендіріп, ұйымдастыруда өте шебер, білімді әрі тәжірибелі;

2. Мектептің өндірістік жоспарының дұрыс жасалуына мән береді;

3. Сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарларының мазмұнды болуын қарастырады;

4. Сынып жетекшілердің оқушының жеке ерекшеліктерін зерттеу жұмыстарына басты назар аударады;

5. Мектептің өндірістік жоспары мен сынып жетекшілер жоспарының сәйкестігіне үнемі мән береді;

6. Тәрбиелік іс-шараларды талдаудың түрлерін білуге және үйретуге ерекше мән береді, атап айтқанда: іс-шараның тақырыбы мен формасына; жабдықталуына; мақсаты мен міндетіне; іс-шараның өзекті мәселесіне; іс-шараның ұйымдастыруына; оқушының іс-шараға көзқарасына; іс-шараның тиімділігіне; қорытындылар мен ұсыныстар, ескертулер жасауға;

7. Сынып жетекшілері мен ата-аналардың байланысын нығайтуға көп көңіл аударып, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде халық педагогикасын пайдаланудың тиімділігін қарастырады;

8. Әрбір белгіленген жоспарлардың іс-жүзіне асырылуына назар аударады;

9. Сабақтан тыс өтілетін әрбір іс-шаралардың ашық және қызықты да тартымды болуына мән береді;

10. Сабақтан тыс тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруда ұлттық дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды насихаттай отырып, оқушыларға жан-жақты ұлттық тәрбие беруді іске асырады.

“Тәрбие жолы – сан тарау” дегендей халық педагогикасымен жұмыс істеу үшін сынып жетекшілерге, мұғалімдерге арнап әдістемелік ісбөлме ұйымдастырды. Онда мыналар қамтылды: шығармашылық альбом, жиналмалы буклет-планшеттер, стенділер жасалынған. Олардың аттары: “Халық дәстүрі”, “Халықтық қағида астарында не жатыр”, “Сөз сыры”, “Жақсы сөз жарым ырыс”,

“Шешендік сөз – шежірелі сөз”, “Батамен ел көгерер – жаңбырмен жер көгерер”, “Аталы сөз – баталы сөз”, “Дананың сөзі – ақылдың көзі”, “Қызым, саған айтам”, “Артық болмас білгенің”, “Атадан қалған асыл сөз”, “Қазақтың ұлттық тағамдары”, “Баланың басты ұстазы – ата-анасы”, “Ұлттық ою-өрнектер”, “Халықтың ұлттық музыкалық аспаптары”, “Елім-ай” ұлттық-этнографиялық ойын-сайысы. Ал планшет-буклеттер, альбомдар ұлттық дәстүріміз бен өдет-ғұрпымыздың асыл қасиеттері жайлы сыр шертеді.

Қаратау қаласындағы С. Сейфуллин атындағы орта мектеп ұжымы ғасырлар бойы келе жатқан ата-бабаларымыздың өдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін жас жеткіншектердің бойына сіңіру мақсатында “Халық педагогикасы – асыл қазына” айдарымен жұмыс жүргізуде. Осы мақсатта “Атамекен” бағдарламасының бағыттары 1 - 11 сыныптардың тәрбие жұмыс жоспарларынан орын алған. Жаңа оқу жылының басында оқушылар: “Халқың қандай десең, салтымнан сұрап біл. Салтың қандай десең, халқымынан сұрап біл”, - деген ұранмен “Атамекен” ұйымына мүшелікке алынады.

Ұстаздар халқымыздың шешендік сөздері мен мақал-мәтелдерін тек қана сабақ үстінде емес, тәрбие жұмыстарында, балалармен пікір алысу кездерінде көптеп қолдануда. Мектепте үлгілі, тәжірибелі ұстаздар да аз емес. Атап айтатын болсақ, Индира Серікбаева, Айгүл Назарова деген ұстаздарымыз жаста болса, өздерінің тынымсыздығымен, қажымай іздену нәтижесінде оқушылардың жылы лебіздеріне бөленуде.

Мойынқұм ауданы О. Жандосов атындағы орта мектептің тәрбиешісі Ш. Мырзақұлова мектеп ұжымының іс-тәжірибесі туралы былайша жан-жақты баяндайды:

Халық педагогикасын іс жүзіне асыру жөнінде іс-шаралар жасалғаннан бастап біздің мектеп өз тақырыбын таңдап алды. Тақырыбы: “Халық педагогикасын енгізу арқылы дәстүрлі емес сабақтың түрлерін кеңінен тарату”. Осы тақырып бойынша мектебімізде халық педагогикасын іске асыру жөнінде кейбір ізгі істер жасауда оқу тәрбие жұмыстарының жаңа түрлерін енгіздік. Мектебімізде 5 бірлестік жұмыс істейді. Осы бірлестіктерде халық педагогикасын оқу-тәрбие жұмысына негіз етіп алдық. Өр бірлестік пән ісбәлмелерінің алдындағы аулаларын ұлттық тәрбиенің негіздерімен өрнектеді. Сондай ізгі істі бастаған қазақ тілі мен әдебиет бірлестігі бойынша, “Имандылық ғибратханасы” бұрышы ашылды. Бұл бұрыш 5 бөлімнен тұрады. Атап айтқанда:

1. “Ас адамның арқауы”, мұнда халықтың ұлттық тағамдары бойынша түрлі-түсті суреттер ілінген;

2. “Туған жерді сүю – парыз”. Бұл көріністе өзіміздің “Биназар” ауыл көрінісі және аудан орталығы Мойынқұм өңірінің шөл-шөлейт жерлері мен аңдардың көрінісі бейнеленген;

3. “Туған – ел миятың, Туған – тіл ұятың”. Бұл бұрышта тіл туралы нақылдар мен оқушылардың шығармашылық жұмыстары ілінген;

4. “Өнер – өлмес мұра”. Мұнда қазақ халқының ұлттық ою-өрнектері, оқушылардың қолымен жасалған қазған кигіз үй, бесік, т. б. заттар қойылған;

5. “Имандылық – адам бойындағы ең ізгі қасиет”. Бұл бұрышта иманшартының құран кітабы, үш жүздің үш билерінің суреті және нақыл сөздері ілініп қойылған. Бұл бұрыш оқушыларды имандылыққа, инабаттылыққа, әдептілікке тәрбиелейді.

Бастауыш сынып бірлестігінің ашқан бұрышы “Тәрбие тал бесіктен басталады” үш бөлімнен тұрады: “Ертегілер әлемінде”, “Өнер – жас өрен”, “Тәрбие көзі – халық дәстүрі”. Бұл бұрыштың жас бүлдіршіндер үшін тәрбиелік маңызы зор.

Мойынқұм өңірі – шөл-шөлейтті. Оқушыларды туған жердің ерекшелігімен, табиғатын және жан-жануарлары мен өсімдіктерін таныстыру үшін “Табиғат-аясы” бұрышы ашылды. Ол үш бөлімнен тұрады: “Өсімдіктердің шығу тегі”, “Туған өлке – тұнған шежіре”, “Қазақтың саяхатшысы – Ш. Уәлиханов”. Бұл бұрыш оқушылардың туған жер туралы мәлімдеме алуына әсерін тигізеді.

Ш. Мырзақұлова тарих пәнінің мұғалімі, ол өз іс-тәжірибесін былай баяндайды: Мектебімізде осындай ізгі істер істеліп жатқанда менде өзімнің оқу-тәрбие жұмысымда халық педагогикасын негіз етіп алуды жөн көрдім. Халқымыздың тарихы орасан зор. Бостандық пен тәуелсіздік үшін ата-бабаларымыз ғасырлар бойы жат жұрттық шапқыншыларға тойтарыс берді. Осындай ерліктің арқасында қазақ халқы өз жерінің территориясын сақтады. Ал екіншіке орай осыны кімдер сақтады, қалай деген сұрақ 70 жыл бойы біздің тарихымызды ешкім ашып көрсеткен жоқ. Тек қазақ халқы жеке тәуелсіз ел болғаннан кейін ғана халқымыздың тарихын ескеріп жатырмыз. Міне осы бағытты ала отырып, менде өз сабағымның бағытын өзгертіп қазақ халқының тарихына көп тоқтағанды жөн көрдім. Өр сабақта халық педагогикасының элементтерін пайдалана отырып, сабақты түрлі әдіспен өтуге тырыстым.

Көп жылдан бергі еңбектерімді жинақтап, “Замана шежіресі” - деген бұрыш ашуға мектеп басшылары мен сыныбымдағы ата-аналарымның көмегі тиді. Менің бұл еңбегім халық педагогикасын бастаудың бастамасы болды. Бұрыш 8 бөліктен тұрады:

1. “Шежіре - мирас”. Мұнда үш жүздің бөлінген схемасы көрсетілген және үш жүздің билерінің суреттері салынған;

2. “Жібек жолы мен Жамбыл облысының картасы” қабырғаға майлы бояумен салынды;

3. Ауылдағы “Ақтаңдақтар ақиқаты” және “Биназар” атамның бейітінің суреті ілінді;

4. “Ғарышқа сапар шеккендер”. Онда тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаевқа арналды;

5. “Бейбіт күннің батырлары”. Мұнда өз мектебіміздің түлегі табиғат апатына ұшыраған өзімнің сыныбыма аты берілген Нұрғазы Байқоңыровқа және Мойынқұмдық желтоқсан құрбаны Қайрат Рысқұловқа арналды;

6. “Батыр бабаларымызға арналады”. Онда Қаракерей Қабанбайдың, Абылай хан, Қанжығалы Бөгенбай, Махамбет пен Исатай және Сыпатай бабаларымызға арналады. Олардың суреттерін және сауыт-саймандарын салып, ерлігі туралы нақыл сөздер жазылып ілінді. Сонымен қатар мынандай қанатты сөздер жазылды: “Бірлігі жоқ ел – тозады, бірлігі күшті ел – озады”, “Ердің туы – намыс”.

7. “Ауылдың еңбек және соғыс ардагерлеріне арналады”. Еңбек ардагерлері Ж. Қуанышбаев, Қ. Біртаев, Ш. Шәріпбаев, Д. Итбасова, М. Қыдырбайұлына арналады. Соғыс ардагерлерінің суреті ілінді. Олардың суреті ілініп, сөре жасалып, ішінде өмірі жайлы тарихи деректі құжаттар қойылды;

8. “Тарихи көне мұралар” деп атадық. Мұнда қазақ халқының көне тарихи заттары қойылды. Алдағы уақытта осы ашылған бұрышта “Қазақ қырылған қаралы кезең” және “Алғашқы ұлағатты ұстаз”, т. б. деген бұрыш қосатын ойым бар. Мұндай тарихи мұраларды шәкірттерімізге ашып көрсетудің маңызы зор. Өткен ата-бабаларымыздың тұлғаларын және жергілікті жердің еңбек ардагерлерін мақтанш тұту баланың еліне деген ерлігін, өз халқымыздың мұрагерлік ісін жалғастырады деп ойлаймын. Осындай бұрыш ашылғаннан кейін, өзім беріп жүрген пәнім бойынша да жаңа бағдарлама жасадым. Сабақ өтудің жаңа түрлерін енгіздім. Ісбәлемді халық педагогикасына байланысты алған тақырып бойынша өзгерттім. Қазіргі оның жүйесі 5 бөлімнен тұрады:

1. “Халқына қайта оралғандар (5 арыс)”. Суреттері ілініп тарихи деректер жинақталды. Оқушылар еңбегі бойынша жұмыстары жинақталды;

2. “Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран” деп аталды. Онда А. Имановтың, Б. Момышұлының, М. Қажымұханның, Қ. Қайсеновтың суреттері ілініп, тарихи деректер жинақталды;

3. “Абай бұрышы”. Абайдың 150 жылдығына арналған. Онда Абайдың өмірі туралы, қара сөздерінен үзінділер жазылып ілінді;

4. “Күнтізбе. Дәстүрлі тәрбие бұрышы” деп аталды;

5. “Көрнекілік және техникалық бұрышы” деп аталды.

Осындай ізгі істер істеудің нәтижесінде өткен оқу жылында тарихшылардың аудандық семинары мектебімізде өткізілді. Онда өзім “Қазақстанның мәдениеті” деген тақырыпта қысу сабағын өттім.

Жалпы өзім мынадай сабақтың түрлері бойынша сабақтар өтіп жүрмін: қысу сабағы, саяхат сабағы, семинар, лекция сабағы, сахна сабағы, аралас сабақ. Мысалы, сахна сабағында Қ. Рысқұлбеков туралы “Егеменнің иір бұтағы” деген кітабы бойынша сахналық көрініс арқылы өтілді. Мұнда оқушылар Қайраттың анасының және сот үкімінің көрінісін сахнада көрсетті. Өлеңдерін жатқа айтты. Саяхат сабағында “Замана шежіресі” бұрышын аралай отырып, “1936 - 38 жылдардағы шаруалар соғысы” деген тақырып бойынша сабақ өттім. Мектепте тәрбие жұмысы “Атамекен” ұлттық тәлім-тәрбие ордасының жұмыс жоспары бойынша жүргізілуде. Өр сынып жетекшілері дәстүр-салт бойынша тәрбие сағаттарын мына тақырыптарда: “Құда түсу”, “Қыз ұзату”, “Бесікке салу”, “Қонақ күту”, “Дәстүрді білесің бе?”, “Сыбаға беру”, “Батыр бабаларым” - өтуде.

Ал мен бағдарламаның 30 бағытының 5 бағытымен өткен оқу жылында жұмыс істедім. Олар:

1. “Сөнбес жұлдыздар”. Бұл бақытты жергілікті жерлестеріміз Ж. Қуанышбаевты, Д. Итбасовты, Құдайберген Біртаевты, Мешітбай Қыдырбай ұлының өмірі мен еңбек жолдарын атап, олардың суреттерін салдырып, бұрыштар ашып сабақ өттім. Қ. Біртаевтың туыстарымен кездесу өткіздім;

2. “Салт” бағытында қазақтың ырым жоралары, мақал-мәтелдердің мазмұны, т. б. істерімен таныстырдым;

3. “Төрт түлік” бағытында аудандық сынып жетекшілердің семинары болған кезде ашық тәрбие сабағы ретінде сабақ өттім. Мұнда халқымыздың мал шаруашылығы саласында ежелгі кәсіптердің маңызына ерекше тоқталып, төрт түлік мал бағудың ерекшелігіне тоқталдым. Бұл сабақта көрініс арқылы көкпар, тартыс ойынын көрсеттік. Жеңілген жаққа мал туралы жұмбақтар жасырылып жатты. Сабақ өте тартымды болды. Оқушылардың өз еңбектерін пайдаланып төрт түлік малдың суретін салдырдым;

4. “Домбыра дастан” бағытында. Бұл бағытта домбыра туралы және қазақ халқының музыкалық аспаптары туралы түсінік беріп, олардың да суретін қағазға салдырып, ағаштан ойғызып бейнесін көрсеттім. Осы құдыретті аспап арқылы қазақ халқымыздың арасынан небір ақын жыраулардың шыққанын, жырлардың айтылғанын айттым. Сабақтың соңын айтыспен ұластырып, Біржан мен Сара айтысынан үзінді келтірдік. Оны оқушылар домбырамен өздері айтып берді;

5. “Наурыз” бағытында. Наурыз айы қазақ халқының жыл басы екенін айтып, халқымыздың тұрмыстық салт-дәстүрлерін, ырымдарын айтып, ол күні ынтымақтастықты, туысқандықты арттыру керек екені айтылды.

Мектебімізде іске асырылып жатқан халық педагогикасының бала тәрбиелеуде маңызы зор екендігі және оны жүзеге асыруда өр ұстаздың аянбай еңбек ету керектігі аян. Егер бала әже және ата

ақылымен, халқымыздың салт-дәстүрімен сусындап өссе, келешекте иманжүзді, инабатты, әдепті болып өсері сөзсіз. Сондықтан халқын сүйген – салтында сүйеді, демекші, халқымыздың асыл мұрасы, ауыз әдебиеті мен тарихын меңгертіп, сүйе білейік. Халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған жақсы адамгершілік мінез-құлқына негізделген педагогикалық бай тәжірибесін үлгі өнеге ете отырып, жастарды жан-жақты дамыған, білімді, саналы абзал азамат етіп тәрбиелеу міндетіміз деп ойлаймын.

Тараз қаласындағы С. Абланов атындағы мектеп-интернаттың директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ. Сейсенбаева басшылығымен халықтық педагогиканы тәрбие ісінде пайдалануда көптеген игілікті іс-шаралар жүргізілуде.

Мектеп-интернатта оқушылар облысымыздың әр жерінен келгендер, көбі малшылардың балалары. Ата-аналардың қамқорлығынан кетіп, тек мектеп-интернат жағдайында өмір кешетін балалар тәрбиесі жалпы білім беретін мектепке қарағанда ауыр. Ата-ананың орнын толықтыруға да, әрі педагогтік беделін сақтауға да көп күш жұмсау керек. Халық педагогикасын ата-аналармен тығыз байланыста жүргізу өте қиын, біз үшін ата-аналардың басын қосып жинаудың өзі күшке түседі. Өйткенмен тәрбиешілер қауымы өткен оқу жылында оқу тәрбие жұмысында халық педагогикасын дәріптеуде көп жұмыстар істелді. Бірнеше мысалдар келтірелік.

Жоңғар шапқыншылығына қарсы елін, жерін жаудан қорғау қазақ халқы үшін отан соғысы болып табылады. Жарғы ғасырға созылған халықтар ұлт азаматтық күресін өмір тәжірибесі мол саяси қайраткерлер Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Бұқар жырау, шайқастарда ел сынынан өткен халық батырлары атқарды. Әр халық өз батырын мақтаныш етеді. Ол өз ұлтын дүниеге танытады. Бізде өзіміздің ұлттық батырларымызды, қиын-қыстау күндерде халқымызды қатерден қорғаған ерлерімізді қадір тұтып, олардың ерліктерін ұрпақтарға түсіндіруді мақсат тұттық.

Батырлардың өмірімен таныстыруды Сыпатай батырдың тұғанына 210 жылдығына байланысты 8 "А" сыныбында тәрбиеші Сағындықова Дүрияның ұйымдастырған тәрбие сағаты өте жоғары дәрежеде үлкен жауапкершілікпен мұқият өзірлеген. Сыпатай бабамыздың өмірін, ерлігін, көрегендігін, тапқырлығын, Тәуке хан сияқты ел бірлігін, елді біріктіру туралы арманын, әділдігін, т. б. қасиеттерін сипаттауда ешкім тыс қалмады, еркін, қызықты, түсінікті етіп баяндады. Көрнекілік көп болды: альбомдар, Сыпатай батырдың портреті, мазардың суреті, шежіре, газет, нақыл сөздер, батырдың киімдері, Сыпатай батырдың 210 жылдығына шығарылған значок, жалаулар, т. б. Меркіде Сыпатай бабамыздың 210 жылдығына өткізілген асқа барып келген тәрбиеші К. Өмірзақованың әңгімесі тәрбие сағатын одан да әрмен қызықты етуге ықпал етті. Екінші бөлімінде ұлттық ойындар ойналды.

Ойындарға төменгі сынып оқушыларынан бастап оқытушы, тәрбиешілерге дейін қатысты.

10 "Б" сынып тәрбиешісі Ықыласова Лида "Қаракерей Қабанбай батыр" атты тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты "Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар" - дегендей бүгінгі ұрпақты қазақ жауынгерлік мектебінің тарихымен таныстыра отырып, елім деп еңіреп өткен жас батырлардың ерлігін ұрпақтарға үлгі ету болатын. Тәрбие сағаты толық мақсатына жетті. Қазақ халқының жоңғарларға қарсы күресінде үш жүздің қолбасшы болып "Дорабоз", "Хан батыры" отанға Қаракерей Қабанбай батырдың ерлік мұрасы бүгінгі ұрпақты жауынгерлік, ерлік рухта, туған елге, жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеудің негізі болып табылды. Батырдың өмірінен көрсетілген қысқа сценаларда кей оқушылардың актерлік таланты байқалды. Олар: Қарсыбаев Ақжол, Тілебалдиева Перизат, Кенжебаева Фатима, т. б. Тәрбиешінің айтар ойы тұнық, тілде шешендігі байқалды. Тәрбиешінің сөйлеу мәдениетінің өзі оқушыларды сүттей ұйытты. Мұндада көпшілік болды. Екінші бөлімінде ұлттық ойындар ойналды.

8 "Б" сыныбы – тәрбиешісі Шәкүрова Фарид – "Бөгенбай батыр туралы" тәрбие сағатын өткізді. Мұнда да көрнекіліктер көп болып, газет шығарылды, реферат жазылды, Бөгенбай батырдың портреті жасалған. Ал 11 "А" сыныбында тәрбиешісі Мәжітаев Асқардың өткізген "Хан Абылай – халық батыры" тәрбие сағаты өте жоғары дәрежеде өтті. Сценарийін тәрбиешінің өзі даярлаған, Батырлардың киімдерін, сауыт саймандарын жасауда тіпті кей ата-аналардың да көмегі тиді. Театрмен байланысып батырлардың нағыз киімдерін пайдаланған да, батырлар тіріліп келгендей болды.

"Наурыз" мейрамын өткізуге ата-аналар қатысады. Аулада киіз үйлер тігіліп, әр үйге "Абылай хан" ауылы, "Қаракерей Қабанбай" ауылы, "Сыпатай" ауылы, "Төле би" ауылы, "Бөгенбай" ауылы деп ат беріледі. Және төрге сол батырлардың портреттері ілінген, газеттер шығарылып, сценарийден сахнада үзінділер беріледі. Той тойға ұласты дегендей мектебімізге С. Абылановтың есімі берілуіне байланысты, Сыдық атамыздың туған-туысқандары, өрендері келіп, ас беріліп, екі күн үлкен той болды.

Ежелден келе жатқан от ауыз, орақ тілді шешені мол халқымыз үшін сөзден артық қазына да, құдірет те болмаған. Мысалы, "Бір ауыз сөз атаның құнын кешкен, бір ауыз сөз сұмдықтың жолын кескен..."

От ауызды, орақ тілді шешендердің ұрпаққа мұра болып келе жатқан сөздерін, өсиеттерін, халық аңыздарын оқушыларға таныстырып, оның тарихи маңызды аша түсуге көңіл бөлінді. 9 "Б" сыныбында тәрбиеші К. Байменованың өткізген "Төле би" атты тәрбие сағаты осы мақсатқа құрылған. Онда дастарқан үстінде, топ алдында сөз жарыстырып жер дауын Төле би қалай шешкендігі туралы көрініс көрсетілді. Төле би рөлін оқушы Өміржан Құлманов

шебер орындады. Тәрбие сағаты өте әсерлі шықты. Концерттік бөлімінде орындалған әндер де тақырыппен үйлесіп жатты.

Ежелгі халық педагогикасының үлкен үш арнасы бар. Олар: ата, ене, ана тәрбиесі. Міне, осы тәрбие тәсілдері мен озық дәстүрлерге салғырт қарап, мән бермеуіміз адамдық қадір қасиетімізді кемітіп, ұлттық этикамызды, рухани жоғалуға себепті болды. Сынып жетекшілері оқушыларға әр арнаның мәнін кең түсіндіруді мақсат етіп қойған. Мысалы, *ана тәрбиесі* мол мейірімділікке, перзенттердің бір-біріне бауырмашылдығына, пыншылдыққа, ар тазалығына, әдептілікпен тәрбиелілікке, т. б. тәрбиелейді, *ата тәрбиесі* ата тегін білу, қонақ күту, алыс жақынмен достық, жолдастық қарым-қатынаста болу, сөз тыңдауға, одан өзіндік қорытынды жасауға, дербес өмір сүруге, келелі кеңеске, араласуға, инабаттылыққа, икемділікке, ізеттілікке баулиды. Ал *“Ене мектебінде”* ерін сыйлауға, үй ұстауға, баланы өсіру мен ержеткізуге, үлкенге ізет-құрмет, кішіге ілтипат, мол дастархандыққа, көрегендікке тәрбиелейді.

“Жігіт сұлтаны” сайысын ұйымдастырған тәрбиеші С. Даутова, “Қыз сыны” сайысын ұйымдастырған тәрбиеші Сағындықова Д. жоғарыда аталған халық педагогикасының элементтерін ұрпақтар санасына енгізуді мақсат етті. Бұл кештерге облыстық білім жетілдіру институтынан курстағы ұстаздар келіп, көріп жоғары баға берді. Курстағы мұғалімдер үзбей жиі келетін боп жүр.

8 “А” сыныпта тәрбиеші А. Найманова “Ата салтын ардақтайық” атты тәрбие сағатында отбасы әдет-ғұрыптарын оқушылардың бойына сіңіруді мақсат тұтты. “Кіндік пеше”, “Шілдехана”, “Сөбиге ат қою”, “Бесікке салу”, “Қырқынан шығару”, “Тұсау кесер”, т. б. салт түрлері аталды да, “Бесікке салу” мен “Тұсау кесерді” іс жүзінде көрсетіп толық баяндады. Мысалы, қазақта бесікке салған бала “Бес түлейді” деген мәтел бар, бұл мәтел аса бір ұлағатты кісілердің сөзі. Тіпті қазақ деген атау қалыптаспай тұрып-ақ көне эпостарда бесік жыры мен бесікке қатысты салт-дәстүрлер айтылған үлкен өженің жөн-жобасы бойынша бесікке салуды көп балалы анаға тапсырады екен. Ол бесікті жеті затпен қамтамасыз етуі керек. Олар: шапан, кебенек, тон, жабу, ноқта, қамшы, көздік. Бұл этнографиялық заттардың ырымдық орны бар. Шапан қартайғанша аман бол десе, кебенек батырлыққа, тон жылылыққа, мейірімділікке, жүген немесе ноқта жылқы мінезділікке, байлыққа, қамшы дос пен қасты айыруға, көздік жау-жүректілікке себеп болсын деп ырым етеді. Тәрбие сағатында сол сияқты “Тұсау кесердің” мәні жақсы ашылды, “Жеті атаның” атын білудің отбасы құрудағы маңыздылығы айтылды.

9 “А” сыныбының тәрбиешісі С. Даутова “Оқушыларға экологиялық тәрбие беру арқылы адамгершілікке тәрбиелеу” атты шығармашылық есебін берді. Оған облыстық білім жетілдіру институтынан, қалалық оқу бөлімінен, әр түрлі мектептерден

өкілдер, курста жүрген мұғалімдер қатысты. Бұл тақырып бойынша ол ұзақ жылдар айналысып келеді. Акті залының қабырғасында тәрбиешінің даярлаған көрнекіліктері өте көп ілініп, бос орын қалмады. Соларға қарап тұрып-ақ тәрбиешінің еңбегіне үлкен баға беруге болады. Оқушыларды қатыстыра отырып, тәрбиешінің өзі баяндағанда көрермендер керемет риза болды. С. Даутованың тәрбие сағаты “Ақ жол” газетіне суретімен жарияланды.

Өткен оқу жылының аяғында 3 “А” сыныбында тәрбиеші Өмірзақова Күләштің “Кенен Өзірбаев – ақын, өнші, композитор, күйші, терменші” деген тәрбие сағаты өте жоғары дәрежеде өтті. Қордай ауданындағы Кенен атаның мұражайында істейтін қызметкер шақырылып, ол көптеген бұйымдар өкелген және Кенен атаның әндерін орындап, насихаттап жүрген Өміре Қашаубаев атындағы конкурстың жеңімпазы Қожағазинаның өн шырқауы тәрбие сағатының пәрменділігін арттырды, ал тәрбие сағатының әсерлігін айтып жеткізу қиын еді. Бұл тәрбие сағаты шығармашылық есепке пара-пар болды.

Оқушыларды халық қол өнеріне баулуға мектебіміздегі еңбек пенінен дәріс беретін А. Жалғасбаев, Қ. Амиров және Д. Үркімбаева озат еңбек үлгісін көрсетуде. Қолөнер туындыларын насихаттау – халық педагогикасының бір саласы, еліміздің мәдениетінің одан әрі гүлдене түсуінің негізгі жолы. Жоғарыда аталған пән мұғалімдерінің басшылығымен оқушылардың күшімен жасалған бұйымдар қазірдің өзінде “Атамекен” бөлмесіне үлкен әр беріп тұр. Мұнда ыдыс аяқ жиһаздары: ожаулар, тостаған, саптаяқ, аяққап; үй жиһаздары: алаша, тоқыма ши, қоржын, салма, сандықтар, ағаш төсек, күбі, келі-келсап; өмірде қолданылатын тұрмыстық және музыкалық аспаптар қойылған, қазақ домбырасының түр-түрлері жасалған. Жалғасбаев пен Өміров өздерінің жасаған домбыраларын алып, Алматы қаласында “Үкілі домбыра” конкурсына қатысып қайтты. Ал Дөнегүл Үркімбаева оқушыларға кілем тоқытуды үйретуде.

Сонымен, мектебімізде әр тәрбиеші, әр ұстаз өздерінің жұмыстарында халық педагогикасын жиі пайдалануды жан-жақты қарастырып, шығармашылықпен жұмыс істеуде.

Сарысу ауданында мектептерді ұлттық үлгіде жабдықтауға ерекше көңіл бөлінген. Мысалы, “Ұйым” орта мектебі (директоры Д. Ақмолдаев) 1992 - 1993 оқу жылынан бастап халықтық педагогикаға көшті. Еліміз өз тәуелсіздігін алып, егеменді ел болып жатқанда жас жеткіншектерді тәрбиелеуде халықтық педагогиканың алатын орны өте зор екеніне көздері жетуде.

Халқымыздың ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жеткіншек жүрегіне жеткізе білу бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселелерінің бірі. Осы орайда “Ұйым” орта мектебі біршама жұмыстар атқарып отыр. Мектеп оқушылары мен ұстаздары ең алдымен мектепте ұлттық киімдер киюді өздерінің

басты міндеті деп таныды. Сол себепті де аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатына сұраныс беріліп, бірдей үлгіде ұлттық киімдер тігілді.

Мектептегі пән ісбөлмелері де ұлттық үлгіде безендіріледі. Пән ісбөлмелеріне қазақтың ұлыларының есімдері беріліп, олардың өмірі, өнегелері туралы кеңінен мағлұмат берілген.

Мектепте қазақтың тұрмыс-тіршілігін, олардың салттары мен саналарын, дәстүрлерін көрсететін мұражай жұмыс істейді. Мұражайда қазақ халқының қолданбалы өнерін насихаттайтын заттар да өз орнын тапқан. Сонымен қатар, мектеп оқушыларын істігуге, ою орнаменттер оюға үйрететін үйірмелер жұмыс істейді. Қазақ халқының ұлттық өнері – кілем тоқу үйірмесі де өз жұмысын бастаған. Кілем тоқитын арнайы станоктар қосылған.

Мектепте оқушыларға эстетикалық тәрбие беру жұмыстары да нақты жолға қойылған. Мектеп ата-аналары мен мұғалімдерінен құрылған “Қоғалы-ай” әжелер ансамблінің жұмысы қуантады. Мектеп оқушыларынан құрылған ансамбль де жақсы жұмыстар атқаруда. Мектепте бастауыш сыныптардан бастап аптасына бір рет “Өдеп” сабағы өтеді. Ол мектеп кеңесінің шешімі бойынша бір сағат орыс тілі пәнінің есебінен енгізілген. Бұл сабақта мектеп табалдырығын енді ғана аттаған жас бүлдіршіндерге халқымыздың өмір тарихын, олардың салт-саналарын тереңінен түсіндіріп отырады, бұл сабақ арнайы жабдықталған “Өдеп” бөлмесінде өтеді.

Тараз қаласындағы № 44 Ш. Смаханұлы және № 5 Жамбыл атындағы қазақ орта мектептері, № 8 Төле би және № 45 Б. Момышұлы атындағы қазақ гимназиялары этнопедагогикалық негізде құрылған тәрбие жүйесімен жұмыс істеуде. Мысалы, Б. Момышұлы атындағы № 45 қазақ классикалық гимназиясы “Қазақ халық педагогикасы мен психологиясының озық дәстүрлерін оқу-тәрбие ісіне ендіруді” мақсат етіп (ғылыми жетекші доцент Қ. Бөлеев), 1992 жылы ашылған оқу орны (гимназия директоры тәжірибелі ұстаз А. Садықова). Жұмысты “Қазақ этнопедагогикасы” курсының бағдарламасымен гимназия мұғалімдерін этнопедагогикалық даярлықтан бастады.

Дайындық бағдарламасы төрт бөлімнен тұрады:

Бірінші бөлімде “Халық педагогикасы туралы түсінік, этнопедагогика – ғылым, оның пәні мен міндеттері, қазақ этнопедагогикасындағы тәрбие әдістері, қазақ халық педагогикасының негіздері мен көздері”;

Екінші бөлімде “Қазақ этнопедагогикасындағы тәрбие түрлері: дене тәрбиесі, еңбек және кәсіби тәрбие, ақыл-ой тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, табиғат қорғау тәрбиесі, экономикалық тәрбие, тазалық тәрбиесі” қарастырылады;

Үшінші бөлім “Қазақ этнодидактикасы” деп аталып, онда қазақ этнопедагогикасындағы білім беру мазмұны, халық тәлімгерлері,

олардың тәжірибелерін үйрену, жинақтау және тарату, оқу-тәрбие жұмысында этнопедагогиканы пайдалану әдістемесі берілді;

Төртінші бөлім “Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері”, онда этнопедагогиканың тәлім-тәрбиелік әсері мен ықпалын анықтайтын ғылыми-зерттеу әдістері үйретілді.

Бағдарлама мұғалімдермен жыл бойы лекция, семинар, консультациялар өткізу арқылы іске асырылды. Жыл соңында ұстаздармен әңгімелесу өткізу және рефераттар қорғау арқылы олардың этнопедагогикалық даярлық дәрежелері анықталды.

Этнопедагогикалық даярлықтан өткен мұғалімдер сынып жетекшілік жұмыстарында, жеке пәндерді оқытуда және ата-аналармен жұмыста этнопедагогиканы кеңінен пайдаланып, жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие беруде ойдағыдай қызмет етуде. Мысалы, барлық сынып жетекшілері “Атамекен” бағдарламасының бөлімдеріне толық мазмұн жасап, оны кеңінен іске асыруда.

Гимназияның оқу жоспарына “Қазақ этнопедагогикасы” атты оқу пәнін ендіріп, оны сол мұғалімдер оқытуда. Пәннің құрылымы мынадай: 8 - 9 сыныптарда “Қазақ халқының салт-дәстүрлері”, ал 10 - 11 сыныптарда “Қазақ тәлім-тәрбие тарихы”.

“Қазақ халқының салт-дәстүрлері” оқу пәнінің бағдарламасының мазмұны төрт бөлімнен тұрады. Олар: “Қазақтың бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлері”, “Қазақтың тұрмыстық салт-дәстүрлері”, “Қазақтың әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлері”, “Егемен қазақ елінің жаңа салт-дәстүрлері”.

Ал “Қазақ тәлім-тәрбие тарихы” атты факультатив 4 бөлімнен тұрады және төмендегідей мазмұнда беріледі:

– “Қазақстан жеріндегі тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің ілкі бастаулары мен көздері”;

– “Ортағасырлық заманынан бастап, Қазақстанның Ресейге отар болып тұрған кезеңдегі этнопедагогикалық ой-пікірдің дамуы”;

– “Қазақстанда Кеңес дәуірі жылдарындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің даму тарихы”;

– “Қазақстан егеменді ел болғаннан бергі кезеңдегі тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің және ұлттық мектептің даму барысы”.

Бұл пәндерден сабақты тәжірибелі ұстаз Н. Аязбаева береді. Мысалы, “Қазақ халқының салт-дәстүрлері” пәнін оқытуда әр бөлім бойынша салт-дәстүрлерге байланысты кестелер, түрлі дидактикалық материалдарды қолдан балаларға жасатып, оларды сабақтарда кеңінен пайдаланады. Оқушылар халықтық салт-дәстүрлерді бар ынта-жігерлерін салып үйренуде. Ал “Қазақ тәлім-тәрбие тарихы” пәнін оқытуда көне түркі жазба ескерткіштерінің, ортағасыр ғұлама-ойшылдарының трактаттарындағы тәлім-тәрбиелік идеялар, ақын-жыраулар поэзиясындағы, ағартушы-демократтар мен жазушылар шығармаларындағы педагогикалық ой-пікірлер кеңінен баяндалады.

9 - 11 сыныптарда "Ежелгі дәуір әдебиеті", "Қазақ халқының ауыз әдебиеті" пәндерін өте тәжірибелі, білгір-ұстаз К. Ғабдрасимова оқытуда. Ежелгі дәуір әдебиетін оқытуда ұстаз ортағасыр ойшылдарының әдеби шығармаларымен оқушыларды жан-жақты таныстыра отырып, олардың тәрбиелік мәндеріне ерекше тоқталады. Мысалы, Әл-Фарабидің "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары", "Бақыт жолын сілтеу", "Бақытқа жету жолдары" атты шығармаларын оқытуда ойшыл-ғұламаның тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінен үзінділер келтіреді. Үзінділер А. Қыраубаеваның құрастыруымен жарық көрген "Ежелгі дәуір әдебиеті" атты хрестоматиядан және "Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясынан" оқылады.

Әсіресе "Қазақ халқының ауыз әдебиеті" пәнін оқытуға ерекше мән береді. Ол ауыз әдебиетінің барлық жанрларымен оқушыларды таныстыра отырып, олардың тәрбиелік мәнін айрықша ашып көрсетеді. Мысалы, "Қазақ халқының мақал-мәтелдері" тақырыбын өткенде М. Әлімбаевтың "Халық – ғажап тәлімгер" атты еңбегін пайдаланып, қазақ мақал-мәтелдерінің тәрбиелік мәнін нақты түсіндіреді.

Ұстаз "Қазақтың шешендік өнері" атты пәннің бағдарламасын өзі жасап, оны гимназияның оқу жоспарына енгізіп, оқытуда. Пәннің бағдарламасы үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде қазақтың шешендік өнерінің қалыптасу және даму жолдары, екінші бөлімде қазақтың мақал-мәтелдерінің тақырыптары, ал үшінші бөлімде шешендік сөздердің түрлері жан-жақты қарастырылады. Әр бөлімдегі тақырыптардың тәлім-тәрбиелік мәндері ашылады. Сонан да болса керек, оқушылардың пәнге қызығуы ерекше. Пәндерді оқытуда ұстаз өте көп қосымша әдебиеттерді пайдаланады.

Гимназияның математика пәнінің мұғалімі тәжірибелі ұстаз С. Бөлегенова дәстүрлі емес сабақтарда қазақтың ауызша есептерін шығаруға көп көңіл бөледі, әсіресе сабақты жарыс арқылы ойын түрінде өткізуге шебер болып алған.

Гимназияда "Әдептілік әліппесі", "Әдеп және өнер", "Әдеп және жантану", "Ұлттық психология" пәндері оқытылады. Соңғы пәнді педагогтік институттың аға оқытушысы О. Санғылбаев 4 жыл бойы жүргізуде. Ал "Қазақ мәдениетінің тарихы" атты пәнді институт доценті Г. Шаймбетова өте тартымды, қызықты етіп оқытқан еді. Пәндердің бағдарламаларын оқытушылардың өздері жасап, талқылаудан өткізіп, оқу ісіне ендірген.

Гимназияда ұлттық тәрбие беру жұмысын онда ұйымдастырылған «Атамекен» тәрбие орталығы басқарып, іске асыруда. Орталық оқушылардың жас ерекшелігін ескеріп «Атамекен» бағдарламасының әр бағыттарын жеке-жеке сыныптарда тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырып өткізуге әдістемелік нұсқау жасап, сынып жетекшілеріне берген. Олар ай сайын тиісті бағыттар бойынша тәрбиелік іс-шараларды өткізуде.

Гимназияда "Халықтық педагогика" атты бөлме халықтық дәстүрге сай жабдықталған. Бөлменің артқы бөлігінде киіз үйдің жартылай үлкен макеті, едені жоғарылатылған, оған дөңгелек стол, айнала бірнеше орындықтар қойылған. Бөлме ортасында парталарда оқушылар отырады, ал қабырғаларда ұлағатты сөздер, мақал-мәтелдер, ұлы ойшыл-ғұламалардың тәрбие жайлы ой-пікірлері плакаттарға жазылған. Бөлмеде "Қазақ халқының салт-дәстүрлері", "Әдептілік әліппесі", "Қазақ мәдениетінің тарихы", "Әдеп және жантану" пәндері оқытылады. Бұл пәндерді соңғы жылдары тәжірибелі, жыл мұғалімі конкурсының жүлдегері С. Биғабыл өткізуде.

Қорыта айтарымыз, гимназияда халықтық педагогиканың асыл-арналары мен көздері – ауыз әдебиеті, салт-дәстүрлер, тәлім-тәрбие тарихы, ұлттық мәдениет және оның тарихы, ұлттық психология оқу жоспарына ендіріліп, оқушыларға ұлттық тәлім-тәрбие беруде кеңінен пайдаланылады. Оқушылардың пәндерге қызығуы, ұлттық тәлім-тәрбиеге, мәдениетімізді білуге ынтасы өте жоғары, әсіресе ұлттық сана мен намысты қалыптастырудың ықпалы ерекше екені олардың іс-әрекеттері мен тәрбиеліліктерінен көрінуде.

Сонымен, облыс мектептерінде сабақтарда, сыныптан және мектептен тыс жұмыс формалары мен түрлерінде арнайы даярлықтан өткен ұстаздар халықтық педагогиканы кеңінен пайдалана отырып, жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие беруде нақты іс-тәжірибелер жинақтауда.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру - қоғам болашағының негізі. Ұлттық тәрбие ұлттық мектептерде ғана жүзеге асырылады. Қазақ ұлттық мектебінің мақсаты, міндеттері, ол мектепте білім беру мазмұны, ұлттық тәрбиенің нәтижесі, мұғалімдерге қойылатын талаптар қазақтың ағартушы-педагогтары А. Байтұрсыновтың, М. Жұмабаевтың, Ж. Аймауытовтың, М. Дулатовтың, Х. Досмұхамедовтың, т. б. еңбектерінде анықталған. Олар ХХ ғасырдың басында өз халқының болашағын ойлап, қазақтың ұлттық мектебін жасау, онда жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, ол үшін білім беру мазмұнын халықтың ұлттық мәнімен, ұлттық рухымен байланыстыру қажеттігін дәлелдеген. Сондықтан қазіргі мақсат Қазақстанда ұлттық мектеп жасау, ол үшін олардың ұлттық идеяларын басшылыққа алу керек.

Қазақстанда Кеңес дәуірінде қазақ ұлттық мектебі болған жоқ, мектептер қазақ мектебі деп аталғанымен, олар орыс мектебінің қолайсыз көшірмесі болды, оларда ұлттық тәрбие жүргізілмеді.

Еліміз егемендік алуымен қоғамның мектепке қатынасы өзгеріп, қазақ ұлттық мектебін жасау қажеттігін ғалым-этнопедагогтарымыз Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, С. Ұзақбаева, М. Балтабаев, А. Көбесов, Ж. Наурызбай, Қ. Бөлеев, З. Әбілова, К. Құнантаева, К. Қожахметова, І. Халитова, М. Тәнікеев, М. Ералин, т. б. ерекше мәселе етіп қойып, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру проблемаларын жан-жақты зерттеді.

Қазақтың ұлттық мектебін жасау, онда ұлттық тәрбие беруге мемлекет таралынан кең жол ашылып, бірнеше құжаттар мен тұжырымдамалар шығарылды. Оларда еліміздегі тәрбиенің негізі - ұлттық тәрбие болуы тиіс екені баса көрсетілді.

“Қазақтың ұлттық мектебі” деп халқымыздың Ана тілін, Ата тарихын, Төл мәдениетін, Ұлттық салт-дәстүрлерін жүйелі оқытатын мектепті айтамыз, ал ол мектептің басты белгісі - қазақтың ұлттық рухы болуы.

Қазақ ұлттық мектебінің қажеттігі және оқушыларға ұлттық тәрбие беру - әлеуметтік-педагогикалық проблема болуы қазіргі қазақ қоғамындағы иммунопсихологиялық проблемалардың алдын алып, болдырмаудың жәше оларды жоюдың бірден-бір жолы деп санаймыз.

Қазақ мектептерінде оқушыларға ұлттық тәрбие берудің нашар жайын жақсартудың бірден-бір жолы мұғалімдерді этнопедагогикалық даярлықтан өткізу. Өйткені мұғалімдер халықтық педагогиканы мектептің оқу-тәрбие жұмысында пайдалана білмейді, олар этнопедагогикалық дайындықтан өтпеген, оларды коммунистік тәрбие беруге даярлаған.

Мектеп мұғалімдерін этнопедагогикалық даярлықтан облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институттары өткізу қажет болды. Өкінішке орай, оларда мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге даярлау үшін не бағдарлама, не оқу құралдары, не әдістемелік нұсқаулар, не мамандар болмады. Бұл проблеманы шешу үшін ғалым-этнопедагогтарымыз Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, С. Ұзақбаева, М. Балтабаев, Қ. Бөлеев, Ж. Наурызбай, К. Қожахметова, Ә. Қамақов, т. б. халықтық педагогика, этнопедагогика және оның тарихы бойынша терең зерттеулер жүргізіп, мақалалар, әдістемелік нұсқаулар, оқу құралдарын шығарды, бағдарламалар жасап, онымен өздері дәрістер берді.

Сонымен, мектеп мұғалімдерін ұлттық тәрбиеге даярлауды кешенді қарап, оларға этнопедагогикалық білім беруді типтік бағдарлама, оқу құралдары мен маман кадрлар арқылы жүзеге асыру проблемасы көкөйкесті мәселе екен.

Біздің “Ұлттық төлім-тәрбие” бағдарламамыздың мақсаты - мұғалімдерді қазақ халқының оқыту және тәрбиелеу жөніндегі санғасырлық білімдерімен және тәжірибесімен таныстыру. Бағдарламада жалпы білім беретін қазақ мектептері мұғалімдерін этнопедагогикалық дайындықтан өткізу қажеттігі дәлелденген. Оның мазмұнында қазақ халық педагогикасы, оның негізгі ұғымдары, қазақ халық педагогикасындағы тәрбие мақсаты мен міндеттері, тәрбие принциптері мен факторлары, қазақ халық педагогикасының көздері мен асыл-арналары, қазақ этнопедагогикасы - ғылым, оның пәні мен міндеттері, қазақ этнопедагогикасындағы тәрбие түрлері, қазақ этнодидактикасы, қазақ этнопедагогикасының тарихы, қазақ ғылыми педагогикасы және оның тарихымен байланысы жасалынған.

Бағдарлама Жамбыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының оқу жоңарына ендіріліп, онымен мұғалімдерді этнопедагогикалық даярлықтан өткізу үшін институтта көптеген ғылыми-ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Мұғалімдер оқыту барысында этнопедагогиканың теориялық, практикалық және әдістемелік мәселелерімен танысып, этнопедагогикалық білімдерді меңгереді, ал олардың этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдылары мектепте жұмыс істеу кезінде қалыптасады.

*Этнопедагогикалық білім* деп этнопедагогика ғылымының теориялық негіздерін, этнопедагогикалық іскерлік деп мұғалімдердің этнопедагогикалық білімдерді қолдану қабілетіне ие болуын, *этнопедагогикалық дағды* - мұғалімдердің этнопедагогикалық іскерліктерінің қалыптасып, оқушыларға ұлттық тәрбие беруі деп түсінеміз. Ал *ұлттық тәрбие* деп жеке тұлғаның сана-сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Мұғалімдердің этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдылары жылма-жыл және әр бес жылда болатын курсқа келгенде анықталды. Олардың оқушыларға ұлттық тәрбие бойынша іс-тәжірибелерін аудандық оқу бөлімдерінің әдіскерлері, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының әдіскерлері, “Этнопедагогика” зертханасының қызметкерлері және институттың педагогика кафедрасының оқытушылары анықтап отырды.

Мұғалімдердің “этнопедагогикалық даярлық критерийлеріне” олардың оқушыларға ұлттық тәрбие беру бойынша іс-әрекеттері алынды: пән сабақтарында оқушыларға ұлттық тәрбие беруі; сыныптан және мектептен тыс жұмыстарда оқушыларға ұлттық тәрбие беруі; сынып жетекшілік жұмыста ұлттық тәрбие беруі; ата-аналар арасында халық педагогикасын насихаттауы.

Жамбыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты мұғалімдердің оқушыларға ұлттық тәрбие беруі бойынша іс-тәжірибелерін жинақтау, қорыту және тарату мақсатында республикалық, облыстық және аудандық конференциялар, семинарлар, практикумдар, педагогикалық оқулар өткізіп, отырды. Нәтижелері мақалалар, буклеттер, альбомдар, жинақтар, бағдарламалар, әдістемелік құралдар мен нұсқаулар болып, баспадан шығарылып, облыс мектептеріне кең таралып отырды. Мысалы, облыс бойынша жүзден аса мұғалімдердің және оннан аса қазақ мектептерінің ұлттық тәрбие бойынша іс-тәжірибелері жинақталып, таратылды.

Жамбыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының мектеп мұғалімдерін ұлттық тәрбиеге дайындау іс-тәжірибесі Қазақстан Республикасының Білім Министрлігі тарапынан бірнеше рет тексеріліп, жақсы бағаланды, оны басқа облыстық институттардың оқу-тәрбие үрдісіне ендіру ұсынылды.

Сонымен, этнопедагогикалық даярлықтан өткен облыс мұғалімдері қазақ мектептерінде оқушыларға ұлттық тәрбие беруді төрт бағытта: оқу пәндерін оқытуда, арнайы пәндерді оқытуда, сыныптан және мектептен тыс жұмыстарда және ата-аналармен жұмыстарда кеңінен жүргізуде. Олардың іс-тәжірибелері жинақталып, қорытылып, облыс мектептеріне және баспасөз арқылы республика мектептеріне тарағылып, олардың оқу-тәрбие үрдісіне ендірілуде.

1. Назарбаев Н.Ә. “Қазақстан - 2030”. - Алматы: Білім, 1998.
2. Білім туралы Қазақстан Республикасының заңы. - Егемен Қазақстан, 11.06.1999 ж.
3. Төлім-тәрбие тұжырымдамасы. - Қазақстан мұғалімі, 5 ақпан 1993.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.
6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. - Алматы: Ана тілі, 1992.
7. Байтұрсынов А. Оқу құралы. - Семей, 1922.
8. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992.
9. Жұмабаев М. Тандамалы. - Алматы: Ғылым, 1992.
10. Аймауытов Ж. Психология. - Алматы: Санат, 1995.
11. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. - Қызылорда, 1924.
12. Аймауытов Ж. Комплексті оқыту жолдары. - Қызылорда, 1929.
13. Аймауытов Ж. Жан жүйесі және өнер таңдау. - Қызылорда, 1926.
14. Аймауытов Ж. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989.
15. Дулатов М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1991.
16. Досмұхаметұлы Х. Аламан. - Алматы: Қазақстан, 1991.
17. Тажибаев Т. Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине XIX века : Автореф. дис. докт. - Л., 1962.
18. Ғабдуллин М. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. - Алматы: Мектеп, 1966.
19. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. - Алматы: Мектеп, 1976.
20. Жарықбаев К. Из истории развития педагогической мысли в дореволюционном Казахстане. - Алма-Ата: РҰМК, 1978.
21. Жарықбаев К.Б. Развитие педагогической мысли в дореволюционном Казахстане : Автореф. дис. докт. - Киев, 1982.
22. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі - ақылдың көзі. - Алматы: Қазақстан, 1980.
23. Жарықбаев Қ. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. - Алматы: Мектеп, 1965.
24. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ төлім-тәрбиесі. - Алматы: Санат, 1995.
25. Жарықбаев Қ., Қалиев С., Әбілова З. “Қазақ этнопедагогикасы” дәрісінің бағдарламасы. - Алматы: РБК, 1993.
26. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Ыбырай Алтынсариннің төлім-тәрбиелік мұралары. - Алматы: Білім, 1990.

27. Жарықбаев Қ., Табылдиев Ә. Әдеп және жантану. - Алматы: Атамекен, 1994.
28. Жарықбаев Қ., Қалиев С. "Қазақ тәлім-тәрбие тарихы" дәрісінің бағдарламасы. - Алматы: РБК, 1994.
29. Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. - Алматы: Мектеп, 1987.
30. Қалиев С. XV-XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер. - Алматы: Рауан, 1990.
31. Қалиев С. Қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері : Докт. дис. автореф. - Алматы, 1996.
32. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. - Алматы: Рауан, 1998.
33. Қалиев С., Оразаев М., Смайлова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. - Алматы: Рауан, 1994.
34. Узакбаева С.А., Кожяхметова К.Ж. Использование материалов казахской этнопедагогике при изучении педагогических дисциплин. - Алматы: АГУ им. Абая, 1996.
35. Узакбаева С. Тамыры терең тәрбие (қазақтың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие). - Алматы: Білім, 1995.
36. Узакбаева С.А. Қазақ халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие : Докт. дис. - Алматы, 1993.
37. Балтабаев М.Х. Казахская традиционная художественная культура в системе образования. - Алматы: РИК, 1994.
38. Балтабаев М.Х. Основы музыкально-эстетического воспитания учащейся молодежи средствами казахской традиционной художественной культуры : Автореф. дис. докт. - Алматы, 1994.
39. Кубссов А. Педагогическое наследие аль-Фараби : Автореф. дис. докт. - Ташкент, 1990.
40. Қунантаева К. Развитие женского образования в Казахстане (1920-1975 г.г.) : Автореф. дис. докт. - Ташкент, 1981.
41. Әбілова З. Этнопедагогика. - Алматы: ҚӨТУ, 1997.
42. Бөлеев Қ. Қазақтың халық педагогикасы: Библиографиялық көрсеткіш. - Жамбыл, 1992.
43. Бөлеев Қ. Қазақ халқының этнопедагогикасы. Оқу бағдарламасы. - Жамбыл, 1992.
44. Бөлеев Қ., Құрсабаев М. «Атамекен» бағдарламасына методикалық нұсқау. - Жамбыл, 1993.
45. Бөлеев Қ., Жарықбаев Қ. Қазақстанда педагогикалық ой-пікірдің даму тарихы. Оқу бағдарламасы. - Жамбыл, 1992.
46. Бөлеев Қ., Әбдіқасымов Р., Бөлеева Л.Қ. "Ұлттық тәлім-тәрбие" дайындық курсының бағдарламасы. - Жамбыл, 1993.
47. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау. - Алматы: Нұрлы өлем, 1998.
48. Кожяхметова К. Теоретико-методологические основы казахской этнопедагогике : Дис. докт. - Алматы, 1998.
49. Кожяхметова К. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. - Алматы: Ғылым, 1998.
50. Ильясова А.Н. Проблемы развития педагогической теории Казахстана (1900-1960 г.г.) : Дис. докт. - Алматы, 1997.
51. Ильясова А.Н. Становление и развитие педагогической теории в Казахстане (1900-1960 г.г.) - Алматы: РИК, 1997.
52. Наурызбай Ж. Научно-педагогические основы этнокультурного образования школьников : Дис. докт. - Алматы, 1997.
53. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. - Алматы: Ана тілі, 1995.
54. Таникеев М. Теория и практика взаимодействия национальных и интернациональных факторов физического воспитания в Казахстане : Автореф. дис. докт. - Алматы, 1998.
55. Халитова І.Р. Абай Құнанбаевтың мұрасын оқу-тәрбие процесіне ендіру тарихы (1960-1995 ж.ж.) : Докт. дис. автореф. - Алматы, 1998.
56. Этнопсихология және этнопедагогика (Ұлттық тәлім-тәрбие). V жинақ. - Алматы: Дарын, 1998.
57. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. 1-2 томдар. Құрастырғандар Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. - Алматы: Рауан, 1994, 1998.
58. Антология педагогической мысли Казахстана. Составители К. Жарықбаев, С. Қалиев. - Алматы: Рауан, 1995.
59. Қалиев С., Оразаев М., Смайлова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Оқу бағдарламасы. - Алматы: Рауан, 1994.
60. Әлімбаев М. Халық - ғажап тәлімгер. - Алматы: Рауан, 1994.
61. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. - Алматы: Әл-Фараби, 1995.
62. Тілеужанов М. Халық тағылымы. - Алматы: Рауан, 1996.
63. Қожяхметова К. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. - Алматы: РБК, 1998.
64. Табылдиев Ә. Халық тағылымы: қазақтың халық педагогикасы және тәрбие. - Алматы: Қазақ университеті, 1991.
65. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. - Алматы: Қазақстан, 1994.
66. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерде білім мазмұнының тұжырымдамасы. - Алматы: Қазақстан, 1993.
67. Қазақстан Республикасының тіл туралы заңы. - Алматы: Қазақстан, 1998.
68. Жоғары білім туралы Қазақстан Республикасының заңы. - Алматы: РБК, 1996.
69. Құрсабаев М. «Атамекен» ұлттық ғылыми-тәлімдік, рухани-танымдық бағдарламасын оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асырудың этнопедагогикалық-этнопсихологиялық мәселелері. - Алматы, 1993.

70. Ахметова З. "Кәусар бұлақ" бағдарламасы. - Алматы: Кәусар бұлақ, 1994.
71. Бабанский Ю.К. и др. Педагогика высшей школы. - Алма-Ата: Мектеп, 1989.
72. Дидактика средней школы. Под ред. М.А. Данилова и М.Н. Скаткина. - М.: Просвещение, 1975.
73. Кудайкулов М.А. Совершенствование учебного процесса и профессиональная подготовка учителя. - Алма-Ата: Мектеп, 1975.
74. Архангельский С.И., Михеев В.И. Теоретические основы научной организации педагогических исследований. - М.: Просвещение, 1976.
75. Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы. - Алматы: Мектеп, 1984.
76. Ушинский К.Д. О народности в общественном воспитании. Пед. соч. В 6 т. - М.: Педагогика, 1988.
77. Афанасьев В.Ф. Этнопедагогика нерусских народов Сибири и Дальнего Востока. - Якутск: Якутское книжное изд-во, 1979.
78. Волков Г.Н. Этнопедагогика. - Чебоксары : Чувашское книжное изд-во, 1974.
79. Ханбиков Я.И. Из истории педагогической мысли татарского народа. - Казань : Татарск. кн. изд., 1967.
80. Измайлов А.Э. Народная педагогика: педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана. - М.: Педагогика, 1991.
81. Қазақ Совет энциклопедиясы. 1-12 томдар. - Алматы: Қаз. совет энциклопедиясы, 1972-1978.
82. Сағындықов Е. Алдымен атауын анықтайық: халық педагогикасы туралы берер пікір. - Ақиқат, 1993, (10).
83. Айтмамбетова В., т. б. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. - Алматы: РБК, 1995.
84. "Халық педагогикасы мен психологиясы дәстүрлерінің оқу-тәрбие ісінде қолданылуы" атты ғылыми-практикалық конференциясының материалдары (19-20 мамыр, 1992 жыл). - Алматы: Рауан, 1992.
85. Оршыбеков Ы. Қазақ халқының педагогикалық мәдениеті. - Алматы: Білім, 1981.
86. Оразбекова К. Иман және инабат: әдет және тұрмыс-салт психологиясы. - Алматы: Ана тілі, 1993.
87. Төлеубекова Р. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика. - Алматы: РБК, 1994.
88. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1988.
89. Өсеров Н. Мұсылмандық қағидалары. - Алматы : Қазақстан, 1994.
90. Өсеров Н., Естаев Ж. Ислам және қазақтардың әдет-ғұрыптары. - Алматы: Қазақстан, 1992.
91. Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану. - Алматы: Мектеп, 1968.
92. Бүркітбаев Ә. Спорттың ұлттық түрлері және оның тәрбиелік мәні. - Алматы: ҚазПИ, 1978.
93. Болатбаев Қ.К. Халықтық педагогиканы бейнелеу өнері пәнінде қолдану. - Алматы: АЛМУ, 1995.
94. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы: Рауан, 1991.
95. Төтенасев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы: Қайнар, 1994.
96. Соқыр теке: ауыз әдебиетіндегі балалар ойындарының үлгілері. Құрастырған Ш. Ыбыраев. - Алматы: Өнер, 1990.
97. Әбішев Х. Халық астрономиясы. - Алматы: ҚМБ, 1959.
98. Әбішев Х. Аспан сыры. - Алматы: Қазақстан, 1966.
99. Исқақов М. Қазақтың байырғы календары. - Алматы: ҚМБ, 1960.
100. Исқақов М. Халық календары. - Алматы: Қазақстан, 1980.
101. Елубаев С. Қазақтың байырғы қара есептері. - Алматы: Қазақстан, 1996.
102. Тәнікеев М. Қазақтың ұлттық спорт ойындары. - Алматы: ҚМБ, 1957.
103. Толыбеков С. Қазақ шежіресі. - Алматы: Қазақстан, 1992.
104. Адамбаев Б. Халық даналығы. - Алматы: Мектеп, 1976.
105. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. - Алматы: Ғылым, 1984.
106. Қырық қазына: Қазақ халқының ауызша есептері. Құрастырған Ә. Доспамбетов. - Алматы: Мектеп, 1987.
107. Сорок сокровищ: казахская народная занимательная арифметика. Собрал и обработал А. Доспамбетов. - Алма-Ата: Мектеп, 1987.
108. Төреқұлов Н. Нақыл сөздердің тәрбиелік мәні. - Алматы: Мектеп, 1971.
109. Ақ сандық, көк сандық. Құрастырған Ш. Ыбыраев. - Алматы: Жалын, 1988.
110. Абдрахманов А. Қазақстан этнотопонимикасы. - Алматы: Ғылым, 1979.
111. Жүнісов А. Фәниден бақиға дейін. - Алматы: Қайнар, 1991.
112. Бабалықұлы Ж. Төрт түлік атаулары. - Алматы: Қайнар, 1991.
113. Казахи: историко-этнографическое исследование. - Алматы: Казахстан, 1995.
114. Толыбеков С. Кочевое общество казахов в XVII - начале XIX века. - Алматы: Наука, 1971.
115. Кшибеков Д.К. Кочевое общество. - Алма-Ата: Наука, 1984.
116. Қазақ мақал-мәтелдері. Құрастырған Ә. Тұрманжанов. - Алматы: Ана тілі, 1993.

117. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Қазақстан, 1995.
118. Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Өнер, 1977.
119. Ахметов Ш. Воспитание детей в традициях казахского народа. В кн.: Свидетели древней культуры. Под ред. А.Х. Маргулана. - Алма-Ата: Казахстан, 1966, С. 94-107.
120. Жалғасова Ш. Жастарды семьялық өмірге дайындауда ұлттық дәстүрлерінің рөлі. - Алматы: Білім, 1986.
121. Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. - Алматы: Қайнар, 1983.
122. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. - Алматы: Ана тілі, 1994.
123. Көшербаева А. Халқым қандай десең, салтымнан сынап біл. - Алматы: РБК, 1997.
124. Құнантаева К. Білім заңғарына жол. - Алматы: Қазақстан, 1982.
125. Мұқанов С. Қазақ қауымы. - Алматы: Ана тілі, 1995.
126. Сарыбеков Н., Сарыбеков М., Сарыбеков К.-Д. Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері. - Алматы: Рауан, 1996.
127. Сарсенбаев Н. Обычай и традиции в развитии. - Алматы: Казахстан, 1965.
128. Мыңжани Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Алматы: Жалын, 1994.
129. Наурыз: Жаңғырған салт-дәстүрлер. Құрастырған М. Қазбеков. - Алматы: Қазақстан, 1991.
130. Назарбаев Н. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999.
131. Нұрсұлтанов Қ. Ертегі есептер. - Алматы: Мектеп, 1971.
132. Оразақов Е. Қазақ халық медицинасы. - Алматы: Ғылым, 1989.
133. Садықов Т.С. Тарих тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.
134. Сәгімбеков Р. Табиғат қорғау (кластан тыс жұмыстарға арналған методикалық нұсқау). - Алматы: Рауан, 1992.
135. Төтімов М. Қазақ өлемі. - Алматы: Қазақстан, 1994.
136. Әлімханов Ж., Алдашев А., Қазақтың халық медицинасының құпиясы. - Алматы: Қазақстан, 1992.
137. Этнопедагогика және этнопсихология (Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына арналған ғылыми-әдістемелік жинақ). - Алматы: РБК, 1995.
138. Этнопсихология және этнопедагогика (Ұлттық тәлім-тәрбие). II жинақ. - Алматы: Дайк-пресс, 1996.
139. Этнопедагогика және этнопсихология (Ұлттық тәлім-тәрбие). III жинақ. - Алматы: Эверо, 1997.
140. Албани Б.К. Тарихи таным. - Алматы: Ататек, 1994.
141. Ата салтың - халықтық қалпың. Құрастырғандар А. Зәкірианов, М. Молдабаева. - Алматы: Рауан, 1995.
142. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі есімдік атаулары. - Алматы: Ғылым, 1988.
143. Аргынбаев Х. Қазақ отбасы. - Алматы: Қайнар, 1996.
144. Ахметова М. Қазақ өнері және халықтың дәстүрі. - Алматы: Өнер, 1971.
145. Байжанова Ж. Семья бақыты. - Алматы: Қайнар, 1989.
146. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы: Қазақстан, 1995.
147. Машанов А. Аспан ертегілері. - Жұлдыз, 1958, (8).
148. Нұрманова Ә. Қазақтың әншілік дәстүрі. - Алматы: Қазақстан, 1975.
149. Мұқанов М.М. Ақыл-ой өрісі. - Алматы: Қазақстан, 1980.
150. Материалы Международной научной конференции "Проблемы и перспективы развития педагогического образования в современных условиях" (2-3 октября 1997 г.). - Бишкек, 1997.
151. Материалы республиканской научно-практической конференции "Актуальные проблемы высшей школы в современных условиях". Том 1 (15-18 мая 1997 г.). - Петропавловск, 1997.
152. "Мұғалімдер мамандығын көтеру жүйесін жетілдірудің келелі мәселелері мен жолдары" жөніндегі Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (24-27 мамыр 1994 ж.). - Алматы, 1994.
153. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. - Алматы: Ана тілі, 1991.
154. Қорқыт ата кітабі. Аударған Ә. Қоңыратбаев және Б. Байділдаев. - Алматы: Жазушы, 1986.
155. Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. - Алматы: Мектеп, 1989.
156. Қасабеков А.Қ., Алтаев Ж.А. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. - Алматы: Ер-Дәулет, 1994.
157. Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. 1-3 бөлімдер. - Алматы: ҚазМУ, 1987.
158. Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен. - Алма-Ата: Казахстан, 1992.
159. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. - Алматы: Наука, 1992.
160. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы: Санат, 1991.
161. Баласағұни Ж. Құтты білік. - Алматы: Жазушы, 1987.
162. Жүйнеки А. Ақиқат сыйы. - Алматы: Ғылым, 1985.
163. Иассауи А. Ақыл кітабы. - Алматы: Мұраттас, 1995.
164. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. - Алматы: Ана тілі, 1993.
165. Хорезми Р. Махаббатнаме. - Алматы: Жазушы, 1985.
166. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. - Алматы: Рауан, 1995.
167. Кубесов А. Педагогическое наследие Аль-Фараби. - Алма-Ата: Мектеп, 1989.

168. Құнанбаев А. Шығармалары (екі томдық). - Алматы: Жазушы, 1977.
169. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1973.
170. Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIX ғасырлар). Құрастырған Б. Исқақов. - Алматы: ҚМБ, 1964.
171. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. - Алматы: Ана тілі, 1992.
172. Бейсембиев К.Б. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана. - Алматы: Казахстан, 1976.
173. Касымжанов А.Х. Духовное наследие казахского народа. - М.: Наука, 1992.
174. Орынбеков М. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. - Алматы: Ғылым, 1995.
175. Сыдықов Ә. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. - Алматы: Мектеп, 1969.
176. Тажибаев Т. Педагогическая мысль Казахстана во второй половине XIX века. - Алма-Ата: Казахстан, 1965.
177. Тажибаев Т. Воспитание казахских детей в аулах и школы Казахстана. В кн.: Очерки истории школы и педагогической мысли народов СССР. XVIII в. - первая половина XIX века. - М.: Педагогика, 1973.
178. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. - Алматы: Жазушы, 1986.
179. Этнопсихология және этнопедагогика (Ұлттық тәлім-тәрбие). IV жинақ. - Алматы: Дайк-пресс, 1997.
180. Шаймерденова К. Педагогические взгляды Абая Құнанбаева. - Алма-Ата: Рауан, 1991.
181. Бержанов Қ., Сейталиев Қ. Ауыз әдебиетіндегі адамгершілік тәрбие мәселелері. - Қазақстан мектебі, 1970, (2).
182. Мадия И.Б. Қазақстанда совет дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірдің дамуы. - Алматы: Мектеп, 1979.
183. Тайжанов А. Педагогические взгляды М. Ауэзова. - Алма-Ата: Рауан, 1990.
184. Әуезов М. Әдебиет теориясы. - Алматы: Ана тілі, 1991.
185. Қазақ мектептері мен мектепке дейінгі мекемелерінде имандылық-эстетикалық тәрбие берудің кешенді бағдарламасы. - Алматы: РБК, 1990.
186. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. - Алматы: Қазақстан, 1995.
187. Наурызбаев Ж., Жарықбаев Қ. Қазақтың ұлттық тәлім-тәрбие атауларының қысқаша түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1993.
188. Образование на пороге XXI века: проблемы и перспективы. Материалы Международной научно-методической конференции. Том II. - Тараз : ТарГУ, 1998.
189. Сейтешев А.П. Некоторые актуальные вопросы национального непрерывного образования. В кн.: Проблемы национального непрерывного образования. - Алматы, 1994.
190. Елікбаев Н. Ұлттық психология. - Алматы: Қазақ университеті, 1992.
191. Жүкеш Қ. Ұлттық психологияның сипаты. - Алматы: РБК, 1993.
192. Сембаев Ә. Қазақ совет мектебінің тарихы. - Алматы: Мектеп, 1967.
193. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. - Алматы : Ғылым, 1998.
194. Жұбанов А.Қ. Қазақ халқының музыкалық мәдениеті. - Алматы: Өнер, 1986.
195. Хофман Ф. Мудрость воспитания. Педагогика. Педагогика: очерки развития педагогической теории. Пер. с нем. - М.: Педагогика, 1979.

**1 тарау. Қазақ мектептері мұғалімдерінің оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлығының жайы**

- 1.1 Қазақтың ұлттық мектебін жасау қажеттігі және оқушыларға ұлттық тәрбие берудің жайы..... 5
- 1.2 Республиканың қазақ мектептері мұғалімдерін ұлттық тәрбиеге даярлаудың жайы және оны жақсарту жолдары..... 12

**2 тарау. Қазақ мектептері мұғалімдерін оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың әдістемесі**

- 2.1 Мұғалімдерді арнайы “Ұлттық тәлім-тәрбие” бағдарламасы бойынша дайындау..... 21
- 2.2 Мұғалімдердің этнопедагогикалық білімдері деңгейлерін анықтау..... 49
- 2.3 Мұғалімдердің оқушыларға ұлттық тәрбие беру бойынша іс-тәжірибелерін жинақтау, қорыту және тарату..... 52
- 2.4 Мұғалімдердің оқушыларға ұлттық тәрбие беру бойынша озық іс-тәжірибелері..... 67
- Қорытынды..... 104
- Мұғалімдерге қажетті әдебиеттер..... 107

**Қалдыбек Бөлеев, Ләззат Қалдыбекқызы Бөлеева**  
**МҰҒАЛІМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ**  
 (Қазақ тілінде)

**“Нұрлы Әлем” баспасының директоры**  
**Жарылқасын ДӘУЛЕТ**

Редакторы - Сая Құсайынова  
 Компьютер бөлімінің жетекшісі - Раушан Молдабекова  
 Корректоры - Несіпбай Кәшеров  
 Тех. ред.- Мұрат Қасымов

Теруге 25.05.2000 ж. Басуға 20.06.2000 ж. қол қойылды. Қалпы 84 x 108  
 1/16. Қағазы офсеттік № 1. Қаріп түрі “ТАЙМС”. Офсеттік басылыс. Баспа  
 табағы 7,5. Таралымы 500 дана. Тапсырыс №23.

**Келісімді баға.**

«НҰРЛЫ ӘЛЕМ» баспасының телефоны:  
 Алматы 8 - (327-2) 26 30 10